# Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі қылмыстық-атқару жүйесінің кейбір мәселелері туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2012 жылғы 29 наурыздағы № 182 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 8 мамырда № 7630 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2017 жылғы 26 шілдедегі № 113 қбпү бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 26.07.2017 № 113 қбпү бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексіне және "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 14.08.2014 № 510 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

2) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 20.08.2014 № 535 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

3) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 20.08.2014 № 536 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

4) Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 17.11.2014 № 819 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасы;

6) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторларының ішкі тәртіп қағидасы бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 7-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Әділет министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті (Б.М. Бердалин):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді және оны кейіннен ресми жариялауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары генерал-майор А.Ж. Күреңбековке және Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне (Б.М. Бердалин) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-лейтенанты Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде ерекше жағдайлар режимін енгізу қағидасы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2014.08.14 № 510 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
2-қосымша

## Жазаны орындау мекемелеріне, тергеу изоляторларына келу қағидасы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 2014.08.20 № 535 ( қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
3-қосымша

## Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі сотталғандарды қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті және тексеру өндірісін ұйымдастыру қағидасы

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 20.08.2014 № 536 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
4-қосымша

## Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп қағидасы

Ескерту. Қағиданың күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 17.11.2014 № 819 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-т. қараңыз) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
5-қосымша

## Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасы

### 1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғаларға күзет және қадағалауды жүзеге асыру Қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 наурыздағы "Адамдарды қоғамнан уақытша оқшаулауды қамтамасыз ететін арнаулы мекемелерде ұстау тәртібі мен шарттары туралы" Заңының 33-бабына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің (бұдан әрі - Комитет) тергеу изоляторларында ұсталатын тұлғаларға - сотталғандар мен қылмыстар жасағаны үшін күдіктілерге (бұдан әрі - күдіктілер мен айыпталушылар) күзет және қадағалауды жүзеге асырудың тәртібін айқындайды.

2. Тергеу изоляторларын қадағалау және күзету мыналарды:

1) кезекші ауысымның қызмет атқаруын ұйымдастыруды;

2) сыртқы күзетті ұйымдастыруды;

3) ішкі бекеттерде қадағалау мен күзетті ұйымдастыруды;

4) жинақталған бөлімше мен резервтік топтың бақылаушыларының жұмысын ұйымдастыруды;

5) ауысым, кезекшілікті қабылдау-тапсыру бойынша нұсқамалық жүргізуді;

6) режим бөлімшесі жеке құрамының қызметті атқаруын ұйымдастыруды;

7) өткізу режимі барысында қадағалау мен күзетті ұйымдастыруды;

8) күзеттің, дабылдың және байланыстың техникалық құралдарын қолдануды ;

9) қызметтік иттерді пайдалану тәртіптерін;

10) қауіпсіздік шаралары, қол күшін, арнайы құралдарды, газ және атыс қару-жарақтарын қолдану негіздерін;

11) күрделі жағдайларда қадағалау мен күзетті қамтамасыз етуді;

12) күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауды қамтиды.

3. Кезекші ауысымдар мен режимдік бөлімдердің сандық құрамы режимдік корпустардың, күзет орындарының санын, күдіктілердің және айыпталушылардың тәуліктік қозғалысын, айдауыл, тінту және тағы басқалар жөніндегі міндеттерді орындауды ескере отырып, белгіленеді.

4. Тергеу изоляторларының сыртқы және ішкі күзетін, күзетте ұсталатын адамдардың тәртібін қадағалауды қатардағы және кіші басшы құрамдағы адамдар – бақылаушылар жүзеге асырады.

## 2. Күзеттің және қадағалаудың негізгі талаптары

5. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзету мен олардың тәртібін қадағалауды бірін бірі кезекпен ауыстыратын төрт кезекші ауысымдағы жеке құрам тәулік бойы жүзеге асырады. Күдіктілер мен айыпталушыларды серуенге шығаруды, тергеушіге, дәрігерге, кездесуге апаруды және ұстау режимімен байланысты басқа да функцияларды орындауды режим бөлімінің бақылаушылары қамтамасыз етеді.

6. Сыртқы және ішкі күзет бекеттерінің саны мен орналасуы, тергеу изоляторының корпустық бөлімшелерінің саны осы Қағидаға 1-3-қосымшаларға сәйкес нысанда ҚАЖ комитеті аумақтық бөліністерінің (бұдан әрі – аумақтық бөліністер) бастығы бекітетін бекет табельдерімен белгіленеді.

Табельдер үш данада толтырылады: біріншісі – тергеу изоляторында, екіншісі – аумақтық бөліністерде сақталады, үшіншісі – ҚАЖ комитетіне ұсынылады.

7. Корпустық бөлімшелер режимдік корпустар немесе қабаттар бойынша белгіленеді. Олардың саны бір корпустық бөлімшеде 300-ден көп болмайтын күдіктілер мен айыпталушылардың есебінен анықталады. Әрбір корпустық бөлімшеге табельдегі жазба бойынша нөмір беріледі.

8. Табельмен бекітілген ішкі және сыртқы күзет орындары табельдік күзет орындары деп аталады. Нақты жағдайларға байланысты олар табельде көрсетілгендей бір ауысымды, екі ауысымды немесе үш ауысымды, тәуліктік болуы мүмкін, ол табельде көрсетіледі. Ішкі және сыртқы күзет орындарының әрбір табельдік бекетке табельдегі жазба бойынша реттік нөмір беріледі. Табельде әрбір күзет бекеттерін күзетуде нақты не бар екендігі көрсетіледі.

9. Табельдік күзет бекеттерінен басқа тергеу изоляторы бастығының, тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісінің немесе оның орынбасарларының ( бұдан әрі – кезекші, кезекшінің орынбасары) өкімі бойынша қашуға, күзетке шабуыл жасауға не болмаса құқыққа қарсы басқа да әрекеттер жасауға бейім күдіктілер мен айыпталушылар туралы қолда бар деректер негізінде бір немесе бірнеше камераларға бақылауды күшейту үшін қосымша (уақытша) күзет орындары қойылуы мүмкін.

10. Сыртқы күзет орындары:

1) мұнарадағы күзет орындарында тәулік бойы;

2) нарядтың жолында;

3) негізгі қақпаларда;

4) қосалқы қақпаларда;

5) серуендеу өткізу кезеңінде серуендеу аулаларында (қарусыз) орналастырылады.

Сыртқы күзет орындарындағы бақылаушылар жұмыс істейтін қалыптағы қарулармен:

1) мұнарадағы және наряд соқпағындағы күзет орындары 40 патроны бар автоматпен (20 патроны бар екі магазин);

2) негізгі және қосалқы қақпаларда 16 патроны бар тапаншамен қаруланады. Сыртқы күзет орнына дайындықтан өткен, қарудың материалдық бөлігін және қолдану тәртібін жақсы білетін бақылаушылар қойылады.

11. Ішкі күзет орындары:

1) камераларда, аурухана палаталарында, карцерлерде;

2) оқу-өндірістік шеберханаларында;

3) техникалық құралдарды басқару пультінде орналастырылады.

Ішкі күзет орындарындағы бақылаушылар қызметтерін қарусыз өткереді, міндетті түрде арнайы құралдармен жабдықталады, ал техникалық құралдарды басқару пультінде 16 патроны бар тапаншамен қаруландырылады.

Камералардағы күзет орындары бір күзет орнына 15-тен 20-ға дейінгі аралас немесе қарсы орналасқан камераларды, карцерлерді күзетке алу есебінен қойылады. Карцерлер оқшау орналасқан жағдайда жеке күзет орны қойылады.

12. Күдіктілер мен айыпталушыларға шұғыл медициналық көмек көрсету үшін олар денсаулық сақтау органдарының емдеу мекемелеріне жіберілген жағдайда оны күзету үшін тәуліктік күзет бекеті қойылады.

Бұл күзет бекетіне әр ауысымнан кемінде екі бақылаушыдан бөлінеді, оның біреуі аға бақылаушы болып тағайындалады. Бір бақылаушы өз қызметін тікелей науқас адамның палатасында, ал екіншісі жағдайға байланысты дәлізде, терезе алдында немесе аурухана ғимаратының сыртқы жағындағы басқа орында өткереді.

Ауруханадағы күзет бекетіне тағайындалған бақылаушылар азаматтық киімде болуы, радиостанция алып жүруі және жасырын алып жүретін тапаншамен, арнайы құралдармен қарулануы тиіс.

Егер ауруханаға күдікті немесе айыпталушы әйел орналастырылса, онда күзетуге арналған күзет орнына қарусыз бақылаушы - әйелдер тағайындалады.

Күзет тәртібін анықтау және бақылаушыларға нұсқама өткізу үшін ауруханаға тергеу изоляторы басшыларының бірі келеді.

13. Осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес нысанда кезекші ауысымның қызмет атқаруының кенеттен тексеру кестесі бойынша, осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кезекші ауысымның түнгі уақытта қызмет өткеруін тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасарлары мен аға және орта басшы құрамның басқа да қызметкерлері тексереді, ол тексерушіге тексеру болардан 10-15 сағат бұрын тапсырылады.

Кесте әрбір кезекші ауысымды түнгі сағат екіден таңғы сағат алтыға дейін, айына кем дегенде 4 рет тексеру есебімен жасалады.

Жүргізілген тексерулер және олардың нәтижелері туралы тексерген адам осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес нысанда тергеу изоляторындағы және осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес нысанда корпустық бөлімшедегі кезекшілік кітабына белгі жасайды.

14. Әрбір тергеу изоляторында күзетудің жедел жоспары жасалады, оған мыналар кіреді:

1) сыртқы күзет орындары және ескерту белгілерін беру секторлары мен шекаралары көрсетілген тергеу изоляторы аумағының бас жоспары;

2) ішкі күзет орындары енгізілген режимдік корпустардың әр қабаттық жоспарлары;

3) тергеу изоляторының кесілген макеті;

4) дабыл бойынша және жағдай ушыққан кездегі іс-қимылдар туралы нұсқаулық;

5) дабыл кезінде шұғыл шақыруға жататын қызметкерлердің мекен-жайлары, телефондары және шақыру тәсілдері көрсетілген тізімдері (тізімдер өзгерген жағдайда режим және күзет бөлімімен жаңартылады);

6) төтенше жағдайлар кезінде хабарлауға тиіс лауазымды адамдардың тізімдері енгізіледі. Барлық осы құжаттар (макеттен басқалары) тізбесі бар папкаға тігіліп, кезекшіде сақталады.

## 3. Кезекші ауысымдардың қызмет өткеруін ұйымдастыру тәртібі

15. Күзеттің кезекші ауысымына ауысымның бастығы болып табылатын кезекші басшылық жасайды. Кезекші тікелей тергеу изоляторының бастығына,

оның орынбасарларына бағынады және олар жоқ кезде жауапты лауазымды адам болып табылады.

Әрбір кезекші ауысымға тұрақты нөмір (бірінші ауысым, екінші ауысым және т.б.) беріледі. Ауысым құрамы тұрақты болуы керек. Ауысымға бақылаушылар тергеу изоляторы бастығының бұйрығымен тағайындалады. Бақылаушылар бір ауысымнан екінші ауысымға тек өте қажет жағдайда ғана ауыстырылады.

Бақылаушы бір күзет орнына қатарынан 12 ауысымнан артық қызмет өткермейді, бұдан соң басқа күзет орнына ауыстырылады.

Кезекші ауысым құрамына әйелдер камераларының санына байланысты қажетті мөлшерде бақылаушы-әйелдер тағайындалады. Жалпы дәлізде орналасқан, бестен көп емес әйелдер камерасы бар тергеу изоляторында күзет бақылаушы - ер адамдарға тапсырылуы мүмкін. Әйелдерді тінтуді және санитарлық тазартуға апаруды тек бақылаушы-әйелдер ғана жүзеге асырады.

16. Кезекші ауысымның жұмыс режимі әдетте 8 немесе 12 сағаттық кесте осы Қағидаға 8-қосымшаға сәйкес нысанда белгіленеді.

Жағдай ушыққан кезде бақылаушыларды тергеу изоляторы бастығының өкімімен 5 тәулікке дейінгі мерзімге, ҚАЖК аумақтық бөліністері басшылығының рұқсаты бойынша - бір айға дейінгі мерзімде белгіленген кестеден тыс қызмет өткеруге тартуға рұқсат етіледі.

17. Кезекші ауысымға:

1) сыртқы және ішкі күзет орындарының бақылаушылары;

2) құрама бөлімшелерінің бақылаушылары;

3) резервтегі топтардың бақылаушылары;

4) техникалық құралдарды басқару пультінің операторлары кіреді.

18. Кезекшілікке ауысымды тағайындау тергеу изоляторы бастығының әр тәулік қарсаңындағы, 8 сағаттық кезекшілік кезінде үш ауысымға және 12 сағаттық кезекшілік кезінде екі ауысымға шығарылатын бұйрығымен осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес нысанда жүргізіледі.

Бұйрықта әрбір ауысымның жеке құрамының күзет орындары бойынша орналасуы көрсетіледі. Күзет орындарының саны көп болған жағдайда тергеу изоляторының бастығына ауысымның жеке құрамын осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес нысанда орналастыруға күзет орындары бойынша 6, 12 кезекшілікке дербес орналастыруды бекітуге рұқсат етіледі. Мұндай жағдайда бұйрықта бекітілген орналастыруға сілтеме жасалады. Күзет орындары бойынша бақылаушыларды орналастырудағы барлық өзгерістер ауысымның жеке құрамын орналастырудағы өзгерістер туралы анықтамада осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес нысанда көрсетіледі.

19. Күзет жөніндегі бұйрықта кезекші ауысымдарға және режимдік бөлімге тапсырма көрсетіледі. Уақытша күзет орындары арқылы күзетті күшейту шаралары, сондай-ақ бақылау, тінту, техникалық қарау жүргізілуі тиіс камералардың нөмірлерін қою, күзетті күшейту жөніндегі шаралар және басқа да өкімдер көрсетіледі.

Күзетті күшейту жөніндегі нұсқау нақты болуы тиіс. Күзет жөніндегі бұйрық қызмет бабында пайдалану үшін болып табылады, бір дана ғана шығарылады және күші жойылғанға дейін кезекшіде сақталады, одан кейін арнайы есепке алу бөлімінің бастығына тапсырылады және тергеу изоляторының күзет жөніндегі бұйрықтар ісіне тігіледі.

20. Кезекші өзіне бекітілген ауысымның тікелей бастығы ретінде жауап береді:

1) кәсіби даярлық сапасына, қызметтік тәртіптің жағдайына, ауысым жеке құрамының заңдылықтарды сақтауларына дербес жауап береді;

2) ауысымның жеке құрамымен арнайы және жауынгерлік дайындық жөнінде сабақ өткізеді.

21. Кезекші қызмет өткеру кезінде:

1) күдіктілерді және айыпталушыларды күзетуді, қадағалауды және оқшаулауды, оларды ұстаудың белгіленген заңнамалардың тәртібін сақтауларын ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

2) тергеу изоляторының бастығы және оның орынбасары болмаған кезде ұстау тәртібін өрескел бұзудың, күдіктілердің және айыпталушылардың бағынбаушылықтарының, шабуыл жасаудың, қашудың немесе өзге де төтенше оқиғалардың алдын алу, жолын кесу және жою шараларын қабылдайды;

3) корпус жөніндегі жетекші мен ішкі және сыртқы күзет орындарындағы бақылаушылардың қызмет өткерулерін тікелей өзі, сондай-ақ орынбасары арқылы күндізгі уақытта кемінде екі рет, ал түнгі уақытта кемінде үш рет тексереді;

4) инженерлік-техникалық күзет құралдарының (бұдан әрі – ИТКҚ), белгі беру, байланыс құралдарының, сондай-ақ есіктердің, есіктердегі желдеткіштердің, құлыптардың, торлардың, камералық жабдықтардың ақауларын тез арада жою жөнінде шаралар қолданады;

5) режимдік аумақта баспалдақ, тақтай және шабуыл жасау мен қашу үшін пайдаланылатын басқа да заттарды сақтауға жол бермейді;

6) қарулар, оқ-дәрілер және арнайы құралдарды сақтауды ұйымдастырады және олардың сақталуын қамтамасыз етеді;

7) күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдауды және жіберуді жүзеге асырады, оларды жиналу бөлімшесінің камераларына орналастыруды және жеке тінтуді ұйымдастырады;

8) ауруларға шұғыл көмек көрсету үшін медицина қызметкерлерін шақырады және ауырғандарды емдеу мекемелеріне тасымалдауды қамтамасыз етеді;

9) күдіктілер мен айыпталушыларды жедел бөлім құрастырған камералар бойынша орналастыру жоспарына сәйкес камераларға орналастыруды ұйымдастырады;

10) режимдік бөлімнің күндізгі қызметі жұмыс істемеген кезде күдіктілер мен айыпталушыларды жауап алуға тергеушіге апаруды қамтамасыз етеді;

11) өткізу жүйесі ережелерінің орындалуын бақылайды;

12) карцерге немесе жалғыз адамдық камераға орналастырылған адамдардың жаза өтеу мерзімдерін қадағалайды және оларды уақтылы босатады;

13) медицина қызметкерлерімен бірлесіп тамақтың сапасын және уақтылы дайындалуын бақылайды;

14) тергеу изоляторында өрт қауіпсіздігі ережесінің сақталуын бақылайды.

22. Кезекшіге ішкі және сыртқы күзет орындарының бұйрықпен бекітілген санын өз бетінше азайтуға немесе төтенше жағдайлар тудырған оқиғалар ( күзетке шабуыл жасау көрініс бергенде, қашудың алдын алу кезінде, табиғи апаттың алдын алу кезінде) кезінен басқа кезде олардың тұрған жерін өзгертуге рұқсат етілмейді. Оған осы Қағидалардың 9-тармағында көрсетілген жағдайларда қосымша күзет орындарын белгілеуге рұқсат етіледі. Кезекші күзет орындарының санын азайту немесе қосымша күзет орындарын қойғаны туралы кезекшілік кітабына жазба жасайды және бұл туралы тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына баяндайды.

23. Кезекшіге нарядтан бос бақылаушыларды және басқа қызметкерлерді шұғыл тапсырмаларды орындау үшін қызмет өткеруге шақыртуға және тағайындауға рұқсат етіледі.

24. Кезекшілер кезекші бөлімінде:

1) тергеу изоляторының күзеті бойынша бұйрықтарын;

2) ауысым жеке құрамының дербес орналасуын;

3) ауысым жеке құрамының орналасуының өзгеруі туралы анықтамасын;

4) осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес нысанда кезекші ауысымның жеке құрамының жұмысын есепке алу журналын;

5) осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес нысанда карцерге және бір адамдық камераға орналастырылған адамдарды есепке алу кітабын;

6) осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес нысанда күдіктілер мен айыпталушылардың сандық тексерісінің кітабын;

7) осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес нысанда 5 нысандағы арттехқаруландыру мүлігін беру және қабылдау кітабын;

8) осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес нысанда арнайы кілттерді есепке алу кітабын;

9) осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкес нысанда тергеу изоляторына жеткізілген адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомостін;

10) осы Қағидаға 18-қосымшаға сәйкес нысанда тергеу изоляторынан уақытша кеткен адамдарды есепке алудың тәуліктік ведомостін;

11) осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес нысанда оқшау ұстауға жататын адамдардың тізімі бар ісін;

12) осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес нысанда қозғалыс (келуі, кетуі) туралы әр тәулікке 8-сағаттық кезекшілікте, осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес нысанда 12 сағаттық кезекшілікте анықтама;

13) тергеу изоляторы күзетінің жедел жоспарын;

14) мастикалық мөрді;

15) қару қоймасының қосалқы кілтін;

16) бекеттік қаруларды, арнайы құралдарды;

17) өлім жазасына кесілген және өмірлік бас бостандығынан айырылған сотталғандар ұсталатын түрме үлгісіндегі кілттердің және камералардың екінші құлыптарының қосалқы кілттерін;

18) аппеляциялық шағымдарға арналған мөртабандарды;

19) камера бойынша орналастыру жоспарын;

20) сыртқы шаруашылық жұмыстарға шығаруға жататын сотталғандардың тізімін;

21) тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабын сақтайды және жүргізеді.

Қағидалардың осы тармағында көрсетілген жеке құжаттарды жүргізуді және сақтауды кезекші өзінің орынбасарына тапсыра алады.

25. Кезекшіге ауырып қалудан басқа уақытта ауысым құрамынан біреуді кезекшіліктен босатуға, тергеу изоляторының аумағынан кетуге, қызмет өткеру кезінде ұйықтауға тыйым салынады.

26. Қызмет өткеру кезеңіндегі ауырып қалған жағдайда кезекші тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына баяндайды және одан әрі олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

27. Кезекшінің орынбасары кезекшіге бағынады және ауысымның жеке құрамымен жұмыс бойынша нұсқаулықтарын орындайды және кезекшілікті өткеру уақытында тергеу изоляторын күзету бойынша міндеттерді жүзеге асырады.

Тергеу изоляторында штат бойынша әр ауысымда кезекшінің бірнеше орынбасарлары болады, олардың лауазымдық міндеттерін жұмыстың ерекшелігін ескере отырып, тергеу изоляторының бастығы белгілейді.

28. Корпустық бөлімшені кезекші ауысымның корпус бойынша аға қызметкері басқарады. Корпус бойынша аға қызметкер корпуста кезекші ауысым құрамында қызмет өткереді және кезекші мен оның орынбасарына бағынады.

Оған ішкі күзет орындарының бақылаушылары бағынады. Корпус бойынша аға қызметкерге корпустық бөлімшеде бөлме бөлінеді, оған:

1) ішкі телефон байланысы және кезекшімен тікелей байланыс аппараттары;

2) камералары бар біржақты байланыс жасайтын дауыс ұлғайтқыш аппараттары;

3) күзет-дабыл белгілерін беретін түйме;

4) құжаттарды сақтауға арналған металл шкаф орналастырылады.

29. Корпус бойынша аға қызметкер:

1) күзет орнына бақылаушылардың өздеріне бекітілген корпустық бөлімшеде қызмет атқаруларын тексереді, дабыл кезінде дереу белгі түскен күзет орындарына келеді;

2) корпустық бөлімшеге келгендерді қабылдайды және оларды кезекшінің нұсқауына сәйкес камераларға орналастырады. Қамаудағы адам орналасуға тиіс орынды (төсекті) жеке көрсетеді және оны тиісті төсек жабдықтарымен, жеке басқа қажетті заттармен қамтамасыз етеді;

3) осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес нысанда орын ауыстыру талоны немесе осы Қағидаға 23-қосымшаға сәйкес нысанда орын ауыстыру тізімі негізінде күдіктілер мен айыпталушыларды басқа камераға ауыстыруды жүргізеді;

4) осы Қағидаға 24-қосымшаға сәйкес нысанда камералық картотека бойынша күдіктілер мен айыпталушылардың есебін жүргізеді, камералық карточкаға бір камерадан екінші камераға ауыстыру туралы мәлімет берілгені туралы немесе қайтарылған мүлік туралы барлық қажетті жазбаларды жүргізеді;

5) ішкі тәртіп ережесінің сақталуын, уақытында ұйқыдан тұруды, ұйқыға жатуды, тамақ таратуды қадағалайды, күдіктілер мен айыпталушылар арасындағы тәртіпті қадағалау шараларын қолданады, байқалған тәртіп бұзушылықтарды дереу жояды және олардың тарапынан болған заңсыз қауіпті әрекеттердің жолын кеседі;

6) кезекшіге күдіктілердің, айыпталушылардың кенеттен ауырып қалғаны, шұғыл медициналық көмекті қажет ететіндер туралы баяндайды және медициналық бөлімді хабардар етеді;

7) камералар бойынша кезекшілерді тағайындайды және корпустық бөлімшелерде тазалық сақтауды қамтамасыз етеді;

8) белгіленген тәртіппен киімдердің ұсақ-түйек жөндеу жұмыстары үшін камераларға инелер, жіптер және қайшыларды бақылаумен береді және қайтарылуын қамтамасыз етеді;

9) тергеу изоляторынан кететін адамдарды шығарушы бақылаушыларға тапсырады;

10) жазбаша арыздар мен шағымдарды қабылдайды және оларды кезекшіге тапсырады;

11) күдіктілер мен айыпталушылар босатылған кезде олардың есебіндегі мүліктік заттарды беруді бақылайды, жетпеген немесе бүлінген заттар туралы кезекшіге баяндайды;

12) ұйқыға жатқаннан кейін ішкі күзет орындарының бақылаушыларынан камералардың кілттерін алады және оларды күдіктілер мен айыпталушылардың таңғы ұйқыдан тұруына дейін металл шкафтарда сақтайды немесе кезекшінің сақтауына тапсырады;

13) күдіктілер мен айыпталушыларды серуендеуге, санитарлық тазартуға шығуларын, камераларға техникалық қарау, жоспарлы және жоспардан тыс тінту жүргізілуін бақылайды.

30. Корпус бойынша аға қызметкерге өзінің корпустық бөлімшесін қалдыруына тек қажет жағдайларда кезекшінің рұқсаты бойынша рұқсат етіледі.

31. Ауырып қалған жағдайда корпус бойынша аға қызметкер бұл туралы кезекшіге баяндайды және оның тиісті нұсқауы бойынша әрекет етеді.

32. Әр кезекші ауысымда бақылаушылар ішінен тергеу изоляторы бастығының бұйрығымен резерв тобының аға қызметкері тағайындалады, ол тікелей кезекшіге және оның орынбасарына бағынады және олардың нұсқауы бойынша әрекет етеді.

Резерв тобының аға қызметкері:

1) резерв тобын басқарады;

2) қарумен қызмет өткереді;

3) күзетке шабуыл жасаудың, қашудың және басқа да қауіпті іс-қимылдардың жолын кесу үшін кезекшінің бөлмесінде үнемі дайын отырады;

4) алдын ала белгі беру шебінен белгі келіп түскен кезде, дабыл жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес әрекет етеді;

5) кейбір ауысымдарда ғана кезекшінің орынбасары бар тергеу изоляторында ауысымды жұмысқа бөлуге дайындайды;

6) кезекшілікті қабылдау кезінде сыртқы күзет орындарының бақылаушыларын күзет орындарына таратады. Оларды алмастыруды және ауыстыруды қамтамасыз етеді;

7) сыртқы күзет орындарының жабдықтарын (қашуға қарсы ескерту белгілерін беретін байланыс, өртке қарсы құрал-саймандар және т.б.) тексеруге қатысады.

33. Күзет орындарындағы бақылаушылар тергеу изоляторының бастығына, оның орынбасарларына, кезекшіге және оның орынбасарларына, корпус бойынша аға қызметкерлеріне (ішкі күзет орындары), резерв тобының аға қызметкерлеріне (сыртқы күзет орындары) бағынады және олардың бұйрықтарын орындайды.

34. Күзетке кірісер алдында бақылаушы күзет бекетіндегі күзет жабдықтарының: камералардың есігін, құлыптарды, жарық түсіргіштерді, белгі беру және байланыс құралдарын, өртке қарсы жабдықтарды және мүліктерді мұқият тексеруі және олардың ақаусыз екеніне көз жеткізуі, сонымен қатар осы құжаттарды қарастыратын күзет нұсқаулықтары мен рұқсат қағаздарының үлгілерін, қабылдап алуы тиіс.

35. Күзет орнындағы бақылаушы жалпы дабыл кезінде өзіне жүктелген міндеттерге, дабыл кезіндегі іс-әрекеті туралы нұсқаулықпен және өзі бағынатын бастықтардың нұсқауларына сәйкес әрекет етеді.

36. Күзет орнындағы бақылаушыға: оқуға, отыруға (ішкі күзет орнында камера алдында және сыртқы күзет орнында), ұйықтауға, бөгде адамдармен сөйлесуге, қандай да бір затты сақтауға қабылдауға немесе бір затты бір камерадан екінші камераға беруге, күдіктілер мен айыпталушыларды және күзетудегі нысанды үзіліссіз бақылаудан басқа жайларға алаңдауға тыйым салынады.

## 4. Сыртқы күзетті ұйымдастыру тәртібі

37. Бақылау өткізу пунктіндегі (бұдан әрі – БӨП) күзет орны шлюзге жанасып тұрған бөлмеге орналастырылады. Бұл күзет орны күзетте тұрған бақылаушыға басқа адамдарға қол жетімділік мүмкіндігі шектеулі етіп қоршалуы тиіс.

БӨП-ке көшеден және режимдік аймақтан немесе әкімшілік ғимараттан кіретін есік "көзі" бар есіктегі тереземен және күзет орнындағы бақылаушылар басқарып отыратын электромеханикалық құлыппен жабдықталады. Шлюздің қақпасы электрлік (механикалық) тартпаның көмегімен ашылады және жабылады.

Бас қақпаның құлпына, БӨП және бақылаушының күзет орнының есігіне басқа үй-жайлардың құлыптарының кілттері сәйкес келмеуі тиіс. Бұл кілттердің барлығының екі данасы ғана сақталады: біріншісі күзет орнындағы бақылаушыда , екіншісі - кезекшіде.

38. БӨП-тің күзет бекетінде:

1) екі жақты дабыл белгісін беретін күзет-дабыл және кезекшінің бөлмесімен немесе оператордың бөлмесімен телефон байланысының аппараттары, сондай-ақ сырттан келетін белгіні қабылдауға арналған қоңырау;

2) қуыс бұрғымен әкелінетін және алып шығарылатын жүктерді тексеруге арналған басқа да құралдар;

3) тергеу изоляторына кіруге және шығуға қолданылып жүрген рұқсат қағазының үлгілері;

4) азаматтардың кіру және шығу тәртібі туралы күзет орнының нұсқаулығы, айдауылдың, көліктің рұқсат қағаздары;

5) осы Қағидаға 25-қосымшаға сәйкес нысанда күдіктілер мен айыпталушылардың бас қақпа арқылы қозғалысын есепке алу ведомості;

6) стол немесе тумбочка болуы керек. Қолданылып жүрген рұқсат қағаздарының үлгілері күзет орнындағы бақылаушының көріп отыруы үшін ыңғайлы жағдайда қабырғада жабдықталған жәшік-сөреде сақталады. Жәшік-сөре құлыппен жабылады, мөр басылады және пломба салынады және пердесі болуы қажет.

39. БӨП күзет орнының бақылаушысы:

1) бас қақпа арқылы қашуға және тергеу изоляторына кіруге құқы жоқ адамдардың кіруіне жол бермейді;

2) қақпаны және кіретін есікті үнемі құлыпқа жауып ұстауға, ал олардың кілттерін өзінде сақтауға;

3) лауазымды адамдардың, қызметкерлерді, келушілерді, айдауылдарды, айдауылсыз жүретін сотталғандарды және көліктерді тергеу изоляторынан осы Қағидалармен белгіленетін тәртіп бойынша шығаруға және кіргізуге міндетті.

40. Бақылаушы тергеу изоляторындағы өткізу режимінің талаптарын қатаң орындайды. Ол кірген (шыққан) адамның түрін көруі және қызметтік куәлігін, жеке бас куәлігін немесе рұқсат қағазын мұқият тексеруі тиіс.

Егер БӨП күзет орнындағы бақылаушы басқарып отыратын электрлік және механикалық құлыптармен жабдықталмаса, онда кіретін есікті ашпас бұрын және кіретін адамды тергеу изоляторына (түрмеге) жібермес бұрын бақылаушы есіктегі терезе көзін ашып, жеке бас куәлігін немесе рұқсат қағазын қабылдайды. Сонымен бірге бақылаушы:

1) рұқсат қағазын күзет бекетіндегі үлгімен салыстыруға;

2) рұқсат қағазы мерзімінің өтпегенін, рұқсат қағаздарының фотографиялық карточкаларының оларды көрсетушісімен сәйкес келуін, шыққан кезде біржолғы рұқсат қағазында оны қабылдаған адамның белгісі болуын бақылауға;

3) құжатының дұрыстығы күдік келтіретін адам туралы телефонмен кезекшіге баяндауға және ол нұсқау бойынша әрекет етуге;

4) тергеу изоляторынан босатылған адамның сырт әлпетін босатылғаны туралы анықтамадағы суретімен салыстыруға;

5) айдауылды шығарар кезде айыпталушылар мен күдіктілер санын рұқсат қағазында көрсетілген санмен салыстыруға;

6) кіретін немесе шығатын көліктерді шығарылатын немесе кіргізілетін жүкті қуыс бұрғының және басқада құралдардың көмегін пайдалана отырып, мұқият тексеру жүргізуге. Жүгі бар көлікті осы жүкке берілген рұқсат қағазын көрсеткен кезде шығаруға;

7) шаруашылық қызмет ету бойынша жұмыс істеп жүрген сотталғандарды алып жүрген айдауылдарды шығарған кезде осы Қағидаға 26-қосымшаға сәйкес нысанда "С" нысанды рұқсат қағазында көрсетілген санмен салыстыруға және тегі бойынша тексеру жүргізуге міндетті.

41. Қосалқы қақпаларды күзетуге арналған күзет бекеті олардың мақсатына байланысты жабдықталады. Бұл қақпалардың құлыптарында тек екі кілт қана: оның біреуі бақылаушыда және екіншісі кезекшіде болуы тиіс. Басқа үй-жайлардың құлыптарының кілті бұл құлыптарға сәйкес келмеуі керек.

42. Қосалқы қақпадағы күзет бекетінің бақылаушысы өз міндеттерін күзет орнының нұсқаулығына сәйкес осы Қағидалардың 39, 40-тармақтарын басшылыққа ала отырып, орындайды.

43. Тергеу изоляторының периметрі бойынша сыртқы жағынан күзетуді тәулік бойы мұнарадағы күзет орнының каруланған бақылаушылары жүзеге асырады. Мұнаралар олардың саны аз болған жағдайда барлық периметрдің сыртқы жағын күзетуді қамтамасыз ететіндей есеппен орнатылады. Мұнарадағы күзет орындары осы Қағидаға 27-қосымшаға сәйкес нысанда жабдықталады.

44. Мұнарадағы күзет орнындағы бақылаушының күзетуіне мұнараның әр жағынан ұзындығы 150 метрге дейінгі периметр бойынша аумақ тапсырылады.

45. Мұнарадағы күзет орнындағы бақылаушыда:

1) күзет-дабыл белгілерін хабарлағыш және кезекшімен байланыс жасауға арналған телефон аппараты;

2) полицейлік үлгідегі ысқырық болуы қажет.

46. Мұнарадағы күзет орнындағы бақылаушы:

1) ауыстырылғанша немесе кезекшіліктен алынғанша күзет бекетін тастап кетпеуге;

2) негізгі қоршау арқылы қашуға және тергеу изоляторына бөгде адамдардың енуіне жол бермеуге;

3) оқталған қару ұстауға, мұнымен бірге патронды патрон салғышқа салмайды. Қаруды қолынан шығармауы және оны тіптен өзі бағынатын адамдарды қосқанда ешкімге бермеуге тиіс;

4) резерв тобының аға қызметкерінен, кезекшіден, оның орынбасарларынан және олар ілестіріп жүретін адамдардан басқа ешкімді күзет орнына кіргізбеуге;

5) күзет орнына жақындаған адамды: "Тоқта! Кім келеді?" деген қатаң дауыспен тоқтатуға міндетті. Жауап: "Резерв тобының аға қызметкері, кезекші, оның орынбасары" болғанда, оған күзет орнына жақындауға рұқсат береді. Егер адам бөгде болса, бақылаушы оны ұстау үшін дабыл белгісін беруге;

6) бөгде адамдармен сөйлеспеуге және олардың сұрақтарына жауап бермеуге;

7) қашуға қарсы алдын ала белгі беретін аппараттардың ақауы туралы кезекшіге баяндауға міндетті.

47. Мұнарадағы күзет орнындағы бақылаушы қаруды осы Қағидалардың 179 және 180-тармақтарында белгіленген тәртіппен қолданады.

48. Мұнарадағы күзет орнындағы бақылаушы өзінің назарындағы аумақтағы жағдайлардың барлық өзгерістері туралы (режимдік корпустардың қабырғаларының, шатырларының, терезелерінің бүлінуі туралы), сондай-ақ негізгі қоршаудың сыртқы жағынан жақын жерлердегі барлық күдікті адамдар мен автокөліктер туралы баяндауға тиіс. Күдіктілер мен айыпталушылар қызметкерлерге шабуыл жасаған, сондай-ақ төбелескен, қашуға тырысқан жағдайларда дабыл белгісін береді.

49. Тергеу изоляторында мұнарадағы күзет орындарының бақылаушысы периметрдің сенімді күзетін қамтамасыз ететін мүмкіндігі болмаса, негізгі қоршау мен белгі беру шекарасының арасында наряд жолындағы күзет орнына қаруланған бақылаушы қойылады.

50. Наряд жолындағы күзет орнының бақылаушысында:

1) маусымға байланысты күзет киімдері;

2) бақылаушымен немесе оператормен байланыстыратын радиобайланыс аппараты;

3) электр шамы (түнгі уақытта);

4) ішкі телефон жүйесіне қосуға арналған телефон трубкасы;

5) полицейлік үлгідегі ысқырық;

6) өзімен бірге арнайы құралдар болуы қажет.

51. Наряд жолындағы күзет орнындағы бақылаушы осы Қағидалардың 46-48-тармақтарында көрсетілген міндеттерді орындайды.

52. Қажет жағдайда түнгі уақытта режимдік аймақты айналып шығу үшін қарусыз бақылаушы қойылуы мүмкін. Оның міндеттерін осы Қағидалардың 48-тармағының талаптарына және жергілікті жағдайға қарай тергеу изоляторының басшылығы анықтайды.

## 5. Ішкі күзет орындарындағы күзет пен қадағалауды ұйымдастыру тәртібі

53. Камералар алдындағы ішкі күзет орнының бақылаушысында:

1) күзетілетін камераның кілті (күндізгі уақытта);

2) бақылаушының қолы жетуі үшін ыңғайлы жерге орналастырылған күзет-дабыл белгілерін хабарлағыш;

3) кезекшінің бөлмесімен тікелей байланыс жасауға арналған телефон аппараты;

4) өртке қарсы қолданылатын құралдар мен құрал-саймандар;

5) қабырғаға орнатылған тиекті шкаф болуы керек. Камера алдындағы әрбір күзет орнында осы Қағидаға 28-қосымшаға сәйкес нысанда күзет орнының ведомості жүргізіледі;

6) тікелей өзімен бірге арнайы құралдар (кісендер, резеңке таяқ, аэрозоль орамдары) болуы керек.

54. Камера алдындағы ішкі күзет орнының бақылаушысы:

1) өзі күзетіп отырған камерадан қашудың алдын алуға және басқа да төтенше қылмыстардың жолын кесуге бағытталған шаралар қабылдауға;

2) күдіктілер мен айыпталушылардың режим және ішкі тәртіп ережелерін орындауларын бақылауға міндетті. Барлық байқалған тәртіп бұзушылықтар туралы корпус бойынша аға қызметкерге немесе кезекшіге баяндауға;

3) камераның есігін әр ашқан сайын "көзше" арқылы камераға кірудің қауіпсіздігіне көз жеткізуге;

4) күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан серуендеуге немесе санитарлық тазалықтан өткізуге алып шыққан кезде оларды айдауылдарға санап тапсыруға және олардан санап қабылдауға, оны күзет орнының ведомостіне жазуға;

5) түнгі уақытта барлық күзеттегі камераларда жарық болуын қадағалауға;

6) әртүрлі камераларда ұсталушы күдіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ шаруашылық қызметін көрсету жұмыстарына қалдырылған сотталғандармен және басқа адамдармен байланысына жол бермеуге;

7) камерадан шақырту келіп түскен жағдайда оның себебін анықтауға міндетті.

55. Камерада ұсталушы адамдардың мінез-құлқын бақылауды бақылаушы " көзше" арқылы күдіктілер мен айыпталушылардың күдік тудыратын мінез-құлқына назар аудара отырып, ешбір шусыз жүзеге асырады.

56. Бақылаушы күдіктілер мен айыпталушылардың шағымын қабылдамайды және оған олармен қызметтік міндеттерді орындауға қатысы жоқ жайлар туралы сөйлесуге тыйым салынады.

Егер күдікті және айыпталушы өтініш жасаса немесе жедел шағым жасағысы келсе, онда бақылаушы бұл туралы корпус бойынша аға қызметкерге хабарлайды .

Камерадан жазба хат лақтырған немесе берген кезде бақылаушы оларды дереу корпус бойынша аға қызметкерге немесе кезекшіге береді.

57. Қашуға әрекеттенуді немесе қашуды байқаған кезде бақылаушы дабыл белгісін береді және күзет бекетін қалдырмай, олардың жолын кесу шараларын қолданады.

58. Камерада тәртіпсіздік, төбелес, бағынбаушылық немесе күдікті әрекеттер болған жағдайда бақылаушы бұл әрекеттерді тоқтатуды талап етеді және дереу корпус бойынша аға қызметкерге баяндап, дабыл белгісін береді.

59. Камерада немесе режимдік корпуста өрт болған кезде бақылаушы:

1) дабыл белгісін береді;

2) қолда бар өрт сөндіргіш құралдармен өртті өшіру шараларын қолданады. Тікелей камерада жанған кезде бақылаушы дабыл белгісін бергеннен кейін есіктегі терезені ашады және камераға өрт сөндіргіш құралдарды береді және көмектің келуін күтеді.

60. Өзін-өзі өлтіру немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттенуі кезінде бақылаушы дабыл белгісін береді. Егер бұл жалпы камерада болса, онда ол есіктегі терезе арқылы камерадағы адамдарға өзін өзі өлтірудің алдын алуды және зардап шегушіге көмек көрсетуді талап етеді.

Өзін-өзі өлтірген немесе өзін-өзі өлтіруге әрекет еткен кезде бақылаушы тез арада дабыл сигналын береді. Тікелей камерада өрт болған жағдайда бақылаушы дабыл сигналын бергеннен кейін желдеткішті ашады және камераға өрт сөндіру құралдарын береді және көмек келгенше күтеді.

61. Камера алдындағы ішкі күзет орнының бақылаушысы режимдік корпусқа немесе дәлізге кіретін есіктердің кілтін ұстауға, сондай-ақ жалғыз өзі камераларды ашуға және оған кіруге рұқсат етілмейді.

Тамақ ішетін уақытында бақылаушыны бақылаушысы алмастырады.

62. Бақылаушыға тамақ, ыстық су, кітап таратуға, сондай-ақ камерадан камераға әртүрлі заттар, хаттар беруге және өзінің тікелей міндетін орындаумен байланысты емес басқа әрекеттерді жүзеге асыруға рұқсат етілмейді.

Күдіктілер мен айыпталушыларға камераларына сәлемдемелерді, тамақ, дәрі-дәрмектерді, кітаптарды, ларектен сатып алынған заттарды және т.б. беруді есіктегі терезе арқылы тиісті қызметкерлер жүргізеді.

63. Камераларды әкімшілік, медицина қызметкерлері және нұсқаушылар аралаған кезде, олардың жанында камера алдындағы ішкі күзет орнының бақылаушысы есікті ашқаннан кейін, камераға бірінші болып кіретін корпус бойынша аға қызметкер немесе арнайы бөлінген бақылаушы ілесіп жүреді.

Камера алдындағы күзет орнының бақылаушысына аралап жүрген адаммен бірге камераға кіруге тыйым салынады.

64. Камераларға кіру барлық қауіпсіздік шараларын сақтай отырып жүргізіледі.

Камераның есігін ашпас бұрын камера алдындағы ішкі күзет орнының бақылаушысы есіктегі терезе арқылы күдіктілер мен айыпталушыларға есікке қарама-қарсы қабырғаға және кіретін есіктен екі метрден алыс жерге сапқа тұруды талап етеді.

Камераны ашу кезінде ол есікті иығымен тіреп тұрып жартылай ашады да, камерада ұсталынушы адамдардың мінез-құлқын мұқият бақылайды. Камераларды ашуға кем дегенде үш адам, ал түнгі уақытта камера алдындағы күзет орнының бақылаушысын қосқанда төрт адам қатысулары керек.

65. Күдіктілер мен айыпталушыларды басқа камераларға ауыстыру үшін орын ауыстырудың сипатына байланысты оларды бір-бірден немесе тобымен, немесе камерадағы барлық құрамымен, корпус бойынша аға қызметкердің қатысуымен, орын ауыстыру туралы талон немесе орын ауыстыру тізімі негізінде шығарады.

66. Күдіктілер мен айыпталушыларды корпустық бөлімшенің шегінде орналасқан дәрігердің қызмет бөлмесіне қабылдау корпус бойынша аға қызметкердің немесе резервтегі бақылаушының қатысуымен жүргізіледі.

67. осы Қағидаға 29-қосымшаға сәйкес нысанда күдіктілерді және айыпталушыларды камералардан тергеу изоляторынан жөнелтуге байланысты, медициналық бөлімге, фотодактилоскопистке, басшылыққа, туыстарымен кездесуге шығару талонының негізінде, ал осы Қағидаға 30-қосымшаға сәйкес нысанда тергеушіге жауап алуға апаруға, қорғаушымен кездесуге шығару-шақыру талоны негізінде, шығарушы бақылаушының қатысуымен жүзеге асырылады.

68. Дәрігерге амбулаториялық қабылдауға, санитарлық тазалықтан өткізу үшін, серуенге шығару кезінде күдіктілер мен айыпталушыларды шығарудың мақсаты ескертіледі. Барлық қалған жағдайларда шығару және шақыру мақсаты оларға хабарланбайды, тек олардың қалай киінуіне және өздерімен бірге нені алуларына нұсқау беріледі.

Күдіктілер мен айыпталушыларды алдағы жіберу немесе тергеу изоляторынан босатылу туралы алдын ала ескертуге тыйым салынады.

69. Күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығару бір-бірден немесе екі-екіден қатарға тұрғызу арқылы жүзеге асырылады, ол кезде айыпталушы бақылаушы камераның есігіне қырынан тұрады.

70. Күзет орны орналасқан жерде күзет бекеті арқылы өтуге құқығы жоқ адам пайда болған жағдайда, бақылаушы оларды ұстайды және корпус бойынша аға қызметкерге хабарлайды.

71. Күзет орнына бастықтар және тергеу изоляторын тексеруші адамдар келген кезде бақылаушы баянат бермейді, тек өзін таныстырады (мысалы, полковник мырза, күзет бекетінің бақылаушысы, сержант Ахметов").

72. Денсаулық сақтау жүйесіндегі емдеу мекемесіне бекітілген күзет орнының бақылаушысы тергеу изоляторы бастығының, оның орынбасарының, кезекшінің және оның орынбасарының бұйрықтарын орындаудан басқа,

сондай-ақ дәрігерлердің және аурухана қызметкерлерінің емдеу шараларын жүргізу үшін науқастың орнын ауыстыруға қатысты нұсқауларын да орындайды.

73. Күзет бекетінің бақылаушысы ауруханада:

1) науқасқа тұрақты бақылауды қамтамасыз етеді және қашудың алдын алу шараларын қабылдайды;

2) оған туысқандарын немесе бөгде адамдарды жібермейді, сондай-ақ басқа науқастармен және оны емдеуге қатысы жоқ аурухана қызметкерлерімен қарым-қатынас жасауына жол бермейді;

3) науқасты дәретханаға шығарғанда, дәрігерге барғанда оның қызмет кабинетіне дейін ілесіп жүреді, ал содан соң дәрігердің нұсқауына сәйкес әрекет етеді: онымен бірге кабинетке кіреді немесе оны дәлізге шығар жерде күтеді;

4) күзет орнынан ауысарда кезекшіге қызмет өткеру нәтижесін және күзет бекетін тапсырғаны туралы баяндайды.

## 6. Құрама бөлімшелер мен резерв топтары бақылаушыларының жұмысын ұйымдастыру тәртібі

74. Әрбір ауысым үшін құрама бөлімшелердің бақылаушылар топтарының сандық құрамы күдіктілер мен айыпталушылардың тәулік сайынғы қозғалыс көлеміне (келулері және кетулері) қарай анықталады.

Тәуліктік қозғалыс көп емес тергеу изоляторларында құрама бөлімшелердің бақылаушылар тобы бөлінбейді, ал олардың функцияларын резерв тобының бақылаушылары атқарады.

75. Құрама бөлімшелердің бақылаушылары тобының басшылығына топтың аға бақылаушысы тағайындалады.

76. Құрама бөлімшелердің бақылаушылар тобы күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және жөнелтуге байланысты барлық жұмыстарды атқарады.

Құрама бөлімшелер тобының бақылаушылары:

1) осы Қағидаға 31-қосымшаға сәйкес нысанда келген күдіктілер мен айыпталушыларға тінту жүргізеді және жеке тінту хаттамасын толтырады;

2) күдіктілер мен айыпталушылардың ақшаларын, бағалы қағаздарын және заттарын алуға акт жасайды;

3) осы Қағидаға 32-қосымшаға сәйкес нысанда келгендерге бастапқы құжаттар ресімдеуді жүргізеді. Оның ішінде анықтама карточкасын және камералық карточканы толтырады;

4) күдіктілер және айыпталушыларды құрама бөлімшеден дәрігерге медициналық қаралудан және санитарлық тазалаудан өткізуге шығаруды қамтамасыз етеді;

5) орналастыру жоспарына сәйкес, келген күдіктілер мен айыпталушыларды камера бойынша орналастырады және оларды оқшаулаудың бекітілген тәртібін қамтамасыз етеді;

6) күдіктілер мен айыпталушыларды сотқа жіберуге дайындайды және соттан қайтып оралғандарды қабылдайды;

7) айдауылданатындарды жөнелтуге әзірлейді, олардың жеке басына қажетті заттарын береді, тінту және санитарлық тазалау өткізеді, оларды маусымға сай киімдермен қамтамасыз етеді;

8) осы Қағидалардың көзделген тәртіппен құрама бөлімшелерде ұсталушы күдіктілер мен айыпталушыларды күзетуді жүзеге асырады;

9) камералардың, құрама бөлімшелердің бокстарының техникалық және санитарлық жағдайын бақылайды.

Құрама бөлімшелердің бақылаушылар тобының жұмысы кезекшінің және оның орынбасарының тікелей басшылығымен жүргізіледі.

77. Құрама бөлімшелері топтарының бақылаушылары қажет болған жағдайда резервтік топ құрамында пайдаланылады.

78. Әрбір ауысым құрамына бақылаушылардың резервтік топтары бөлінеді, ол туралы күзет жөніндегі тәуліктік бұйрығында хабарланады және кезекшінің өкімінде болады.

79. Резервтік топтардың бақылаушылары:

1) дабыл жағдайында күзет бақылаушыларына шұғыл көмек көрсетуге;

2) күзет бақылаушыларын тамақ ішкен кезде және басқа да қажетті жағдайларда ауыстыруға;

3) камераларды аралаған кезде медицина қызметкерлеріне ілесіп жүруге;

4) кезекшінің немесе оның орынбасарының нұсқауы бойынша камераларды бақылау, техникалық қарауға қатысуға міндетті.

80. Ерекше жағдайларда (бағынбау, табиғи апат және т.б. кездерінде) күзетті күшейту үшін бақылаушылардан арнайы қаруландырылған резервтік топ құрылуы мүмкін.

Күзет жөніндегі бұйрықта топтың сандық және дербес құрамы, оның әрекет ету мерзімі, қаруланауы, ауысым тәртібі айқындалады және басқа да қажетті нұсқаулықтар беріледі.

## 7. Ауысымдарды бөлу, кезекшілікті қабылдау және тапсыру тәртібі

81. Кезекші және оның орынбасары қызметке ауысым кезекшілікке түсерден 30 минут бұрын келеді. Олар күзет жөніндегі бұйрықпен танысады, содан кейін кезекшінің орынбасары немесе резерв тобының аға қызметкері ауысымды бөлуге дайындайды.

82. Бақылаушылар қызметке алдын ала нысандық киім киіп, сырт келбеті ұқыпты түрде келеді.

Ауысымдарды бөлу әкімшілік корпусының осы мақсат үшін арнайы бөлінген қызмет бөлмесінде өтеді.

83. Кезекші ауысымды кезекшінің орынбасары немесе резерв тобының аға қызметкері бөледі және төмендегідей тәртіппен жүргізіледі:

1) ауысымның жеке құрамын сапқа тұрғызады және олардың сырт келбетін тексереді;

2) бұйрық бойынша (дербес орналастыру) бақылаушылардың қызметке келуін тексереді және жоқ адамдарды белгілейді;

3) кезекші ауысым қызметкерлерінен қызметтік куәліктерін қабылдайды;

4) сырттағы күзет орындарының бақылаушыларына қару және патрондар береді, қарулардың жарамдылығын тексереді.

84. Бөлу үшін кезекші ауысымның жеке құрамы екі қатар сапқа тұрғызылады: оң жақ қанатқа - корпус бойынша аға қызметкерлердің бастауымен ішкі күзет орындарының бақылаушылары, содан соң топ аға қызметкерінің бастауымен құрама бөлімше бақылаушылары, сол қанатқа - сыртқы, күзет орындарының бақылаушылары тұрғызылады.

85. Кезекшіні қарсы алу үшін оның орынбасары немесе резерв тобының аға қызметкері "Сап түзе! Оңға (солға) түзел!" деп команда береді, содан кейін қолын бас киіміне апарып, ауысымның қызмет өткеруге дайындығы, қызметке бөлуге келмеген және кешіккен адамдар туралы баяндайды.

Кезекші баянатты қабылдап, ауысымның жеке құрамымен амандасады, " Еркін тұрыңдар!" деген команда береді және баяндама негізінде жоқ адамдардың орнын ауыстыру үшін шаралар қолданады, жеке өз міндеттерін білулерін және дайындықтарын тексереді, тергеу изоляторының (түрменің) бастығынан алған нұсқауларға сәйкес нұсқама өткізеді, жедел ақпараттарды жеткізеді.

Бақылаушылар қызметке кірісер алдында өткізілетін нұсқама нақты және оларды жауапкершілікті сезіну мен әсіресе, түнгі уақытта күзет орнында қырағы болуға тәрбиелейтін мақсатта болуы керек. Қажет жағдайда осының алдындағы кезекшілікті өткеру кезіндегі кемшіліктерге қысқаша талдау жасалады.

86. Нұсқама аяқталғаннан кейін кезекші құрама бөлімшелердің бақылаушыларына күзет орындарына дербес, ал ішкі күзет орындарының бақылаушыларына корпус бойынша аға қызметкердің басқаруымен баруға бұйрық береді. Кезекші бұдан кейін резерв тобының аға қызметкеріне сыртқы күзет орындарын ауыстыруға бұйрық береді.

87. Қызметке кірісетін ауысымның резерв тобының аға қызметкері сыртқы күзет орнының бақылаушыларына қаруларын оқтауға бұйрық береді.

Автоматтар мен тапаншаларды оқтау және қайта оқсыздандыру қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, резерв тобының аға қызметкерінің немесе кезекшінің, оның орынбасарының тікелей бақылауымен қызметке бөлу бөлмесінде жүргізіледі. Автомат пен тапаншаға магазин орнатылады, бұл кезде патрон салғышқа салынбайды. Бұл уақытқа қарай қызметке бөлуге алдыңғы ауысымның резерв тобының аға қызметкері келеді.

Екі резерв топтарының аға қызметкерлері де сыртқы күзет орындарын қабылдау-тапсыру үшін сыртқы күзет орны бақылаушыларының нарядымен бірге келеді. Күзет орындарын ауыстырғанда нарядтың немесе сыртқы қарулы күзеттің бақылаушысының қозғалысы күдіктілер немесе айыптылар жоқ бағытпен жүргізіледі, немесе осы уақытта олар бағыттан әкетіледі.

88. Қызметке бөлуге тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасары немесе тергеу изоляторын инспекциялайтын адам келген жағдайда кезекші "Тік тұр! Оңға (солға) түзел!" деген команда береді және келген адамға "Майор мырза! Кезекші ауысымды қызметке бөлу жүргізілуде, кезекші аға лейтенант Ахметов" деп баянат береді.

Егер инспекциялайтын адам қызметке бөлуге тергеу изоляторының бастығымен бірге келсе, онда тексерушіге баянат егер оның арнаулы атағы тергеу изоляторының бастығының арнаулы атағымен бірдей немесе арнаулы атағы жоғары болған жағдайда ғана беріледі.

89. Кезекті ауысымды қызметке бөлуден жарты сағат бұрын күдіктілер мен айыпталушыларды тергеушінің қызмет бөлмесіне апарудан басқа барлық қозғалыстар (серуенге шығару, моншаға, дәрігерге апару және т.б.) жаңа ауысым кезекшілікке кіріскен сәтке дейін тоқтатылады.

90. Ішкі күзет орындары төмендегідей тәртіппен ауыстырылады:

1) қызметке кірісетін ауысымның корпус бойынша аға қызметкері күзет орындарының бақылаушыларымен бірге қызметке бөлуден кейін корпус бойынша аға қызметкердің қызмет бөлмесіне келіп, ауысымның келгені туралы хабарлайды;

2) корпус бойынша аға қызметкердің екеуі де қызметке кірісетін бақылаушыларды күзет орындары бойынша бөледі және күзет орындарын қабылдау-тапсыруға кірісуді бұйырады.

Сонымен бірге корпус бойынша аға қызметкер жаңа ауысымның әрбір бақылаушысына күзет ведомостінің бланкісін тапсырады.

91. Бақылаушылардың камера алдындағы күзет орындарын қабылдау-тапсыру қамаудағыларды қабылдаған кезде басталады. Қабылдау болып өткен қозғалыстарды (келу, кету) ескере отырып, соңғы тексеру мәліметтері бойынша жүргізіледі.

Ауысымды тапсыратын және қызметке кірісетін бақылаушылар әрбір камера жөніндегі нәтижелерді жеке өздерінің күзет ведомостінде көрсетеді. Барлық күзетілетін камераларды қабылдау аяқталған соң, жаңа ауысымның камера алдындағы ішкі күзет бақылаушысы одан күдіктілер мен айыптыларды қабылдап алғанда ауысымды тапсырушы бақылаушының күзет ведомостіне қол қояды.

92. Қабылдау кезінде қарау және күзет орнының жабдықтарының белгі беру, байланыс құралдарының, құлыптардың, тиектердің және "көзшелердің" өртке қарсы құралдардың ақаусыздығына тексеру жүргізіледі. Бұдан соң тапсырушы ауысымның бақылаушысы қызметке кірісетін ауысымның бақылаушысына камералардың кілттерін (күндізгі уақытта) тапсырады және күзет орны қабылданды деп есептелінеді.

93. Егер күзет орнын тапсырушы бақылаушының жекелеген күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлықтарына қатысты ескертпелері болса, ол бұл туралы күзетке жаңадан кірісуші бақылаушыға хабарлауға міндетті.

Ауысымды қабылдаушы бақылаушы құлыптардың, тиек құрылғыларының, бақылайтын "көзшелердің", белгі беру аппараттарының анықталған ақаулары және күзет орындарының басқа да кемшіліктері туралы күзет ведомостіне жазады және ол туралы өз ауысымының корпус бойынша аға қызметкеріне баяндайды.

94. Жаңа және бұрынғы ауысымдардың корпус бойынша аға қызметкерлері бақылаушылардың қабылдау-тапсырудан кейін күдіктілер мен айыпталушыларды сан бойынша тексеруді жүргізеді және қабылдау-тапсыру барысында туындаған мәселелерді шешеді.

Сан бойынша тексеру төмендегі тәртіппен өткізіледі:

1) корпус бойынша аға қызметкерлер камераның есігін ашады және барлықтарына бір, екі немесе одан да көп қатарлы сапқа тұруды ұсынады, камераға кіреді және сан бойынша тексереді. Сапқа тұру кезінде саптың шетінен камера есігіне дейін кем дегенде 2 метр қалу тәртібін сақтауы керек;

2) егер ауысым кезекшілікке түнде кірісетін болса, онда аз орындық камераларда санау бойынша тексеру есіктегі терезе арқылы жүргізіледі, ал жалпы камералардағы күдіктілер мен айыпталушылар қозғалысты (күзет ведомостін) есепке ала отырып, соңғы тексеру деректері бойынша қабылданады.

Корпустық бөлімшелер бойынша санау нәтижесі осы Қағидаға 33-қосымшаға сәйкес нысанда тексеру анықтамасына енгізіледі.

95. Бұрынғы ауысымның бақылаушылары күзет орнын тапсырғаннан кейін күзет ведомостін корпус бойынша аға қызметкерге тапсырады және өзінің қызметтік куәлігін (рұқсат қағазын) алады және өз ауысымының кезекшісінің немесе оның орынбасарының рұқсатымен кезекшіліктен кетеді.

96. Бақылаушылардың күзет орнын қабылдау-тапсыруды және күдіктілер мен айыпталушыларды тексеру аяқталған соң корпус бойынша аға қызметкерлердің кезекшілікті қабылдау-тапсыруды төмендегідей тәртіппен жүргізіледі:

1) бұрынғы және жаңа ауысымдардың корпус бойынша аға қызметкерлері корпус бөлімшелері бойынша өткізілген сандық тексеру нәтижелерін камералық картотекадағы деректермен салыстырады және корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабына жазылады;

2) егер уақытша болмаған күдіктілер мен айыпталушылар болса, онда бұл туралы корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабында көрсетіледі;

3) осы Қағидаға 33-қосымшаға сәйкес нысанда күдіктілер мен айыпталушыларды тергеушінің қызмет бөлмесіне шақыру жөніндегі талаптарды бұрынғы ауысымның корпус бойынша аға қызметкері кезекшілікке кірісетін корпус бойынша аға қызметкерге тапсырады;

4) егер қабылдау-тапсыру кезінде күзет орындарында немесе корпустық бөлімшелерде ақаулар анықталса, бұл туралы да корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабында көрсетіледі;

5) бұрынғы ауысымның корпус бойынша аға қызметкері қызметке кірісетін ауысымның корпус бойынша аға қызметкеріне корпустық бөлімшеге немесе режимдік корпусқа кіретін есіктің кілтін және жабдықтарды тапсырады.

Корпус бойынша екі аға қызметкер де корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабына қол қояды және осы сәттен бастап кезекшілік қабылданды деп есептелінеді.

Кезекшілікті қабылдап-тапсырған соң корпус бойынша аға қызметкерлер күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау-тапсыру туралы, корпустық бөлімшелердегі сандық тексерулердің нәтижелері туралы тексеру анықтамасына қол қояды. Бұдан кейін корпус бойынша екі аға қызметкер де өз ауысымдарының кезекшілеріне кезекшілікті қабылдау-тапсыру туралы және табылған ақаулар туралы баяндайды. Тексеру анықтамасын күзет ведомостімен бірге бұрынғы ауысымның корпус бойынша аға қызметкері өз ауысымының кезекшісіне тапсырады.

Тексеру анықтамасы күзет ведомостімен бірге күзет жөніндегі бұйрыққа тігіледі.

97. Егер қабылдау және тапсыру сәтінде камерадан шығарылған күдіктілер мен айыпталушылар құрама бөлімшенің камералары мен бокстарында немесе тергеушінің қызмет бөлмесінде болса, онда оларды қабылдау және тапсыру корпустық бөліністердегі сияқты күзет ведомості бойынша жүргізіледі.

98. Жаңа ауысымның резерв тобының аға қызметкері техникалық күзет құралдарымен басқару пультінде күзетке тұратын бақылаушы-операторға күзет орнын қабылдау-тапсыруға кірісуге нұсқау береді.

Техникалық күзет құралдарымен басқару пультіндегі күзет орнын қабылдау кезінде күзетке кірісетін бақылаушы-оператор ауысатын оператормен бірге басқару пультінің, таратушы қалқанның, жарық беретін құралдардың, автономды қуат көздерінің және басқа да құралдардың дұрыстығын тексереді.

Ешқандай ақау болмаған кезде бақылаушы-оператор қабылдау-тапсыруды өз ауысымдарының резерв топтарының аға қызметкерлеріне күзет орнын қабылдау-тапсыру туралы баяндама жасауымен аяқталады. Сондай-ақ, техникалық күзет құралдарының белгі беру және байланыс құралдарының жұмыстарын есепке алу журналына осы Қағидаға 35-қосымшаға сәйкес нысанда кезекшілікті тапсыру-қабылдау туралы жазылып, күзет орнын тапсырушы және қабылдаушы бақылаушылары, жаңа және бұрынғы ауысымымен резерв топтарының аға қызметкерлері қол қояды.

99. Қызметке кірісетін ауысымның резерв тобының аға қызметкері ауысымды өткізетін ауысымның резерв тобының аға қызметкерімен бірге сыртқы күзет орындарының қарулы бақылаушылар нарядын күзет орындарына бөледі.

Наряд белгіленген бағыт бойынша бір колоннамен қозғалады, бұл кезде бұрынғы ауысымның резерв тобының аға қызметкері колоннаның басында жүреді және барлық команданы береді.

100. Бірінші болып БӨП-тегі күзет орнының бақылаушысы ауыстырылады. Күзет орнын қабылдау және тапсыру кезінде бұрынғы ауысымның бақылаушысы жаңа ауысым бақылаушысына:

1) күзет орнының жабдықтарын, байланыс және белгі беру құралдарын;

2) кіре беріс есіктің және қақпаның кілттерін;

3) күзет орны нұсқаулығын;

4) қолданылып жүрген рұқсат қағаздарының үлгілерін;

5) күзет орнының киімдерін тапсырады.

Күзет бекетін қабылдап және тапсырып болған соң екі бақылаушы да бұл туралы өздерінің резерв тобының аға қызметкеріне: "Күзет бекетін тапсырдым" және "Күзет бекетін қабылдадым" деп баянат береді. Баяндалған сәттен бастап күзет орны тапсырылды және қабылданды деп есептелінеді. Бұрынғы ауысымның резерв тобының аға қызметкері ауысатын бақылаушыға өз бетімен кезекші бөлімге баруды және кезекшіге күзет орнының қаруы мен қолданылған рұқсат қағаздарын өткізуді бұйырады. Бас қақпаның күзет орнында ауысым жүргізілгеннен кейін сыртқы күзет наряды басқа да сыртқы күзет бекетіне бет алады.

101. Мұнарадағы күзет бекетін қабылдаған және тапсырған кезде күзет бекетін тапсырушы қызметке кірісетін бақылаушыға бақылау секторын және қызмет өткеру кезінде өзінің байқағандары туралы хабарлайды.

Бұдан соң күзет бекетінің жабдықтарына тексеру және қарау жүргізіледі. Қызметке кірісуші күзет бекетінің техникалық жағдайының дұрыстығына көз жеткізген соң резерв тобының аға қызметкеріне "Күзет бекетін қабылдадым" деп баяндайды. Күзет бекетін тапсырушы өзінің резерв тобының аға қызметкеріне " Күзет бекетін тапсырдым" деп баяндайды. Осы сәттен бастап күзет бекеті тапсырылды және қабылданды деп есептелінеді.

Тапсырушы бақылаушы мұнарадан шығып, колоннаның сол жақ қанатына тұрады. Резерв тобының аға қызметкері бақылаушыларды осы тәртіппен қабылдау және тапсыру жүргізілетін келесі күзет бекетіне ертіп апарады.

102. Наряд жолындағы күзет бекетін қабылдау және тапсыру кезінде жаңа ауысымның бақылаушысы бұрынғы ауысымның бақылаушысымен бірге, осы ауысымдардың резерв тобының аға қызметкерлерінің қатысуымен инженерлік ғимараттарды және белгі беру шептерін, жарық беретін және байланыс құралдарын тексереді. Күзет бекетінің жабдықтары, байланыс және белгі беруші жабдықтары жұмыс істеп тұрған кезде күзет бекетіне кірісетін және күзет бекетінен ауысатын бақылаушылардың әрқайсысы өздерінің резерв тобының аға қызметкеріне "Күзет бекетін тапсырдым" және "Күзет бекетін қабылдадым" деп баяндайды. Баяндалған сәттен бастап күзет бекеті тапсырылды және қабылданды деп есептелінеді.

103. Қашудың немесе белгі беру және байланыс құралдарының күзет сенімділігіне әсер ететін ақаулары табылған кезде күзет бекетін ауыстыру тоқтатылады, бұл туралы бұдан әрі әрекет ету, күзет бекетін қабылдау және тапсыру тәртібі жөнінде нұсқау алу үшін бұрынғы және жаңа ауысымдардың кезекшілеріне баяндалады.

104. Сыртқы күзет бекеттері дары ауыстырылған соң бұрынғы ауысымның резерв тобының аға қызметкері бақылаушыларды қызметке бөлу бөлмесіне ертіп келіп, оларға каруларын оқсыздандыруды, тазалауды және тапсыруды бұйырады, бұдан соң ауысымды тапсыратын және қабылдайтын ауысымның резерв тобының аға қызметкерлері күзет бекеттерінің ауыстырылғаны, байқалған ақаулар туралы баяндайды.

105. Сыртқы күзет орындарында үзіліссіз қызмет өткеру ұзақтығын ауаның температурасына және метеорологиялық жағдайларға қарай тергеу изоляторының бастығы немесе кезекші белгілейді. Ауыстыруды кезекшінің нұсқауы бойынша резерв топтарының бақылаушылары жүргізеді. Сыртқы күзет бекеттерінен ауысқан бақылаушылар демалыс уақыттарында резерв тобының құрамына кіреді.

106. Денсаулық сақтау емдеу мекемелерінде қызмет өткеру үшін бөлінген бақылаушылар кезекшіге нұсқамаға келеді, каруларын алады және автокөлікпен ауруханаларға жеткізіледі.

Ауыстырылған бақылаушылар тергеу изоляторына жеткізіліп, каруларын тапсырады.

107. Жаңа ауысымның кезекшісі қызметке бөлуден соң кезекші бөлмеге келеді және кезекшілікті қабылдауға кіріседі. Корпустық бөлімше бойынша тексеру анықтамасы негізінде күдіктілерді, айыпталушыларды сандық тексеру деректері сандық тексеру кітабына жазылады және олардың жалпы есебі жүргізіледі.

Егер санақ нәтижесінде тергеу изоляторындағы күдіктілер мен айыпталушылардың сандық құрамы нақтыланса, бұрынғы және жаңа ауысымдардың кезекшілері қабылдау және тапсыру кітабына қол қояды.

Деректерде алшақтық болған жағдайда бұл туралы тергеу изоляторы бастығына баяндалады және дереу қайталап санақ жүргізіледі.

108. Ауысымға түсетін кезекші:

1) күзет қаруларын, оқ-дәрілерді, арнайы құралдарды және кілттерді;

2) белгі беру және байланыс құралдарын;

3) осы Қағидада көзделген құжаттарды;

4) арнайы кілттердің резервтік қорын;

5) кезекшілік бөлмесінің жабдықтарын қабылдайды.

Кезекшілік кітабына қажетті жазбаларды жазған соң, екі кезекші де оған қол қояды. Осы сәттен бастап тергеу изоляторы бойынша кезекшілік тапсырылды және қабылданды деп есептелінеді.

109. Кезекшіліктің қабылданғаны және тапсырылғаны туралы бұрынғы және жаңа ауысымның кезекшілері тергеу изоляторының бастығына баяндайды.

Кезекшілікті тапсырушы тергеу изоляторындағы жағдай туралы, кезекшілікті қабылдаушы - ауысымды қызметке бөлу және кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған кемшіліктер туралы баяндайды.

Егер кезекшілікті тапсыру және қабылдау бастық болмаған кезде жүргізілсе, жаңа ауысымның кезекшісі келісімен баяндалады.

110. Тергеу изоляторында кезекшілер тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабын, ал корпус бойынша аға қызметкер - корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабын жүргізеді. Тергеу изоляторы және корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабы нөмірленеді, байланады, сүргіштік мөрмен мөрленеді және құпия құжаттармен бірге сақталады. Оларда жазбалар хронологиялық тәртіпте орындалады. Кітаптар пайдаланылуы бойынша ағымдағы жылғы реттік нөмірмен нөмірленеді және мұрағатта сақталады.

## 8. Режим бөлімі жеке құрамының қызмет өткеруін ұйымдастыру тәртібі

111. Режимдік бөлім бақылаушыларына басшылық жасау осы бөлімнің бастығына, ал бұл лауазым штатта көзделмеген тергеу изоляторында режимдік бөлімнің аға инспекторына жүктеледі.

Режимдік бөлімнің құрамына күндізгі ауысымның бақылаушылары, ИТКҚ, белгі беру және байланыс құралдарына қызмет көрсету жөніндегі инспектор-инженер (техник), өрттің алдын алу жөніндегі нұсқаушы ( нұсқаушының көмекшісі) кіреді.

112. Режимдік бөлім:

1) камераларға техникалық қарауларды және күдіктілер мен айыпталушыларға тінту жүргізуді;

2) тәртіп бұзушылықтардың алдын алуды, ұстау тәртібін бұзушыларды талқыға салуды;

3) күдіктілер мен айыпталушыларды серуенге шығаруды, санитарлық тазалықтан өткізуді, тергеушінің, қорғаушының, дәрігердің қызмет бөлмесіне, тергеу изоляторының әкімшілігіне, туысқандарымен немесе өзге де адамдармен кездесуді, сондай-ақ шаруашылық жұмыстарға апаруды;

4) сәлемдемелерді, сәлем-сауқаттарды қабылдауды және күдіктілер мен айыпталушылар үшін ларектен тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажет заттардың сатылуын;

5) тергеу изоляторына кіруге арналған біржолғы және тұрақты рұқсат қағаздарын беруге;

6) қаруларды, оқ-дәрілерді және арнайы құралдарды, сондай-ақ өткір кескіш және басқа да аспаптарды есепке алуды, сақтауды;

7) тиісті жабдықтарды және ИТКҚ, белгі беру және байланыс құралдарын пайдалануды;

8) өрттің алдын алу жұмыстарын;

9) режимдік аумақтың қар мен қоқыстан уақтылы тазалануын қамтамасыз етеді.

113. Режимдік бөлімнің қызметкерлерін, оның ішінде бақылаушыларды жұмыс учаскелеріне бөлуді, қызмет өткеру тәртібін, жұмыс күнінің басталуы мен аяқталуын, түскі үзілістің уақыты мен ұзақтығын, әр топ пен жекелеген қызметкерлердің өзара ауысуын тергеу изоляторының бастығы анықтайды. Сонымен бірге бір топтың немесе бір қызметкердің екі-үш жұмыс учаскесіне қызмет көрсетуіне рұқсат беріледі. Егер қандай да бір жұмысты атқаруға екі немесе одан да көп қызметкер бөлінсе, олардың біреуі топтың аға қызметкері болып тағайындалады.

114. Қабылдау орындарында қызмет өткеру үшін, жұмыс көлеміне қарай бір бақылаушы немесе бақылаушылар тобы тағайындалады, оларға:

1) күдіктілер мен айыпталушыларға заттай және азық-түліктей сәлем-сауқатты (сәлемдемелерді) қабылдау, қарау және тапсыру;

2) күдіктілер мен айыпталушыларды туысқандарымен немесе өзге де адамдармен кездестіруге шығару;

3) тергеу изоляторына кіруге арналған бір жолғы рұқсат қағаздарын беру жүктеледі.

115. Қабылдау бөлмесінде жұмыс істейтін бақылаушылар тобының аға бақылаушысы:

1) анықтамалық картотека жүргізуге, қамаудағылардың келуі мен кетуі туралы өзгерістердің дер кезінде енгізілуін және карточкалардың сақталуын қамтамасыз етеді;

2) сәлем-сауқатты қабылдау, кездесулер ұсыну туралы өтініштерді және кездесулер ұсыну үшін негіз болған құжаттарды сақтайды;

3) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 535 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9770 болып тіркелген) бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелеріне бару қағидаларымен белгіленген біржолғы рұқсаттамаларды беру журналын жүргізеді және рұқсаттамаларға арналған мөрді сақтайды;

4) күн сайын жұмыс аяқталған соң берілген рұқсат қағаздарының санын түбіртекпен салыстырады;

5) қабылдау орындарында жұмыс істейтін бақылаушылардың өз міндеттерін орындауларына жауап береді.

Ескерту. 115-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

116. Қабылдау бөлмесінде жұмыс істейтін бақылаушы:

1) сәлем-сауқаттар қабылдауға, күдіктілер мен айыпталушылардың туысқандарымен және өзге адамдармен кездесулерін өткізеді;

2) кездесуге шығарылған адамның қашып кетпеуі үшін алдын алу шараларын қолдануға, кездесу өткізу кезінде бекітілген тәртіптің сақталуын бақылайды;

3) сақтауға тыйым салынған заттардың камераға өткізілуіне немесе хат алмасуларға жол бермей, қабылдауды дұрыс өткізуді және карауды мұқият жүргізеді;

4) камераларға сәлем-сауқаттардың уақтылы жеткізілуін ұйымдастыруға, жеткізу кезінде олардың толық сақталуын бақылайды;

5) қажет болған жағдайда сәлем-сауқаттарды қарау үшін медицина қызметкерлерін шақырады;

6) қабылдау үй-жайында тазалық пен тәртіптің сақталуын назарда ұстауға, бұл үй-жайлардың жабдықтары мен мүліктерінің сақталуын бақылайды;

7) құжатының дұрыстығы күмән тудыратын адамдар туралы, сондай-ақ келушілерді қабылдау кезінде туындаған түсінбеушіліктер мен оқыс оқиғалар туралы топтың немесе режимдік бөлімнің аға қызметкеріне баяндайды.

117. Күдіктілер мен айыпталушыларды туысқандарымен және өзге адамдармен кездестіруді жүзеге асыратын бақылаушы:

1) кездесуге келген адамдардың құжаттарын және кездесуге берілген рұқсатын тексереді;

2) күдіктілер мен айыпталушыларға және кездесуге келген адамдарға жүріс-тұрыс ережелерін түсіндіреді;

3) белгіленген кездесу тәртібінің орындалуын бақылайды;

4) кездесу тәртібін бұзған жағдайда ескерту жасауға, ал екінші қайта бұзған жағдайда кездесуді тоқтатуға және бұл туралы режимдік бөлімнің бастығына жағдайды және кездесуді тоқтату себептерін көрсете отырып, баянатпен баяндайды.

118. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу бөлмелеріне апаруды қамтамасыз ететін бақылаушы:

1) келуші адамдардың шақыруына рәсімделген құжаттарының дұрыстығын тексереді;

2) Заңның 31-бабында белгіленген оқшаулауды қамтамасыз ету талаптарын сақтай отырып, камерадан кабинетке шығарылатын күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдайды және кері алып келеді;

3) күдіктілер мен айыпталушылардың жолда, сондай-ақ қызмет бөлмелерінен және басқа үй-жайлардан қашып кетуінің алдын алуға бағытталған шараларды қолданады;

4) камерадан шығарар кезде және оған қайтып келген кезде күдіктілер мен айыпталушыларға толық емес тінту жүргізеді;

5) күдіктілерді және айыпталушыларды қызмет бөлмелеріне шақыру есебін жүргізеді.

119. Күдіктілер мен айыпталушыларды азық-түлікпен және ларектен алынған тауарлармен қамтамасыз ететін бақылаушы:

1) күдіктілер мен айыпталушыларға сату үшін алынған азық-түлікпен және басқа да тауарлардың дұрыс сақталуын қамтамасыз етеді;

2) азық-түлікті тура өтініміндегі салмақ бойынша өлшеп, орауға, және өлшеуіш пен таразының жағдайын қадағалайды;

3) күдіктілерге және айыпталушыларға пайдалануға тыйым салынған тамақ өнімдері мен заттардың камераларға еніп кетуіне жол бермейді;

4) ларек үй-жайының тазалығын қолдауға және санитарлық, гигиеналық ережені сақтайды;

5) есепте тұрған сома мен тауарлар үшін қаржы бөлімшесінің алдында уақтылы есеп береді.

120. Күдіктілер мен айыпталушыларды серуенге шығаруды төмендегідей әдістердің бірімен, бекітілген кесте бойынша бақылаушылар тобы қамтамасыз етеді:

1) бақылаушылар күдіктілер мен айыпталушыларды серуендеу ауласына шығарады, оларды қадағалайды және серуендеу аяқталған соң камераға кері әкеледі;

2) топтағы бақылаушылардың бір бөлігі немесе бір бақылаушы серуендеп жүрген күдіктілер мен айыпталушыларға үзіліссіз бақылау жасайды, басқалары - оларды камерадан серуендеу ауласына шығарады және кері айдауылдап әкеледі.

121. Серуендеу ауласында күдіктілер мен айыпталушылардың мінез-құлқын серуендеу ауласынан жоғарырақ орналасқан арнайы орындағы бақылаушы қадағалайды. Жекелеген жағдайларда бақылаушы серуендеу ауласының дәлізінде тұрып, есіктен қарайтын "көзше" арқылы қадағалайды.

122. Серуендеуге шығаруды жүзеге асырушы бақылаушылар:

1) режимді аумақ және дәліз бойынша қозғалу ережелерін қамтамасыз етуге, күдіктілер мен айыпталушыларды жүру жолында және серуендеу ауласында қадағалаусыз қалдырмауға;

2) әр камерадағы күдіктілер мен айыпталушыларды әкеткен соң серуендеу ауласын тексеруге міндетті.

Серуендеу ауласынан табылған заттар немесе жазбалар баянат беріле отырып , жедел бөлімге тапсырылады.

123. Санитарлық тазалаудан өткізуге апару үшін санитарлық тазалау өткізу күніне тағайындалған уақытша немесе тұрақты бақылаушылар құрамы бөлінеді. Осы бақылаушылар тобы күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан санитарлық өткізу пунктіне және кері қарай айдауылдауды, сондай-ақ санитарлық тазалау кезінде оларды бақылауды қамтамасыз етеді.

Әйелдерді санитарлық тазалаудан өткізу кезінде оларды бақылауды әйел - бақылаушылар жүзеге асырады.

124. Санитарлық тазалаудан өткізуге апаруды жүзеге асырушы бақылаушылар медициналық бөлім бастығының немесе кезекші медициналық қызметкердің нұсқауын орындайды Бақылаушылар:

1) камерадан шығару тәртібін және дәлізбен аумақта жүріп-тұру ережесін қамтамасыз етуге;

2) әрбір камерадағы күдіктілер мен айыпталушыларды санитарлық тазалаудан өткізу аяқталған соң санитарлық тазалаудан өткізуді жүргізетін

барлық үй-жайларда тексеру жүргізуге міндетті. Тексеру кезінде табылған қандай да бір заттар немесе жазбалар баянат беріле отырып, жедел бөлімге тапсырылады.

125. Камераларға техникалық қарау және камералар мен оларда ұсталынушы адамдарға жоспарлы тінту жүргізу үшін режимдік бөлім құрамынан неғұрлым тәжірибелі бақылаушылар бөлінеді.

Әрбір камераны техникалық қарау күн сайын, онда күдіктілер мен айыпталушылар жоқ кезде жүргізіледі, ол үшін оларды серуендеуге, санитарлық тазалаудан өткізуге, жұмысқа алып кеткен уақыт пайдаланылады.

Қарау жүргізу кезінде терезе торлары, жалюздер, қабырғалар, едендер, төбелер мұқият тексеріледі. Кереуеттер, үстелдер, орындықтар, қол жуғыштардың бекіткіштері, санитарлық-техникалық және су жүретін құбырлар тексеріледі. Қашуға дайындықты көрсететін белгілер: төсектердің астында, унитаздарда топырақ, кірпіш, құрылыс қалдықтарының болуы, төсектерде немесе торларда жекелеген бөлшектердің жоқ болуы, өрілген жіптер және т.б. болуы.

126. Аптасына кемінде бір рет аға және орта басшы құрамындағы қызметкерлердің күшімен кесте бойынша камераларға техникалық қарау жүргізіледі. Бұл мақсатта әрбір қызметкерге ауыр қылмыстар жасады деген күдікпен адамдар ұсталатын 2-3 камера бекітіледі.

Бақылау техникалық қарауын өткізу үшін бұл қызметкерге көмек көрсету үшін кезекші ауысымның резерв тобынан бақылаушылар бөлінуі мүмкін.

127. Камералардан тыйым салынған заттарды табу мақсатында күндізгі уақытта камераларға және күдіктілер мен айыпталушыларға кесте бойынша жоспарлы тінтулер жүргізіледі. Әрбір камера және онда ұсталынушылар айына кем дегенде екі рет тінтуден өткізіледі, ал қажет жағдайда кестеден тыс тінту жүргізіледі.

128. Камераларды техникалық қараулар, бақылау техникалық қараулар, камераларды және күдіктілер мен айыпталушыларды жоспарлы тінтуден өткізу нәтижелері - бұл шараларды өткізуші адамдарды көрсете отырып, мекеменің камераларды техникалық қарау және жоспарлы тінту өткізу тергеу изоляторларында тіркеу журналы осы Қағидаға 36-қосымшаға сәйкес нысанда жазылады және кезекшіні іс-шара өткізу туралы журналға қол қою арқылы құлақтандыратын режим бөлімінің бастығына баяндалады.

Камерада ақаулар мен зақым келген жерлер табылған кезде режимдік бөлімнің бастығы және кезекші оларды жоюға шұғыл шаралар қолданады, ол туралы тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабына жазба жазылады.

129. Режимдік бөлім құрамынан фотосуретке, дактилоскопияға түсіретін және арнайы есепке алу бөлімі тұтқындағыларды есепке алуды жүргізетін басқа

да құжаттарын ресімдеу міндеттерін орындайтын және өзіне осы бөлімнің бастығы жүктеген өзге де функцияларды атқаратын бақылаушы (бақылаушылар) - фотодактилоскопияшы бөлінеді.

Бақылаушы-фотодактилоскопияшы шығару талонының негізінде камерадан күдіктілер мен айыпталушыларды суретке түсіру және олардың есепке алу құжаттарын рәсімдеу үшін фотодактилоскопияшының қызмет бөлмесіне ( тұтқындағылардың тергеу изоляторына келуі мен оларды жинау бөлімшесінде ұстау кезеңінде) шығара алады.

130. Режимдік және шаруашылық аймақтардағы шаруашылық жұмыстардағы күдіктілер мен айыпталушылар бақылаушылардың күзетінде және қадағалауында болады.

Күзету және қадағалау төмендегідей әдістердің бірімен жүзеге асырылады:

1) күдіктілер мен айыпталушылар бір орында үлкен топ болып жұмыс істеген кезде жұмыс объектісінде (шеберханаға, шеберхананың кіреберісіне, режимдік аулаға және т.б.) жылжымайтын бақылаушылардың күзет орны қойылады;

2) күдіктілер мен айыпталушылар әр түрлі орындарда шағын топ болып жұмыс істеген кезде, оларды күзету және жүріс-тұрыстарын қадағалау шолу жасау жолымен жүргізіледі.

Бақылаушыға оның қандай жерде және қандай адамдарды бақылауы тиіс екені хабарланады. Шолу бағыты бойынша қозғалу оның күзетуіндегі және қадағалауындағы күдіктілер мен айыпталушылардың оның көзіне кем дегенде 15 минут сайын көрініп тұруын қамтамасыз етуі керек.

Айыпталушыны жұмыс орнынан тыс жерде жүргенін анықтаса, бақылаушы оны кері шақырады, ал егер оның жүріс-тұрысы күдікті көрінсе режимдік бөлім бастығына жеткізеді.

131. Жұмыста жүрген күдікті мен айыпталушыны күзету мен қадағалауды жүзеге асырушы бақылаушылар:

1) қашуға жол бермеуге;

2) жұмысқа шығарылған адамдардың басқа санаттағы айыпталушылармен және өзге де адамдармен байланыс орнатуға ұмтылыс жасауына жол бермеуге;

3) жүріс-тұрыс ережесін бұзған күдіктілер мен айыпталушылар жайлы және олардың күдікті әрекеттері жайлы режимдік бөлімнің бастығына баяндауға;

4) жұмыс аяқталған соң күдіктілер мен айыпталушыларды тегі бойынша тексеруге және камераларға кіргізер алдында оларға тінту жүргізуге міндетті.

132. Тергеу изоляторының шегінен тыс жердегі ғимараттар мен құрылыстардың тиісті техникалық жағдайын материалдық қамтамасыз етуге, көріктендіруге және техникалық жай-күйін тиісінше сақтауға байланысты

жұмыстарға күзетілетін аумақ шегінен тыс жерде айдауылсыз және ілесіп жүрусіз құқық берілген, шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарға қалдырылған сотталғандарды ғана шығаруға рұқсат етіледі.

133. арттехқаруландыру мүлігін есепке алуды, сақтауды тылмен қамтамасыз ету бөлімінің қызметкерлері жүзеге асырады.

134. Сотталғандарға жұмыс істеу үшін уақытша пайдалануға берілген аспаптар (пышақтар, балталар, егеулер және т.б.) режимдік бөлім қызметкерінің бірінде сақталады және тізім бойынша есепке алынады.

135. Азық-түлік блогындағы аспаптар (пышақтар, балталар, қырғыштар және т.б.) таңбаланады және тізім бойынша есепке алынады, ол өндіріс меңгерушісінде немесе ерікті жалдамалы аспазда, ал көшірмесі - режимдік бөлімде сақталады. Аспаптарды сақтау үшін ас бөлмесінде арнайы бекітілетін шкаф жабдықталады. Жұмыс аяқталған соң аспаптар алынып қойылады және тізім бойынша салыстырылады.

136. Шеберханаларда аспап таңбаланады, тізім бойынша есепке алынады, оның бір данасы өндіріс меңгерушісінде, ал екінші данасы - режимдік бөлімде сақталады. Сотталғандарға аспаптар қолхатпен беріледі және қабылданады.

137. Сондай-ақ, жұмысқа пайдаланылатын аспаптарға (балталар, ломдар, аралар, темір күректер, сүргілер және т.б.) екі данада тізім жасалады. Тізімнің бір данасы режимдік бөлімде сақталады, ал екіншісі жұмысты жүргізетін адамның ( инженерге, техникке, прорабқа және т.б.) қолына беріледі.

Сотталғандарды жұмысқа шығарған кезде аспаптар оларға нысан меңгерушісінің қадағалауымен беріледі, ал жұмыс аяқталған соң оны сақтау үшін арнайы бөлінген, бекітілетін үй-жайға қойылады.

138. Тергеу изоляторының аумағында сатылар, балталар, жәшіктер, жіптер, тақтайлар, сондай-ақ басқа заттар мен құрылыс материалын қалдыруға болмайды . Жұмыс уақытынан тыс кезде олар құлып салынған тиісті үй-жайда сақталуы тиіс.

## 9. Өткізу режимі кезінде күзетпен қадағалауды ұйымдастыру тәртібі

139. Автокөлікте келген әскери қарауыл немесе полицейлік айдауыл қарауыл немесе айдауыл бастықтарының құжаттары тексерілгеннен кейін, өткізу қағазынсыз кіргізіледі.

Күдіктілер мен айыпталушылармен келген қарауыл немесе айдауыл рұқсат қағазы немесе тергеу изоляторынан уақытша шығып кеткен адамдарды есепке алатын тәуліктік ведомості бойынша шығарылады.

140. Күзет қамауынан босатылған адамдар тергеу изоляторынан осы Қағидаға 37-қосымшаға сәйкес нысанда "Б" нысанды рұқсат қағазы бойынша шығарылады. "Б" нысанды рұқсат қағазын арнайы есепке алу бөлімнің бастығы жазып береді.

141. Режимдік және шаруашылық жерінің аумағына қызметкерлердің және басқа да адамдардың жеке көліктерінің келуіне және тұрақтауына рұқсат етілмейді.

142. Сыртқы шаруашылық жұмыстарына шығарылған сотталғандармен бірге жүретін айдауыл "С" нысанды рұқсат қағазы бойынша шығарылады. БӨП-тің күзет орнындағы бақылаушы сотталғандарды шығарған кезде оларды тегі бойынша тексереді және ҚАЖД басшылығы бекіткен, сыртқы жұмыстарға шығаруға рұқсат берілген адамдардың тізімімен салыстырылады.

143. Жүк таситын көлік "Г" нысанды рұқсат қағазы осы Қағидаға 38-қосымшаға сәйкес нысанда шығарылады.

Пайдаланылған "Б", "С", "Г" нысанды рұқсат қағаздар рұқсат қағаздарының түбіртегіне желімделеді және барлық кітапшалардың пайдалануы бойынша мұрағатқа сақтауға тапсырылады.

144. Жалпы дабыл берілген және қарулы жеке құрамды кіргізу қажеттілігінен басқа жағдайда режимдік аумаққа қарумен кіруге үзілді-кесілді тыйым салынады.

145. Егер тергеу изоляторына қаруы бар адам келсе, онда ол қару БӨП күзет бекетінің бақылаушысына сақтау үшін тапсырылуы тиіс. Қаруды уақытша сақтау үшін БӨП күзет бекетінің бақылаушысына нөмірленген ұялары бар, бекітілетін темір шкаф беріледі. Әрбір ұяда қаруды тапсырған кезде қару иесіне берілетін жетон болуы керек. Қаруды берген кезде жетон қайтып алынады. Сонымен бірге аталған адамдардың арттехқаруландыру мүлігін қабылдаулары мен берулері 5 нысанды кітапқа жазылады. Қарауылдар мен айдауылдардың да қару тапсырулары үшін осындай тәртіп қолданылады.

## 10. Техникалық күзет, белгі беру және байланыс құралдарын қолдану тәртібі

146. Күдіктілер мен айыпталушыларды күзетуді күшейту мақсатында тергеу изоляторлары ИТКҚ, белгі беру байланыс құралдарымен жабдықталады.

Оператордың немесе кезекшінің бөлмесінде техникалық құралдарды басқару пульті жабдықталады, оған айналаны шолуға ыңғайлы басқару панелі және жарық түсетін таблосы қосылады, оның ішінде барлық тосқауыл секторлары аумағы және қамаудан қашуға ыңғайлы жерлер, сондай-ақ дабыл қағу және өрттен сақтау белгісін беретін құралдар орнатылады.

147. Режимдік корпус терезелерінің темір торлары немесе қалқанша жалюздері, есіктері, сондай-ақ қылмыстың аса қауіпті қайта қайталануы бойынша сотталғандар ұсталатын камералардың есіктері торды аралау, бүлдіру, есікті ашуға немесе сындыруға ұмтылыс туралы белгілерді алу мақсатында қандай да бір үлгідегі белгі беру жүйесімен қоршалады.

148. Ішкі және сыртқы күзет бекеттерінде, жер астындағы және жер үстіндегі жолдарға, күдіктілер мен айыпталушылардың келуі мүмкін режимдік және әкімшілік корпустардың қызмет бөлмелеріне дабыл белгісін беру үшін хабарлағыштар орнатылады. Режимдік корпустардың дәліздері мен өту жолдарында хабарлағыштардың ара қашықтығы 20 метрден аспауы тиіс. Дабыл белгісін қабылдау үшін кезекшінің немесе оператордың бөлмесіне қажетті көлемде қабылдағыш қондырғы орнатылады, ал ішкі және сыртқы күзет бекеттерімен және қызметтермен тікелей телефон байланысы үшін коммутатор отырады.

149. Кезекшінің бөлмесімен тікелей телефон байланысының аппараты барлық ішкі және сыртқы күзет бекеттерінде, сонымен қатар корпус бойынша аға қызметкердің, медициналық және жедел қызметкерлердің, тергеушілердің, анықтаушылардың бөлмелерінде және т.б. жерлерге тергеу изоляторы басшылығының карауына байланысты орнатылады.

150. Қоршаудың периметрі бойынша тыйым салынған аймақта, режимдік шаруашылық аймақтардың басқа жерлерінде наряд жолындағы күзет бекеттері мен аумақтағы патрульдердің кезекшімен немесе оператормен байланысуы үшін телефон розеткаларымен жабдықталады.

Ішкі жедел телефон байланысының коммутаторы (станция немесе пульт) қалалық телефон жүйесіне шықпауы керек.

151. Режимдік корпусқа, камераларға, аурухана палаталарына және режимдік аймақ аумағында орналасқан, қамаудағылар ұсталынатын немесе олар бара алатын басқа да үй-жайлар (азық-түлік блогы, санитарлық тазалықтан өткізгіш, түрменің өндірістік кәсіпорындары, шеберханалар және т.б.) арнайы (түрмеге арналған) үлгідегі механикалық немесе электрондық құлыптармен жабдықталады. Құлыптар үнемі екі бұралып жабылуы керек.

152. Арнайы үлгідегі құлыптардың кілтін пайдаланатын тергеу изоляторының қызметкерлеріне оларды қараусыз қалдыруға, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушыларға, олардың ішінде шаруашылық қызметінде жұмыс істеп жүрген сотталғандарға беруге тыйым салынады.

153. Тергеу изоляторында бар арнайы үлгідегі барлық кілттер режимдік бөлімде есепте тұруы және ведомостіге осы Қағидаға 39-қосымшаға сәйкес нысанда тіркелуі тиіс. Кезекші ауысымға берілген кілттер арнайы кілттерді есепке алу кітабына жазылады.

Ведомость бойынша және есепке алу кітабы бойынша қанша кілт бар, кімге және қанша кілт жеке пайдалануға берілгені белгілі болуы керек.

Арнайы типтегі резервтегі кілттер күзет каруларын тапсыру және сақтау тәртібімен сақталады және тапсырылады.

154. Режимдік корпустардың, дәліздердің және режимдік аумақта орналасқан басқа да үй-жайлардың есіктерінің екі жағына да құлып салынуы керек, олардың кілттері бір үлгіде, бірақ камераға салынатын құлыптың кілтінен өзгеше болуы тиіс.

Камералардың есіктеріне салынатын құлыптары күзет орны шегінде бір үлгіде болуы керек. Барлық жағдайда да бұл құлыптардың кілттері режимдік аймақтағы үй-жайлардың есіктеріне орнатылған құлыптарға сәйкес келмеуі қажет.

155. Техникалық күзет, белгі беру мен байланыс құралдарын басқару кезекшінің қызмет бөлмесінен немесе оған жалғасып жатқан аралас үй-жайдан пульт арқылы жүзеге асырылады.

Техникалық құралдарды басқару пультінде тәулік бойғы күзет қойылады, оған күзет дабыл аппаратураларымен, қашуға карсы қолданылатын және белгі беру мен байланыстың басқа да құралдарымен жұмыс істеуді арнайы меңгерген бақылаушы-операторлар тағайындалады.

156. Техникалық құралдармен басқару пультының бақылаушы-операторы:

1) техникалық күзет құралдарын жұмыс жағдайында ұстауға;

2) кезекшіге пультке белгі келіп түскенін баяндауға;

3) күзет шебіндегі белгі беру жүйесінің іске қосылғаны туралы мұнарадағы ( наряд жолындағы) күзет бекетінің бақылаушысына хабарлауға;

4) ИТКҚ, белгі беру және байланыс құралдарымен жұмысты есепке алу журналына келіп түскен белгілер, ақаулар және қабылданған шаралар туралы жазуға міндетті.

157. Бақылаушы-оператор шептерден белгі беру келіп түскен кезде, оның қай шептен және сектордан түскенін анықтап, дереу бұл туралы кезекшіге баяндайды және резервтегі топ үшін дабыл белгісін береді. Бір мезгілде мұнарадағы, наряд жолындағы күзет орнының бақылаушыларына күзет шебінде белгі беру жүйесінің іске қосылғаны туралы хабарлайды.

Ішкі күзет бекетінен дабыл белгісі түскен кезде бақылаушы-оператор дереу кезекшіге баяндайды, бақылаушылардың резервтегі тобы үшін дабыл белгісін береді, дабыл туралы корпустық бөлімше бойынша аға қызметкерге және дабыл белгісі түскен жерге жақын орналасқан күзет орнының бақылаушыларына хабарлайды. Белгі беру себептерін нақтылау және анықтау үшін дабыл белгісін берген күзет бекетіне телефон шалуға тыйым салынады.

Байланыс желісі бойынша келіп түскен шақыруға бақылаушы-оператор шақырудың себебін анықтайды. Мұнарадағы, наряд жолындағы күзетшінің, патрульдік бақылаушының немесе қызмет өткеруді тексеруші адамның талап етуімен барлық периметр бойынша немесе белгі бір учаскеге жарық түсіреді ( сөндіреді).

158. Құралдардың ақаулары анықталған кезде бақылаушы-оператор оның туындау себептерін анықтайды және кезекшінің рұқсатымен оларды жояды. Ақауды оператор жөндей алмаған жағдайда маман (инженер, байланыс технигі) шақыртылады.

159. Электр жүйесі, қуат көзін беретін аппаратура (белгі беру жүйесі) істен шыққан (сөніп қалған) жағдайда бақылаушы-оператор аппаратураны қайталама электр жүйесіне немесе автономды қоректендіру көзіне көшіреді және бұл туралы кезекшіге баяндайды.

160. Белгі беру жүйесінің желілік бөлігін тексеру (жөндеу) үшін немесе басқа бір себептермен техникалық күзет құралдары мен пультті басқару орнын қалдыратын жағдайда бақылаушы-оператор өз міндетін кезекші тағайындаған басқа бақылаушыға тапсырады.

## 11. Қызметтік иттерді пайдалану тәртібі

161. Қызметтік иттер:

1) режимдік корпустарды, режимдік шаруашылық зоналарын, үй-жайлардың шатырларын, тергеу изоляторының жер астындағы және жер үстіндегі жолдарын күзету үшін;

2) серуендеуге, санитарлық тазалаудан өткізуге, шаруашылық жұмыстарына, айырбастау пункттеріне айдауылдап апарғанда және кері қайтқан кезде;

3) кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезеңінде күзетті күшейтуде (бақылаушы итпен бірге дәлізде тұрады);

4) қашуға әрекет жасаған адамдарды табу мақсатында көлік құралдарын және әкетілетін жүктерді қарау кезінде;

5) есірткі заттарын табу үшін;

6) қашып кеткен адамдарды іздеуге, ұстауға және айдауылдауға;

7) каруларды және оқ-дәрілерді беру және қабылдау кезінде пайдаланылуы мүмкін.

162. Қызметтік иттермен қызмет өткеру үшін арнайы дайындықтан өткен бақылаушылар бөлінеді. Бір бақылаушыға бес иттен артық бекітілмейді.

163. Қызметтік иттермен қызмет өткеру үшін бөлінген бақылаушы тікелей тергеу изоляторы бастығының орынбасарына, кезекшіге, ал айдауыл құрамында тапсырма орындаған кезде - айдауыл бастығына бағынады. Бақылаушы:

1) иттерді орналастыруды, оларды ұстауды және тиісті ветеринарлық қадағалауды қамтамасыз етуге;

2) иттер үшін азық-түлік жаздыруға және алуға, оларды тамақтандыруға;

3) үйретудің жалпы және арнайы курстарын өткізуге, иттердің арнайы қызмет түрлері (айдап апару, ұстау, іздеу) жөніндегі жұмыстарын жетілдіруге;

4) бекітілген кесте бойынша иттерді күзет орнына бөлуге және күзет орнынан алуға;

5) иттермен бірге дұрыс қызмет өткеру үшін қалыпты жағдайды қамтамасыз етуге;

6) оларды күзет орындарына қою, тамақтандыру және үй-жайларды тазалау үшін тағайындалған бақылаушылардан басқа күдіктілер мен айыптылардың, тергеу изоляторы (түрменің) қызметкерлерінің иттермен қарым-қатынасына жол бермеуге;

7) қызмет өткеру нәтижелері туралы кезекшіге баяндауға;

8) иттерді дайындауға және олардың қызмет етуін есепке алатын күнделік жүргізуге міндетті.

164. Тергеу изоляторының қатардағы және ішкі басшылық құрамының қызметкерлері қызметтік иттерді тұратын жерінде ұстаған немесе өз иттерімен қызмет өткерген жағдайда оларды тамақтандыруға кеткен шығыны өтеледі.

165. Иттерге ветеринарлық қызмет көрсетуді және оларды бақылауды жергілікті ветеринарлық мекемелер келісім шарт негізінде жүзеге асырады. Иттерді тексеру кемінде айына бір рет жүргізіледі.

166. Шаруашылық қызмет көрсету жұмыстарына қалдырылған сотталғандардың иттерді тамақтандыруларына және оларды күтімге алуларына қатаң тыйым салынады.

167. Режимдік және шаруашылық аймақтарды күзету үшін қызметтік иттер негізгі қоршаудың ішкі жағынан, қашуға мүмкін жерлерге және бақылап тұруға қиын учаскелерге, қоршау қабырғасынан бір метрден үш метрге дейінгі ара қашықтықта қойылады.

Қызметтік иттердің күзет бекеттері мынадай:

1) 20 метрден 100 метрге дейінгі периметрлік қоршау бойынша учаскені күзетуге арналған блокта жылжымалы;

2) биіктігі кем дегенде 2,5 метр тұтас дуалмен қоршалған жабық зонаны еркін қарауылдау үшін жылжымалы;

3) жіңішке өткелдерді, кіретін жерлерді, қоршаудың ойылған жерлерін және т.б. күзету үшін қатты байлауда (шынжырда) болуы мүмкін. Әр иттің өзіне тұрақты күзет орны бекітіледі. Тікенекті сым дуалмен қоршалған аймақта еркін қарауылдау үшін иттерді қоюға тыйым салынады.

Қызметтік иттердің күзет бекетін жабдықтау жазба бойынша осы Қағидаға 40 -қосымшаға сәйкес нысанда жүргізіледі.

168. Иттерді күзет бекеттеріне қою және оларды күзет бекеттерінен алу қызметтік иттердің күзет бекеттері табелімен бекітіледі. Бұл табельдерді тергеу изоляторының бастығы бекітеді.

169. Бақылаушы күзет бекеттеріне және күзет орындарынан бір мезгілде қысқа қарғы бауымен және тұмылдырықпен екіден көп емес итті шығарады. Күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдағанда ит қысқа қарғы баумен, бірақ тұмылдырықсыз болады. Иті бар бақылаушы қауіпсіз арақашықтықты сақтап, бір жағында немесе артында болуы керек.

170. Қызметтік иттердің күзет бекеттері мезгіл-мезгіл тексеріледі. Әрбір тексеру туралы сыртқы күзет бекеттерінің күзетші бақылаушыларына ескертіледі . Сонымен қатар күзет-блогының бекеті мен тергеу изоляторының қоршауы арасынан өтуге тыйым салынады.

171. Иттер үрген кезде мұнарадағы, наряд жолындағы күзетші бақылаушы немесе аумақ бойынша патрульде жүрген бақылаушы оның себептерін анықтайды және кезекшіге хабарлайды. Блок-бекеті және тергеу изоляторының қоршау арасындағы өту бекетіне тексеруге рұқсат етілмейді.

172. Дабыл кезінде, сондай-ақ осы Қағидалардың 161-тармағының 3), 4), 5), 6 ) тармақшаларында көрсетілген міндеттерді орындау үшін, иттермен қызмет өткеруді қамтамасыз ету үшін тағайындалған бақылаушылардан басқа, қажет болған жағдайда әрбір кезекші ауысым, сондай-ақ режимдік бөлім құрамынан арнайы үйретілген иттермен, қажет мөлшерде бақылаушылар бөлінуі мүмкін.

## 12. Күш, арнайы құралдар, газды және атыс қаруларын қолдану негіздерінің қауіпсіздік шаралары

173. Тергеу изоляторларында күш, арнайы құралдар, газды және атыс қарулары Заңның 42-45 бабына сәйкес қолданылады. Жаппай тәртіпсіздіктің және топтасып күзет қамауында ұстаудың бекітілген режимін бұзушылықтың жолын кесу, кепілдікке алынғандарды босату, мекеме үйлерінде, үй-жайларға, ғимараттарға, көлік құралдарына жасалған шабуылдарды тойтару, оларды басып алудан босату жағдайында басқа да арнайы және көлік құралдары қолданылады.

174. Қол кісендері тергеу изоляторы бастығының, оның орынбасарларының, кезекшінің және айдауыл бастығының өкімі бойынша қолданылады.

Қол кісендер қолдану кезінде күдіктілер мен айыпталушылардың қолдары артына қайырылады.

175. Қол кісендер оларды қолдану туралы өкім берген тұлғалардың, осы олардың бастықтарының нұсқауы бойынша, сондай-ақ тамақ ішу кезінде,

қажеттілік кезінде, өмірге қауіп төнген кезде (өрт, сел және т.б.), сондай-ақ күдікті мен айыпталушының кенеттен ауырып қалған жағдайда алынады. Қол кісендер сонымен қатар, айдауылда жүрген адамдарды белгіленген пунктке тапсырған соң және санитарлық тазарудан өту кезінде алынады.

176. Әйелдерге, мүгедектік белгілері нақты адамдарға және кәмелетке толмағандарға, егер олар айналасындағылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндірген, топтасып шабуыл жасаған не болмаса қарулы қарсылық көрсеткен жағдайлардан басқа уақытта арнайы құралдарды, газды қарулар және күрестің әскери тәсілдерін қолдануға жол берілмейді.

Адамдардың өліміне немесе басқа да ауыр зардаптарға душар еткен арнайы құралдар қолданылған әрбір жағдай туралы тергеу изоляторының бастығы тергеу изоляторына қадағалауды жүзеге асыратын прокурорға сол күні баяндайды.

177. Қатты су қысымын пайдалану заңда көзделген жағдайда, мысалы, күдіктілер мен айыпталушылар камераның есігін қоршап алғанда және оны ашуға ұмтылса немесе олар камерадан дәлізге шығып кеткен жағдайда қолданылуы мүмкін.

Су тергеу изоляторы бастығының, оның орынбасарының, ал олар болмаған уақытта кезекшінің нұсқауы бойынша қолданылады.

Қатты су қысымының әсері жеке құрамының бүркемелеуімен жүзеге асырылады. Камераға су есік көзшесі арқылы немесе "көзше" белгісі арқылы бағытталады.

178. Елесті ауру, қозбалы психоз жағдайында өзіне қандай да бір қасақана зақым келтіруге, өзін-өзі өлтіруге әрекеттенген, басқа күдіктілер мен айыпталушыларға, тергеу изоляторының қызметкерлеріне және өзге де адамдарға шабуыл жасаған адамдар тыныштандыру үшін, тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысы бойынша жалғыз адамдық камераға орналастырылады.

Жалғыз адамдық камераға күдіктілер мен айыпталушыларды орналастыру алдында олармен өзіне қандай да бір қасақана зақым келтіруге, өз өзіне қол жұмсауға немесе күзетке және басқа да адамдарға шабуыл жасау үшін пайдалана алатын барлық заттар алынады. Сыртқы киім (пальто, бушлат, бас киім) камераға берілмейді. Күдіктілер немесе айыпталушыларды камераға үш бақылаушы ертіп апарады.

Жалғыз адамдық камераға орналасқан адамдарға үздіксіз қадағалау жүргізіледі. Бұл үшін күзет орны қойылады.

Күдіктілер мен айыпталушыларды мұндай камераға орналастыру тергеу изоляторы бастығының, ол болмаған кезде - орынбасарының немесе кезекшінің нұсқауы бойынша, дәрігердің (фельдшердің) келісімімен жүзеге асырылады.

Жалғыз адамдық камерадан шығару дәрігермен (фельдшермен) келісіліп, тергеу изоляторы бастығының нұсқауы бойынша жүргізіледі.

Жалғыз адамдық камераға орналастыру туралы қаулыда камераға қамаудың себептері, аталған қауіпсіздік шарасын қолдану туралы жарлық берген адам, оны қолдануға келісім берген дәрігер (фельдшер), камерада болу уақыты, аталған шараны қолдануды сипаттайтын басқа да мәліметтер көрсетіледі.

179. Қару мынадай жағдайларда ескертусіз қолданылады:

1) тергеу изоляторына күзет пен қадағалауды жүзеге асырушы адамдарға, айдауыл құрамына, тергеу изоляторының басқа қызметкерлеріне, сотқа, прокуратураға, ішкі істер органдарына, күдіктілер мен айыпталушыларға не болмаса өзге адамдарға қарулы шабуыл жасалған кезде;

2) аталған тармақтың 1-тармақшасында тізбеленген адамдардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төндіретін өзге де ашық шабуыл жасаған кезде;

3) қарумен, көлік құралдарында, сондай-ақ автомобиль немесе темір жол көлігіндегі қозғалыс кезінде қашқан күдіктілер мен айыпталушыларға;

4) түнде, көру мүмкіндігі нашар жағдайда және орманды жерлерде қашқан кезде;

5) қарулы қарсылық көрсеткен қашқан күдікті мен айыпталушыны ұстау кезінде.

180. Қару "Тоқта! Атамын!" деген ескерту айқайдан соң және:

1) қоршалған нысандағы күдікті мен айыпталушы күзет желісінен өтуге әрекеттенген кезде, ал басқа барлық жағдайда күзет желісінен өткен соң (осы Қағидалардың 179-тармағында көрсетілген ескертулерсіз қару қолдану жағдайынан басқа);

2) күзет қамауынан қашқан адамның ізіне түскен кезде;

3) осы Қағиданың 179-тармағының 1-тармақшасында көрсетілген адамдарға шабуыл жасаған кезде, олардың өмірі мен денсаулығына тікелей қауіп төнген жағдайда, жоғарыға атудан соң қолданылады.

181. Әйелдерге және кәмелетке толмағандарға, олар қарулы қарсылық көрсетіп, көлік құралдарын, оның ішінде әуе кемелерін кепілдікке алған не болмаса топтасып, сондай-ақ өрт қаупі мен жарылу қаупі көп қоймаларға (сақтау қоймаларына) бағытталған шабуыл жасау жағдайларынан басқа кезде қару қолданылмайды.

182. Қару қолданушы бастықтардың бұйрығы бойынша қару қолдану жағдайынан басқа кезде, кездікпен, мылтықтың дүмімен немесе атыс қаруымен іс-қимыл жасауды жағдайға қарай, өзі шешеді.

183. Алдын ала қамауда отырған адам күзет қамауында ұстау орнын өз бетінше тастап кетсе не болмаса айдауылдау (еріп жүру) кезінде күзеттен немесе

қадағалаудан өз бетінше кетіп қалса, күзет қамауында ұстау орнынан қашқан болып есептелінеді.

184. Күзет шеңбері болып табылады:

1) тергеу изоляторының негізгі қоршауының ішкі және сыртқы жағына орналасқан, "Тыйым салынған аймақ, өтуге болмайды!" деген жазу жазылған ескерту белгілері қойылған ескерту қоршаулары, ал олар жоқ кезде - негізгі қоршаулар;

2) аумақтың аз уақыт қана жұмыс істейтін аумақтарында жылжымалы қоршаулар қойылған немесе "Тыйым салынған аймақ, өтуге болмайды!" деген жазу жазылған ескерту белгілері бар шекаралары;

3) көлік құралдарында, вагондардың, автомобильдердің қабырғалары ( борттары) есіктері (люктері), едендері, шатырлары (төбелер);

4) сот мәжілісі залдарының (қызмет бөлмелерінің) және сотталушыларға ( сотталғандарға) арналған камералардың қабырғалары, едендері, есіктері және терезелері;

5) жаяу айдауылдау кезінде айдауылдар колоннасына таяу жердегі шеңбер, айдауылдар еріп жүрген кезде тек колоннаның артында - колонна айналасында шартты шеңбер жеті метрлік арақашықтық.

185. Төтенше жағдайлар туындаған кезде тергеу изоляторының режимдік корпусына және режимдік аймағына қарулы жеке құрам кіргізу және мұнымен бірге қару қолдану ҚАЖ комитетінің төрағасының, аумақтық бөлініс бастығының, тергеу изоляторы бастығының шешімі бойынша жүзеге асырылады. Мұндай жағдайда қару тек "Жат! Атамын!" деген ескерту айқайынан соң ғана және жоғарыға атқаннан кейін қолданылады.

186. Қару қолдану салдарынан адам жараланған немесе өлген жағдайда прокурор, анықтаушы немесе тергеуші келгенше оқиға болған жер күзетпен қамтамасыз етіледі. Тергеу изоляторынан сырт жерде күдікті мен айыпталушы өлген немесе жараланған жағдайда, ол жерді айдауылдың күшімен күзету мүмкін болмаған кезде айдауылдың бастығы болған оқиға жайлы оқиға орнын күзетпен қамтамасыз етуде айдауылға қажетті көмек көрсетуге міндетті тергеу изоляторының немесе аумақтық бөліністің бастығына хабарлайды.

Қару қолдану салдарынан жараланған адамдарға медициналық көмек көрсетіледі.

187. Әрбір қару қолдану, сондай-ақ өлімге, жаралануға душар еткен кездейсоқ ату және басқа да ауыр зардаптар жайлы тергеу изоляторының бастығы дереу прокурорды, тікелей бастығын хабардар етеді және қызметтік тексеріс жүргізеді.

188. Өлімге, жаралануға және басқа да ауыр зардаптарға соқтырмаған қарудың кездейсоқ атылуы кезінде тергеу изоляторының бастығы қызметтік тексеріс жүргізумен ғана шектеледі.

## 13. Күрделі жағдай кезінде күзетпен және қадағалаумен қамтамасыз ету тәртібі

189. Төтенше оқиға кезінде тергеу изоляторында жекелеген күзет бекеттеріне немесе жалпы дабыл жарияланады.

Күзет бекеттеріндегі дабыл күзет бекетінен күзет бекетіндегі бақылаушының немесе корпус бойынша аға қызметкердің кезекшіге белгі беруі арқылы жарияланады.

Күзет бекетінде дабыл белгісі күзет-дабыл белгісін беретін аппарат бойынша бір рет қысқа белгі берумен немесе телефон арқылы "Күзет бекетінде дабыл" деген сөздермен беріледі.

Күзет бекетінде дабыл кезекшінің немесе оның орынбасарының өкімімен тоқтатылады.

Жалпы дабылды тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары ал олар болмаған кезде кезекші барлық күзет бекеттеріне және жеке құрамның жатақханасына белгі беріп жариялайды.

Жалпы дабыл белгісі күзет-дабыл белгісін беретін аппарат бойынша ұзаққа созылған дабыл белгісін үш рет берумен жарияланады, ал белгі беруі жоқ жерлерге телефонмен "Тыңдаңыздар! Жалпы дабыл жарияланады" деген сөздермен хабарланады.

190. Күзет орнында дабыл:

1) күзет орнындағы бақылаушыға, корпус бойынша аға қызметкерге немесе басқа адамдарға шабуыл жасалғанда;

2) күдіктілер мен айыпталушылар бақылаушының немесе корпус бойынша аға қызметкердің талаптарына топтасып бағынбаған жағдайда;

3) камера ішінде бұзақылық және тәртіпсіздіктер жасалғанда;

4) қашу немесе қашуға әрекеттену анықталғанда;

5) өрт болғанда;

6) қамаудағыны камераластары өлтірген немесе дене жарақатын салғанда;

7) өзін-өзі өлтірген немесе өзін-өзі өлтіруге әрекеттенген және күзет орнында шұғыл шара қолдануды талап ететін басқа да жағдайларда жарияланады.

191. Жалпы дабыл:

1) күзет орнындағы оқиға қауіпті сипат алған кезде немесе барлық корпустарға не болмаса тергеу изоляторына таралу қаупі туындаған кезде;

2) тергеу изоляторына қарулы шабуыл жасалған кезде;

3) топтанып қашу кезінде;

4) режимдік корпуста немесе тергеу изоляторының аумағында өрт болған кезде;

5) күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының қызметкерлерін немесе өзге де адамдарды кепілдікке алған кезде, сондай-ақ тәртіп сақтау үшін төтенше шара қолдануды талап ететін басқа да оқиғалар кезінде жарияланады.

192. Күзет орнындағы дабыл белгісі бойынша кезекші дереу өзінің орынбасарын не болмаса резервтегі екі-үш бақылаушымен бірге резерв тобының аға қызметкерін оқиға сипатын анықтау және шара қолдану үшін дабыл белгісі берілген күзет орынына жібереді. Жіберілгендер резина таяқтармен, арнайы химиялық құралдармен және қол кісендерімен қарулanулары тиіс.

Кезекші оқиға сипаты анықталғанға дейін кезекшілік бөлмесінен кетпейді.

Егер күзет орнындағы оқиға өзінің сипаты және көлемі жағынан шұғыл жалпы дабыл жариялауды талап етсе, кезекші оны жариялайды.

193. Жалпы дабыл жарияланған кезде барлық күзет орындарында дабыл белгісі берілген соң және оқиғаны жоюдың шұғыл шаралары қабылданған соң, кезекші:

1) болған оқиға жайлы тергеу изоляторының бастығына, аумақтың басшылығына, аумақтық кезекшіге баяндайды;

2) тергеу изоляторындағы заңдылықты қадағалауды жүзеге асырушы прокурорды хабардар етеді;

3) тергеу изоляторының барлық қызметкерлерін қызметке шақырады;

4) туындаған жағдайдың сипатына қарай, дабыл кезіндегі іс-қимылдар туралы нұсқаулықты басшылыққа ала отырып, тәртіп орнатуға бағытталған шешімді шаралар қабылдайды;

5) резервтегі және дабыл бойынша келген бақылаушылардан қарулы топ жасақтайды;

6) қосымша күзет орындарын қою жолымен сыртқы және ішкі күзетті күшейтеді;

7) телефон байланысына зақым келгенде оқиға туралы жергілікті аумақ кезекшісіне рация арқылы баяндайды немесе шабарман арқылы хабарлама жібереді. Хабарламада болған оқиға жайлы қысқа және нақты деректер беріледі, ал егер қажет болса қарулы немесе өзге де көмек сұралады.

194. Жалпы дабыл белгісі берілгенде күдіктілердің және айыпталушылардың барлық қозғалыстары тоқтатылады және олар дабыл тоқтатылғанша немесе кезекшінің, оның орынбасарының нұсқауын алғанша дабыл берілген кезде болған орындарында қалады.

195. Жалпы дабыл белгілері бойынша оқиғаға тартылмаған корпус бойынша аға қызметкерлер мен күзет орындарының бақылаушылары кезекшінің немесе

оның орынбасарының берген нұсқауларына сәйкес әрекет етеді, күдіктілер мен айыпталушыларды бақылауды күшейтеді.

196. Тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары келгеннен кейін тәртіп орнатуға әрі қарай басшылық жасау соларға көшеді.

197. Барлық дабыл жағдайында және кез келген жағдайлар кезінде жеке құрамның негізгі міндеті қашу мен топтасқан бұзақылықтың алдын алу және жолын кесу болып табылады.

198. Дабыл бойынша келіп жеткен қызметкерлерге қаруды кезекші немесе оның өкімі бойынша орынбасарлары, резерв тобының аға қызметкері, немесе басқа қызметкер береді.

199. Күзет орнындағы бақылаушыға шабуыл жасалған кезде ол күзет-дабыл белгі беру түймесін басып немесе өзге әдістермен күзет орнына дабыл белгісін беруге және күдіктілер мен айыпталушылардың арнайы кілттерді иеленуіне жол бермеуге міндетті.

Көмек келгенше бақылаушы кезекші жауынгерлік күрес тәсілдерін және күдіктілер мен айыпталушыларға ықпал ететін басқа да әдістерді қолдана отырып, өзінің барлық күш-жігерін оларды өзіне бағындыруға және камераға қамауға жұмсайды.

200. Егер күзет орнындағы бақылаушыға шабуыл жасалған кезде күзет бекетіне дабыл беруге мүмкіндігі болмаған кезде, оны көрші күзет орнындағы бақылаушы немесе тергеу изоляторының басқа да кез-келген қызметкері жасайды.

201. Күзет бекетіндегі дабыл белгісі бойынша бақылаушылармен бірге оқиға орнына келген кезекшінің орынбасары немесе резерв тобының аға қызметкері шабуылды тоқтатудың және қамаудағыларды камераға қамаудың шараларын қолданады. Ол "Жат!" деген команда береді және оның орындалуы бойынша оларға бір-бірден тұрып, камераға кіруге бұйрық береді.

202. Егер шабуыл қауіпті сипат алса (шабуылдаушыларға кілттерді иемдену және көрші камераларды ашу немесе көрші дәлізге шығу мүмкіндігі туындаса) ол туралы дереу кезекшіге хабарланады және көмек келгенше қолда бар күштермен шабуылды тоқтату шаралары қолданылады.

Кезекші мұндай жағдайда жалпы дабыл белгісін береді, осы Қағидалардың 193-тармағында көрсетілген іс-қимылдарды орындауды қамтамасыз етеді және резина таяқтармен, арнайы химиялық құралдармен, қол кісендермен және жеке қорғаныс құралдарымен (қалқаншалармен, бронды кеудешелермен, каскалармен) , бақылаушылар тобын басқарып, оқиға орнына барады.

203. Оқиға орнына келген соң кезекші қалыптасқан жағдайға сәйкес, күдіктілердің және айыпталушылардың қарсылықтарын тоқтатудың және оларды камераларға қамаудың барлық шараларын қолданады.

Бағынбаған немесе қарсылық көрсеткен адамдарға қатысты жауынгерлік күрес тәсілдері қолданылады, ал кезекшінің өкімі бойынша арнайы құралдар мен қол кісендер пайдаланылады.

204. Шуға, айқайға, камера мүліктерін қиратуға, есіктерді бөгеуге, есіктерді бұзуға және дәлізге шығуға ұмтылып, жаппай тәртіпсіздікке ұласқан күдіктілер мен айыпталушылардың бағынбаушылығы туындаған жағдайда кезекші жалпы дабыл белгісін береді және осы Қағидалардың 193 және 202-тармақтарында көзделген шараларды қолданады.

205. Оқиға орнына келген кезекші төмендегідей әрекет етеді:

1) есіктегі терезе көзі арқылы күдіктілерге немесе айыпталушыларға тәртіпсіздіктерді тоқтатуды және өз орындарына тұруды ұсынады. Мұнымен бірге камераны ашуды бұйырады және қамаудағыларға бір-бірлеп дәлізге шығуды ұсынады;

2) егер тәртіпсіздік тоқтамаса кезекші бақылаушылар тобымен бірге камераға кіреді (бақылаушылардың осындай басқа тобы дәлізде қалулары керек) және жауынгерлік күрес тәсілдерін қолдана, отырып шағын топтарға бөліп, бос камераларға қамайды.

206. Күдіктілер мен айыпталушылар камералардың есіктерін бөгеп және оның ашылуына кедергі жасаған жағдайда тергеу изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының, олар жоқ кезде кезекшінің нұсқауымен камераға есіктегі терезе көзі, "көзше" саңылауы арқылы су қысымын жібереді немесе химиялық құралдар қолданады.

Қысымды су егер күдіктілер немесе айыпталушылар камералардан дәлізге шыққан жағдайларда да қолданылуы мүмкін.

207. 203, 205, 206-тармақтарда көрсетілген жағдайларда резина таяқтар, арнайы химиялық құралдар, қызметтік иттер, қол кісендер, жеке қорғаныс құралдарын қолдану осы Қағидалардың 173-188-тармақтарында көзделген негізде және тәртіпте немесе басқа да нормалар бойынша жүзеге асырылады.

208. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторы қызметкерлерін немесе өзге де адамдарды кепілдікке алған жағдайда, кезекші жалпы дабыл белгісін береді және осы Қағидалардың 192-193-тармақтарында көзделген шараларды қолданады.

Оқиға орнына келген кезекші төмендегідей әрекет етеді:

1) күдіктілерден немесе айыпталушылардан кепілдікке алынғандарды босатуды, қарсылық көрсетуді тоқтатуды талап етеді, оларға кепілдікке алынғандардың өмірі үшін жауапкершілік туралы ескертеді және берілуді ұсынады;

2) жергілікті жағдайға және жалпы жағдайға байланысты күдіктілермен және айыпталушылармен байланыс орнатады және ұстамдылық таныта отырып, қызбалыққа жол бермей, олармен келіссөз жүргізеді.

Келіссөз барысында күдіктілер мен айыпталушылардың талаптары анықталады.

209. Келіссөздер нәтижесіз болған жағдайда операция басшысы жағдаймен санаса отырып, қолда бар күштер мен құралдардың көмегімен кепілдікке алынғандарды босату үшін шаралар қолданады.

Қажет болған жағдайда аумақтық бөлініс арқылы кепілдікке алушы күдіктілер мен айыпталушыларды қолға түсіру (жою) жөнінде мамандырылған қосымша көмек шақырылады.

Әдетте, аталған операция қылмыскерлер кепілдікке алынғандарды ұстап тұрған орындарды қоршау жолымен жүргізіледі. Бұл ретте бірнеше топ құрылады. Қаруды, залалсыздандыру және ұстау тәсілдерін жақсы меңгерген қызметкерлерден басып алу тобы құрылады. Оның міндеттері:

1) объектіге кіру;

2) қылмыскерлерді ұстау, ал ерекше жағдайларда жою;

3) кепілдікке алынғандарды босату;

4) қылмыс іздерінің сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Басып алу тобының соңынан көмек көрсету үшін бүркемелеу тобы жіберіледі . Оның құрамына кіретін мергендер қылмыскерлерді атуға және олардың қарсылығын басуға ыңғайлы орынға орналасады. Бұл топ кепілдікке алынғандарды эвакуациялайды және зардап шеккендерге медициналық көмек көрсету шараларын қолданады.

Бастапқы тергеу әрекеттерін жинау жұмыстарын жүргізу үшін және басшылыққа қылмыскерлер мен олардың әрекеттері туралы деректерді баяндап отыру үшін тергеушілер мен жедел қызметкерлерден жедел топ құрылады.

Материалдық-техникалық қамтамасыз ету тобы операцияға қатысушыларды қарумен, қорғаныс құралдарымен, байланыс құралдарымен, көлікпен және т.б. қамтамасыз етеді.

210. Күдіктінің және айыпталушының камерада, серуенде, шаруашылық жұмыстар объектісінде және т.б. жерлерде жоқ екендігін анықтаған кезекші олардың болмау себебін анықтағанша барлық қозғалыстарды тоқтатады. Күдіктінің және айыпталушының болмау себебі анықталмаған жағдайда кезекші көп ұзатпай жалпы дабыл белгісін береді, бұл туралы тергеу изоляторының бастығына баяндайды және бұдан әрі оның нұсқауы бойынша әрекет етеді.

211. Ескерту белгі беру шектерінен шептен өтіп кетуге әрекет ету туралы белгісі келіп түскен кезде қашудың алдын алу үшін кезекші дереу изолятор қоршауының ішкі жағына қарулы бақылаушыны немесе бақылаушылар тобын

жібереді және сол кезде белгі беру жүйесінің іске қосылу себептерін анықтау үшін дабыл белгісі келіп түскен шепке қарусыз бақылаушыны жібереді.

212. Қашу әрекеті анықталған кезде кезекші бұл туралы тергеу изоляторы бастығына хабарлайды және дереу жақын аумақтарды мұқият қарау үшін өзінің орынбасарының немесе резерв тобының аға қызметкерінің бастауымен бақылаушылардың қарулы тобын жібереді. Егер мұндай шаралар жүргізу оңды нәтижелер бермесе, қашқан адамның ізіне түсуді және жергілікті жеке іздестіруді тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары өздері ұйымдастырады.

213. Тергеу изоляторының күзетіне сырттан шабуыл жасалған кезде, сондай-ақ тергеу изоляторы ауданында күзет жүйесінің бұзылуына соқтыратын тәртіпсіздіктер туындаған кезде кезекші жалпы дабыл белгісін беріп, дереу шабуылға тойтарыс беру және қамаудағыларды күзету мен қадағалауды күшейту жөнінде шаралар қабылдайды және осы Қағидалардың 193-тармағына сәйкес әрекет етеді.

214. Режимдік корпуста немесе тергеу изоляторының аумағында өртті байқаған тергеу изоляторының кез-келген қызметкері дереу жақын жердегі күзет-дабыл белгісін беру нүктесінен дабыл белгісін беруге міндетті.

Күзет орнындағы бақылаушылардан басқа тергеу изоляторының барлық қызметкерлері өртті сөндіруге қатысуға міндетті.

215. Режимдік корпуста немесе аумақта өрт болған кезде кезекші осы Қағидалардың 193 тармағында көзделген шаралардан басқа:

1) қалалық өрт күзетін шақыруға;

2) қолда бар күштермен және құралдармен өртті сөндіру шараларын қолдануға;

3) ішкі және сыртқы күзет орындарын күшейтуге және дабыл бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды камерадан шығару қажет болған жағдайға келген бақылаушылардан резерв тобын құруға міндетті.

216. Қызметтен бос бақылаушылар келісімен барлық ішкі күзет орындары екі есе күшейтіледі, ауыр қылмысы үшін тартылған күдіктілер мен айыпталушылар ұсталатын камераларға күшейтілген наряд қойылады. Дәліздер мен камераларда тыныштық пен тәртіп орнатылады.

217. Егер өрттің таралуы режимдік корпусқа қауіп төндірсе кезекші қарусыз бақылаушылардың айдауылын барынша күшейту арқылы күдіктілер мен айыпталушыларды бұл корпустардан қауіпсіз орынға шығару шараларын қолданады.

218. Бұл адамдарды тергеу изоляторының шегіндегі қауіпсіз орынға шығару мүмкін болмаған кезде олар жергілікті ішкі істер органы басшысының

рұқсатымен неғұрлым осы мақсатқа сай келетін, қарулы тізбекпен қоршалған орынға шығарылады. Осы мақсатқа бақылаушылар құрамына көмекке әскери және полиция бөлімшелері тартылады.

219. Өрт сөндіру шараларын ұйымдастырумен қатар күдіктілердің және айыпталушылардың жеке істерінің, кәртішкелерінің, жедел бөлімшенің және мұрағаттың материалдарының, арттехқаруландыру мүлігін сақталуын қамтамасыз етуге шаралар қолданылып, олардың сақталуы үшін арнайы бөлінген қызметкерге арнаулы жауапкершілік жүктеледі.

220. Өрт сөндіру командасын, әскери бөлімшелерді, полиция қызметкерлерін режимдік аулаға кіргізу кезінде күдіктілер, айыпталушылар өрт сөндіру бойынша әрекет етіп жүрген адамдарға қосылу жолымен қашуларын және олардың тасасымен тергеу изоляторының шегінен тыс жерге шығуларына мүмкіндік бермейтін ерекше шаралар қолданылады.

221. Сейсмикалық белсенділігі жоғары жерлерде, сондай-ақ су тасқыны және басқа да табиғи апаттарға ұшыраған жерлерде осы Нұсқаулыққа сәйкес жергілікті жерлерде іс-қимыл жасаудың тиісті жоспары қайта жасалады.

222. Өрт жағдайында топтасқан және жаппай тәртіпсіздіктердің, бағынбаушылықтардың, топтасып қашудың, қызметкерлерге шабуыл жасаудың, кепілдікке алудың жолын кесу және жою мақсатында әрбір тергеу изоляторында жеке құрамның төтенше оқиғалар кезінде іс-қимыл жасау жоспары әзірленеді. Жоспарда мұндай іс-шараларда ішкі әскер бөлімдері мен бөлімшелерінің, аумақтық бөлініс күштері мен құралдарының өзара әрекетінің шарттары мен тәртібі көзделеді.

Жоспарға тергеу изоляторының бастығы қол қояды және аумақтық бөліністің бастығы мен ішкі әскерлер бөлінісің командирі бекітеді.

Жоспардың даналары тергеу изоляторының бастығында және кезекшіде сақталады.

223. Жаппай тәртіпсіздіктерді, бағынбаушылықтарды, кепілдікке алуларды және өртті жоюды ішкі әскерлердің бөлімдерімен бірге жылына кемінде бір рет өткізілетін жаттығуларда меңгереді.

224. Осы Қағидалардың негізінде әрбір тергеу изоляторында дабыл бойынша әрекет ету нұсқаулығы бекітіледі, онда жергілікті жағдайларға және әрбір тергеу изоляторының ерекшелігінен туындайтын жекелеген мәселелер нақтыланады.

Нұсқаулықтың бір данасы тергеу изоляторының күзет жөніндегі жедел жоспардың бір бөлігі ретінде кезекшіде сақталады.

225. Тергеу изоляторын күзету төмендегі жағдайларда:

1) тергеу изоляторындағы жағдай шиеленіскен кезде немесе жаппай тәртіпсіздіктерге және күзетке шабуыл жасауға дайындық туралы деректер түскен кезде;

2) ұлттық және мемлекеттік мейрам күндері;
3) аумақтық бөлініс басшылығының арнайы өкімін алған кезде күшейтілген түрге көшіріледі.
226. Қызметтің күшейтілген түрі бойынша күзетуді тергеу изоляторының бастығы 3 тәулік мерзімге дейін ҚАЖ комитетінің аумақтық бөлініс басшылығы - жағдай қалыпқа келгенше енгізеді.
Күзеттің күшейтілген түріне көшіру туралы шешім тергеу изоляторы бастығының бұйрығымен рәсімделеді және жеке құрамға жарияланады.
227. Күзетті күшейту кезеңіне арналған жоспарда:
1) сыртқы және ішкі күзет орындарын ұлғайту;
2) кезекші ауысым санын және режимдік бөлімінің күндізгі қызметін ұлғайту;
3) күзеттің немесе бөлімнің барлық жеке құрамын нақты жағдайға байланысты казармалық жағдайға көшіру;
4) өртке қарсы құралдарды, автокөліктерді, байланыс құралдарын дайындыққа келтіру;
5) кезекші ауысымдардың қызмет өткерулерін тексеру мөлшерін көбейту;
6) қашудың немесе басқа да қылмыстарды ескерту жөніндегі жедел алдын-алу жұмыстарын жандандыру, өткізу режимін күшейту, жиілендірген кесте бойынша тінтулер жүргізу, өткір кесетін аспаптарды пайдалануды бақылауға алу, күдіктілер мен айыпталушыларды ішкі шаруашылық жұмыстарына шығаруды барынша қысқарту;
7) орта және аға басшы құрамның, дәрігерлердің (фельдшерлердің) жедел кезекшілігін бекіту;
8) азық-түлік блогының, қазандықтардың, сумен қамтамасыз ету көздерінің жұмысы мен санитарлық жағдайына бақылауды күшейту;
9) тәрбие жұмыстарын күшейту және жеке құрамның қырағылығын көтеру жөнінде шаралар өткізу;
10) сәлем-сауқатты қабылдауды, кездесулерді, күдіктілерді және айыпталушыларды айдауылдауды және оларды осы Қағидалардың 225-тармағының 2-тармақшасында көрсетілген күндері тергеу изоляторына қабылдауды қысқарту көзделеді.

## 14. Күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау тәртібі

228. Тергеу изоляторларының жеке құрамы мынадай жағдайда:
1) режимдік корпустың ішіндегі, режимдік және шаруашылық аймақтардың аумағындағы қозғалыс кезінде;
2) ішкі шаруашылық жұмыстарына шығару кезінде;
3) денсаулық сақтау органдарының ауруханаларына орналастыру кезінде;

4) күзеттен қашқан адамдарды ұстау кезінде;

5) ішкі әскерлердің осы мақсаттарға арналған бөлімдері (бөлімшелері) жоқ пункттерде жоспарлы бағыттағы қарауылдармен алмасу үшін станцияларға, айлақтарға, әуежайларға жеткізу кезінде күдіктілер мен айыпталушылардың күзетін бақылауды қамтамасыз етеді және айдауылдайды.

229. Күдіктілер мен айыпталушылар режимдік үй-жайлардың және тергеу изоляторының аумағында топтанып немесе жеке қозғалғанда бақылаушылар ілесіп (айдауылдап) жүреді. Топтасып қозғалу тек саппен жүзеге асырылады.

230. Режимдік үй-жайлардың ішінде және негізгі қоршаудың ішкі жағындағы аумақта, оның ішінде серуендеу ауласына орналасқан аумақтарда айдауылдау қарусыз жүзеге асырылады.

231. Күдіктілердің және айыпталушылардың қозғалысы бекітілген бағыттар бойынша жүзеге асырылады. Бағыттарда:

1) басқа камерадағы күдіктілер мен айыпталушылардың кездесіп қалуына жол бермеу мақсатында жалғыз айдауылданушыны оқшаулау үшін бағыттық бокстар белгіленеді;

2) режимдік корпустың дәлізіне кіретін есіктер "көзшелермен" жабдықталады ;

3) баспалдақты клеткалар мен галереялар қорғаныс тормен немесе шарбақпен қоршалады.

232. Күдіктілер мен айыпталушылардың режимдік үй-жайларда және тергеу изоляторының аумағында қозғалысы бекітілген бағыттар бойынша:

1) қашу және ілесіп апарған (айдауылдаған) бақылаушыларға шабуыл;

2) қашуға дайындық үшін, күзетке шабуыл жасау үшін, біреуді немесе өзін өлтіруге пайдалануға болатын қандай да бір заттармен және каруларды иемдену;

3) әр түрлі камераларда ұсталатын күдіктілердің және айыпталушылардың кездесуі;

4) бостандықта жүрген адамдармен байланысты белгілеу мүмкін екендігі ескертіледі.

233. Қамаудағыларды тобымен шығарған кезде бір бақылаушыға, әдетте, бір мезгілде 15-тен аспайтын адамдарды айдауылдау жүктеледі. Олардың саны көп болған жағдайда оларды айдап алып жүру үшін кемінде екі бақылаушы тағайындалады.

Аса қауіпті қылмыстарды қайталап жасағандарды, қашуға және шабуылдауға бейім адамдарды, сондай-ақ басқа да қауіпті қылмыскерлерді аталған жағдайда айдап алып жүру үшін бақылаушылар құрамы мынадай есеппен: 2-5 адамды шығару кезінде - екі бақылаушы, 6-10 адамды шығару кезінде - үш бақылаушы тағайындалады. Қажетті жағдайда аса қауіпті қылмыскерді жалғыз айдауылдауды екі бақылаушы жүзеге асырады.

234. Екі және одан да көп бақылаушылар айдауылдау кезінде олардың біреуі айдаудағылардың алдында, қалғандары артында жүреді. Бір бақылаушы ғана айдауылдаған кезде, ол күдіктілер мен айыпталушылардың сапының артында екі қадам кейін жүреді. Күдіктілер мен айыпталушыларды үй-жайдың ішінде бір бақылаушы ғана айдауылдаған кезде басқа дәлізге бұрылатын жерде бақылаушы айдауылдағыларды бұрылысқа екі қадам қалғанда тоқтатады. Өтетін жолдың бос екеніне көз жеткізген соң, айдауылдаудағы топты өзінің жанынан өткізіп, олардың артынан жүреді.

Дәліздің күзетілмейтін есігіне жақындаған кезде бақылаушы күдіктілер мен айыпталушыларды есікке бес қадам қалғанда тоқтатады, өзі алдыға өтіп, есіктің " көзшесінен" қарайды және өтетін жердің бос екенін анықтаған соң есікті ашып, күдіктілерді және айыпталушыларды өзінің жанынан өткізеді де айдаудағылардың артынан қозғалысын жалғастырады. Серуендеу ауласына шығаруда да осындай тәртіппен жүргізіледі.

235. Бақылаушы қозғалыстың барлық бағытында тыныштықты қамтамасыз етуге, қамаудағылардың саптан шығуына, темекі шегулеріне, жанынан өтіп бара жатқан камераның есіктеріндегі "көзшені" ашуға жол бермеуге тиіс.

236. Әрбір айдап алып жүруші бақылаушының өзімен бірге арнайы құралдары және полицейлік үлгідегі ысқырығы болуы керек.

237. Бақылаушыға шабуыл жасаған кезде ол оған жауынгерлік күрес тәсілдерімен және қолда бар мүмкіндіктерді (ысқырық, дауыс, жақын жердегі күзет-дабыл белгісінің нүктелері, рация) пайдалана отырып, тойтарыс береді.

238. Режимдік, шаруашылық аймақта және тергеу изоляторы шегінен тыс жердегі жұмыстарда күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдау, күзету және оларды қадағалау осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

239. Тергеу изоляторының орналасқан жерінде арнайы айдауыл бөліністері болмаған жағдайда, тергеу изоляторының (түрменің) бастығы жоспарлы бағыттағы арнайы вагон келгенше, изоляторда жоспарлы бағыттағы әскери қарауылға тапсыруға жататын адамдардың бар немесе жоғына қарамастан, айдауыл жібереді.

240. Айдауылдардың саны теміржол орындарына және тергеу изоляторына жеткізілетін адамдардың санына қарай анықталады, бірақ барлық жағдайда да айдауылдар осы Қағидаға 41-қосымшаға сәйкес нысанда төрт адамнан кем болмауы керек, оның ішінде айдауыл бастығы, оның көмекшісі (егер айдауыл құрамында бес адамнан көп болса) болуы қажет.

Айдауыл құрамын тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасарлары, ал олар жоқ кезде кезекші тағайындайды.

241. Тергеу изоляторының айдауыл құрамына басшы және қатардағы құрам болып табылмайтын адамдарды тағайындалмайды.

242. Айдауыл дағдылы және күшейтілген болуы мүмкін.

Айдауылданушылар құрамында күшейтілген күзет пен қадағалауды талап ететін адамдар болған жағдайда, күшейтілген айдауылдар тағайындалады.

Күшейтілген айдауыл санын әрбір жекелеген жағдайда, тергеу изоляторының бастығы анықтайды.

243. Күдіктілер мен айыпталушыларды алмастыру пунктіне айдауылдау тек арнайы көлікпен жүзеге асырылады. Елді мекен шегінде жаяу саппен және ашық көлікпен айдауылдауға рұқсат етілмейді.

244. Алмастыру пункттеріне айдап алып жүру кезінде күзет жүйесін тікелей бағыттағы айдауыл қызметін өткерудің нақты жағдайын ескере отырып, тергеу изоляторының бастығы анықтайды.

Алмастыру пунктіне айдап алып жүруді зерделеген кезде мыналарға ерекше назар аударылады:

1) Күдіктілерді және айыпталушыларды түсіру және отырғызу үшін автокөлік тұратын неғұрлым жасырын және қолайлы жерге орналастыру;

2) автокөліктен арнайы вагонға дейін және кері қарай айдауылдау жолына;

3) жоспарлы бағыттардың қарауылдарымен алмастыратын жерде және автокөлікке отырғызарда қамаудағыларды күзету тәртібіне;

4) тергеу изоляторының кезекшісімен және көліктегі полиция бөлімшесінің кезекшісімен байланыс тәсіліне.

Алмастыру пункттеріне айдауылдау қозғалысының бағыттарын таңдаған кезде:

1) көлік және адамдар аз жүретін көшелер белгіленеді;

2) тергеу изоляторымен, полициямен байланысуға мүмкіндік бар пунктер анықталады;

3) медициналық көмек көрсету пунктері анықталады.

Күзет жағдайын және айдауылдау бағыттарын зерделеу негізінде айдауылдау кезіндегі күзет жоспары әзірленеді, оған:

1) күзет сызбасы және айдап алып жүру бағыты;

2) күзет орындарының табелі және айдауылдың жеке құрамының жауынгерлік есебі енеді. Жоспар екі данада жасалады және оны тергеу изоляторының бастығы бекітеді.

245. Айдауылды тағайындаушы бастық:

1) осы Қағидаға 42-қосымшаға сәйкес нысанда айдауыл бастығына ұйғарымды және айдауыл түрлеріне сай келетін басқа да құжаттарды тапсырады және оған әр құжаттың мазмұнын және мәнін түсіндіреді;

2) көлік бөледі және айдап апарушыларды бекітілген керек-жарақпен қамтамасыз етеді;

3) айдауыл бастығының білімін және айдауылдардың өз міндеттерін білуін, қару ұстау шеберліктерін, қарудың жай-күйін, оқ-дәрілерді және нысанды киімдерді тексереді;

4) айдауылдау жөнінде алда тұрған міндеттерді орындау тәртібі туралы айдауыл бастығына және айдап апарушыларға нұсқама жүргізеді;

5) айдауылдауға жататын адамдардың санын атайды және олардың ішінде кімнің күшейтілген қадағалауды талап ететін, қайда және қай уақытқа қарай келуі керектігін, қандай жолмен жүруді, жүру жолында жағдай асқынғанда не істеу керектігін түсіндіреді;

6) айдауыл бастығы оралған соң одан тапсырманың орындалуы туралы мәлімдеме қабылдайды.

246. Айдауыл бастығы және оның көмекшісі тапаншамен, ал айдап апарушылар автоматпен қаруланады.

Айдауылдар оқ-дәрілермен мынадай есеппен қамтамасыз етіледі: бір тапаншаға 16 патрон (екі магазинде), әрбір автоматқа 40 патрон (екі магазин 20 патроннан).

Әрбір айдауылды тағайындау тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабына жазылып, рәсімделеді.

247. Айдауыл бастығы тергеу изоляторының бастығына, оның орынбасарына және кезекшіге бағынады. Ол айдауыл жеке құрамының тікелей бастығы болып табылады және:

1) айдауылдау жөніндегі міндеттерді нақты және уақтылы орындауға;

2) айдауыл жеке құрамының жауынгерлік дайындығы үшін, нарядтағы әрбір адамның өз міндеттерін қатаң орындауларына және тәртібіне;

3) қарулардың, техникалардың, инженерлік-техникалық және айдауылдың пайдалануындағы материалдық құралдардың сақталуына жауап береді.

248. Айдауыл бастығы:

1) айдауылдарға тапсырма береді, осы тапсырманы орындау тәртібін түсіндіреді және орындалуын тексереді;

2) айдауыл жеке құрамынан асқан қырағылық пен тәртіпті, өз міндеттерін нақты орындауды және оны жақсы білуді талап етеді;

3) қамаудағылар қашқан, шабуыл жасаған жағдайда, өрт немесе басқа да оқиғалар болған жағдайда жеке құрамның жауынгерлік есебін жүргізеді;

4) айдауылдауға жататын тұлғаны қабылдайды;

5) айдауылдау тәртібінің орындалуын, еріп жүру бағытының, жөнелту және белгіленген пунктке келу уақытының сақталуын қамтамасыз етеді;

6) қару, арнайы құралдар қолдану тәртібінің сақталуын қамтамасыз етеді;

7) күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауға жүру үшін пайдаланылатын автокөлікті бөгде адамдардың жүргізуіне, сондай-ақ жүк тасымалдауына жол бермейді;

8) күдіктілер мен айыпталушылар қашқан жағдайда, олардың ізіне түсуді және ұстауды ұйымдастырады;

9) өзі және өзінің көмекшісі арқылы айдауылдардың қызмет өткерулерін тексереді;

10) күдіктілер мен айыпталушыларды белгіленген пункте тапсыруды белгіленген тәртіппен өзі рәсімдейді;

11) жеке құрамның қауіпсіздік шараларын сақтауларын, қару және оқ-дәрілерді ұстаудың, каруларды оқтау және оқсыздандыру тәртібінің сақталуын бақылайды;

12) айдауылдау жүру жолында айдап апарушылардың бөгде адамдармен қарым-қатынас жасауларына, олардың қандай да бір затты лақтыруларына жол бермейді, азық-түлік және заттар сатып алуға, сатуға немесе айырбастауға, хат-хабарлар жөнелтуге әрекеттенудің жолын кеседі;

13) баратын орынды және айдауылдап жүру бағытын жария етпейді;

14) кезекшіге тапсырманың орындалуы туралы баяндайды, қызметтік құжаттарды, қаруларды, оқ-дәрілерді және мүліктерді тапсырады.

249. Айдауыл бастығына айдауылдан кетуге, айдап апарушыларды тек қызметін орындауға және ауруына байланысты жағдайлардан басқа қандай да бір жерге жіберуге тыйым салынады.

250. Айдауыл бастығының көмекшісі айдауыл бастығына бағынады және оның ғана бұйрығын орындайды, ал айдауыл бастығы жоқ кезде соның міндеттерін атқарады.

251. Айдауыл бастығының көмекшісі айдауыл бастығының міндеттерін атқару кезінде айдауылдауға толық жауап береді және айдауыл бастығының барлық құқықтарын пайдаланады.

252. Айдауыл:

1) айдап апарушылардың жүріс-тұрысына үнемі және мұқият бақылау жасайды;

2) қаруды үнемі жауынгерлік дайындықта ұстайды;

3) үнемі өзіне көрсетілген орында болады;

4) күдіктілер мен айыпталушыларды айдауылдауға есеп бойынша қабылдайды;

5) айдап апарушылардан қаруды еркін қолдануға мүмкіндік беретін және оқыс шабуылдауды болдырмайтын қашықтықта жүреді;

6) айдап апарушылармен қызметтік емес байланысқа түсуге болмайды;

7) күдіктілермен және айыпталушылармен талаппен, бірақ сыпайы түрде қарым-қатынас жасайды;

8) айдауыл бастығына айдап апарушылардың белгіленген тәртіпті бұзғандықтары жайлы баяндайды.

253. Алмастыру пункттерінде айдауылданушылар белгіленген тәртіппен жөнелтілуге дайын болуы қажет. Тергеу изоляторының арнайы есепке алу және қаржы бөлімі оларды жөнелту құжаттарын кезекшіге тапсырады, ал айдауылдаушы адамдар жиналу бөлімінің камерасына алып барады, онда оқшаулаудың белгіленген тәртібі сақтала отырып бокстар бойынша бөлінеді.

Айдауылға тапсырар алдында күдіктілерден және айыпталушылардан өтініштері мен шағымдары сұралады. Ауруы туралы мәлімдеген күдіктілер мен айыпталушыларды дәрігер қарайды. Айдауылданушы адамдар маусым бойынша киінулері керек.

254. Айдауылданушы адамдарды қабылдау оларды айдауыл бастығының кезекшіден алған құжаттар бойынша тексеруінен басталады. Айдауыл бастығы әрбір күдіктіні және айыпталушыны шақырып, одан жауап алады және алынған жауаптарды оның құжаттарындағы мәліметтермен салыстырады.

Қабылданушының жеке басына күмән туған жағдайда айдауыл бастығы кезекшіге хабарлайды және оның нұсқауы бойынша іс-қимыл жасайды.

255. Айдауылдауға мына адамдар:

1) құжатсыз немесе құжаты дұрыс рәсімделмеген;

2) дәрігердің қорытындысы бойынша жөнелту мүмкін емес аурулар;

3) киімдері маусымға сай келмейтін және бірінші пунктке дейін жететін азық-түлікпен қамтамасыз етілмегендер қабылданбайды.

256. Айдауыл құрамы қабылдаған кезде айдауылданушыларға және олардың заттарына тексеру жүргізеді.

257. Айдауылдауға жататын адамдар айдауыл бастығы бас қақпаның күзет орнындағы бақылаушысына осы адамдарға берілген рұқсат қағазын берген және олар тергеу изоляторынан тысқа шығарылған сәттен бастап кезекшіден (оларды қабылдап алу туралы құжаттарда айдауыл бастығының қолы болғанда) қабылдап алынды деп есептелінеді.

258. Айдауылдау кезінде күдіктілер мен айыпталушыларға өздерімен бірге сақтауға рұқсат етілген тамақ өнімдерін, заттар мен бұйымдарды алып жүруге, сонымен бірге науқастарға - өздерімен бірге медициналық-санитарлық бөлімнің жолға берген дәрі-дәрмектерін, баласы бар әйелдерге - оларды күтуге арналған заттарды алып жүруге рұқсат етіледі.

259. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 1255 қаулысымен бекітілген Күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды тамақпен қамтамасыз етудің заттай нормаларына сәйкес айдауылданушы

адамдар тамақ өнімдерімен (құрғақ үлеспен) жүру жолында бірінші алмастыру пунктіне дейін, ал егер олар ауысып отырмайтын жағдайда соңғы пункке дейін қамтамасыз етіледі.

Бір бағытта айдауылданушы адамның әрқайсысына немесе бір топ адамға азық-түлік аттестаты бекітілген нысан бойынша жазылып беріледі. Аттестаттың бір данасы тергеу изоляторының айдауыл бастығы арқылы айдауылданушыларды тапсырған уақытпен бір мезгілде қарауыл бастығына тапсырылады.

Ескерту. 259-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

260. Арнайы автокөліктермен айдауылдап жүру үшін автокөліктің әрқайсысына кем дегенде үш айдауылдан тағайындалады, олардың ішінен айдауыл бастығы және бір бақылаушы арнайы бөлінген орында қорапқа орналасады, ал екінші айдауыл - жүргізушінің кабинасына орналасады. Айдауылданушы адамдарға арналған есіктер бекітіліп жабылады. Автокөлікпен әйелдер мен ер адамдарды бір мезгілде тасымалдауға, егер автокөлікте ер адамды әйелдерден оқшаулауға мүмкіндігі бар, жекелеген жабылатын камералары болған жағдайда ғана рұқсат етіледі.

261. Айдауылшыларды автокөлікке отырғызар алдында айдауыл бастығы тиектердің, есіктер мен қорап камераларының дұрыстығын тексереді және қораптың кіре берісіне айдауыл қояды.

Айдауылшыларды автомобильге отырғызуды айдауыл бастығы бір-бірлеп дауыстап санап тұрып, жеке өзі жүргізеді.

262. Тергеу изоляторы темір жол станциясынан, әуежайдан (аэродромнан), айлақтан айтарлықтай алыс болған кезде қажет жағдайда осы мекемелердің әкімшіліктерімен келісім-шарт бойынша үй-жай жалға алынады, онда айдауылданушылардың поездің, ұшақтың келуін күтуде уақытша болулары үшін жылыту пункттері ұйымдастырылады.

263. Айдауыл бастығы алмасу пунктіне келіп, тергеу изоляторынан айдауылдануға жататын адамдарды және олардың жеке істері бар пакеттерді қабылдайды. Айдауылданушыларды және олардың жеке істері бар пакеттерді қабылдағаны туралы айдауыл бастығы тергеу изоляторында қалдырылған ілеспе тізімнің бір данасына қол қояды. Кезекші айдауыл бастығына екі дана ілеспе тізімді, жеке істері бар пакеттерді және жөнелтілетін адамдарға бекітілген үлгідегі азық-түлік аттестатын тапсырады.

Айдауыл бастығы күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және тапсыруға арналған ұйғарыммен жабдықталады.

264. Станцияларда, айлақтарда, әуежайларда қарауылдар мен айдауылдар арасында күдіктілер мен айыпталушыларды тапсыру және қабылдау тек күзет жоспарында белгіленген орындарда ғана жүргізіледі.

265. Егер тергеу изоляторынан күдіктілер мен айыпталушылар бір автокөлікпен бірнеше рейспен тасымалданса, айдауыл бастығы қамаудағыларды толық қабылдап, оларды тергеу изоляторында күзету үшін айдауылдың бір бөлігімен өзінің көмекшісін қалдырады, ал өзі бірінші рейспен барып күдіктілер мен айыпталушыларды автокөліктен түсіру мен айырбастау пунктінде күзетуді ұйымдастырады. Айдауыл бастығының көмекшісі қалғандарын келесі рейспен айдауылдауды ұйымдастырады.

Алмастыру пунктінен тергеу изоляторына дейін бірнеше рейспен айдауылдау кезінде айдауыл бастығы күзетке және келген күдіктілер мен айыпталушыларды автокөлікке отырғызуға басшылық жасайды және тергеу изоляторына соңғы рейспен келіп, барлық жеткізілгендерді тапсырады.

Бір мезгілде бірнеше автокөлікпен айдауылдау кезінде күдіктілер мен айыпталушыларды автокөліктерге отырғызу айдауыл бастығының басшылығымен жүргізіледі. Әрбір автокөлікке аға айдауыл тағайындалады. Автокөліктер айдауыл бастығы көрсеткен бағыт бойынша дербес жүреді. Айдауыл бастығы колоннаның бас жағында жүреді. Ол келгенше күдіктілер мен айыпталушылар автокөліктен түсірілмейді.

266. Қысқа уақытқа ғана тоқтайтын поездағы жоспарлы қарауылға тапсыру үшін айдалушы адамдар, арнайы вагон тоқтайтын жерге поезд келерден 15 минут бұрын жеткізіледі.

267. Автокөліктен арнайы вагонға және керісінше айдауылдау алдын-ала белгіленген бағыт бойынша, 3-8 адамдық топпен жүргізіледі. Айдауылдау алдында айдауыл бастығы поездің қай жолға келетінін және арнайы вагонның тоқтайтын орнын нақтылайды.

268. Алмастыру пунктінде (автокөліктен арнайы вагонға, автокөлікке отырғызу және түсіру кезінде, арнайы вагонда алмастыру уақытында) айдауылдар екі қатарға тұрғызылып, жүзеге асырылады. Бірінші қатардың айдауылдары айдауылданатындарды тікелей күзете отырып, олардың айналасына шеткі қатардан 2-3 метр жерге орналасады. Үздіксіз бақылауда ұстау үшін айдауылдардың әрқайсысына нақты айдалушы адамдар бекітіледі. Қашуға бейім адамдар колоннаның ортасына шоғырландырылады, олардың күзеті күшейтіледі. Қажет болған жағдайда бұндай санаттағы адамдарды жеке айдауылдайды.

Екінші қатардағы айдауылдар қашудың дер кезінде алдын алу, күзеттегілерге бөгде адамдарды жібермеу және айдауыл бастығына поездардың және көрші жолдарда маневр жасаушы паровоздардың жақындап қалғанын ескерту

маңыздылығын сақтай отырып, айдауылданушылардан 8-10 метр ара қашықтықта орналастырылады.

269. Арнайы вагонның келісімен айдауыл бастығы қарауыл бастығына күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау-тапсыру туралы ұйғарымды ұсынады, қарауыл бастығынан осындай ұйғарымды талап етеді және бұдан соң тапсыруға және қабылдауға кіріседі. Айдауыл бастығы қарауыл бастығына айдалушы адамдарды, айдауылданушылардың жеке істері бар пакеттерді, ілеспе тізімнің бір данасын және азық-түлік аттестатын тапсырады. Сонымен бірге қамаудағылардың айдауыл бастығы белгіленген тәртіппен қарауыл бастығына тапсыратын бағалы заттарынан басқа жеке заттары олардың өздеріне қалады.

Жоспарлы бағыттың қарауыл бастығы күдіктілер және айыпталушылар мен олардың жеке істері бар пакеттерді қабылдағаны туралы ілеспе тізімге қол қояды .

270. Жеткізілгендерді қарауылға тапсырғаннан кейін айдауыл бастығы келген күдіктілер мен айыпталушыларды (егер олар келсе) тергеу изоляторына жеткізу үшін қабылдайды. Алмастыру пунктінен келген соң айдауыл бастығы қарауылдан қабылданған жеке істері бар пакеттерді, азық-түлік аттестаттарын, сондай-ақ жоспарлы бағыт қарауылына тапсырылған адамдардың құжаттарын кезекшіге тапсырады.

271. Тергеу изоляторының айдауылы вагонда алмастыру уақытында: тапсыру кезінде - жоспарлы бағыт қарауылының бастығы есепті қайталағанға дейінгі; қабылдау кезінде - тергеу изоляторы айдауылдың бастығы есепті қайталаған соңғы уақыттағы қашу үшін жауап береді.

272. Жоспарлы бағыт қарауылының бастығы күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдаудан бас тартқан әрбір жағдайда тергеу изоляторының айдауыл бастығының және жоспарлы бағыт қарауылы бастығының қолдары қойылған акт жазылады, онда қабылданғандардың саны, олардың тектері, аты-жөндері және бас тарту себебі көрсетіледі. Акт тергеу изоляторының бастығына беріледі. Поезд аз уақытқа тоқтаған кезде актіде тек қабылданған адамдардың саны және оларды қабылдаудан бас тарту себебі ғана көрсетіледі.

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу
изоляторларындағы адамдарды күзету мен
қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
1-қосымша

нысаны

"Бекітемін"

аумақтық бөліністің бастығы

_____________________________

_____________________________

№ _______ тергеу изоляторының сыртқы күзеті күзет бекеттерінің

## ТАБЕЛІ

| Күзет бекетінің нөмірі | Күзет бекетінің сипаты | Күзет бекеті қайда орнатылған | Не күзетіледі | Күзет бекетінің жабдықталуы | Ерекше белгілер |
|---|---|---|---|---|---|

№ _______ тергеу изоляторының бастығы (қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
2-қосымша

нысаны
"Бекітемін"
аумақтық бөліністің бастығы
____________________________
____________________________

№ _______ тергеу изоляторының ішкі күзеті күзет бекеттерінің

## ТАБЕЛІ

| Күзет бекетінің нөмірі | Күзет бекетінің сипаты | Күзет бекеті қайда орнатылған | Не күзетіледі | Күзет бекетінің жабдықталуы | Ерекше белгілер |
|---|---|---|---|---|---|

№ _______ тергеу изоляторының бастығы (қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
3-қосымша

нысаны
"Бекітемін"
аумақтық бөліністің бастығы
____________________________
____________________________

№ _______ тергеу изоляторының корпустық бөлімшелерінің

## ТАБЕЛІ

| Бөлімше нөмірі | Орналасқан жері | Бөлімше құрамына кіретін ішкі күзет бекеттері | Камералар саны | | | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | жалпы | аз орындық | карцерлер | |
| 1. | 1 корпустың 1-қабаты | № 1 күзет бекеті<br>№ 2 күзет оны<br>№ 3 күзет бекеті | 3 | 4 | 4 | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2. | 1 корпустың 2-қабаты | | | | | |
| 3. | | | | | | |
| | | | | | | |

№ _______ тергеу изоляторының бастығы (қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасына 4-қосымша

нысаны

___________ қаласы № _______ тергеу изоляторының кезекші ауысымдарының қызмет өткеруін кенеттен тексеру

## КЕСТЕСІ

| № р/с | Лауазымы, атағы, аты-жөні, тегі | Тексерілетін ауысым № | Тексеру күні | Тексеру уақыты | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|

1.
2.
....................................................................
9.
Резерв: 1. Лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні.
2.
3.
№ _______ тергеу изоляторының бастығы (қолы)

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасына 5-қосымша

нысаны

## Ұйғарым

___________________________________________________________________________

(лауазымы, атағы, тегі мен аты-жөні)

20___ жылғы "___" _____________ "___" сағаттан бастап № _______ ауысымдағы жеке құрамының қызмет атқаруын кенеттен тексеру ұсынылады.

Тексеру нәтижелері туралы күзет бекеттеріндегі ведомосттарға, сондай-ақ корпустық бөлімшелер бойынша кезекшілікті атқару кітаптарында және тергеу изоляторы бойынша кезекшілікті атқару

кітабында жазба жасалсын.

№ _______ тергеу изоляторының бастығы

(арнаулы атағы) __________ (қолы) _______

20___ жылғы "___" ________________________

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу изоляторындағы адамдарды күзету мен қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
6-қосымша

нысаны

## Тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабы

20___ жылғы "___" _____________ басталды:

20___ жылғы "___" _____________ аяқталды:

Ішкі жағы

Тергеу изоляторы бойынша кезекшілік кітабында еркін түрде мыналар:

1) кезекшілікті қабылдау мен тапсыру;

2) кезекшілікті қабылдау кезінде анықталған кемшіліктерді және оларды жою бойынша шаралар;

3) күдіктілерді және айыпталушыларды қабылдау-тапсыру;

4) күзет орнындағы қаруды және оқ-дәріні, арнайы құралдарды, кілттерді қабылдау-тапсыру;

5) кезекшілік уақытында тергеу изоляторында орын алған оқиғалар;

6) кезекшілік барысында күзет бекеттерінен және күзет техникалық құралдардан табылған ақаулардың анықталуы (дабыл беру, байланыс, жарықтандыру, торлар, құлыптар және т.б.);

7) күзет бойынша, режимдік бөлімнің камераларына техникалық тексерісінің жүргізілуі туралы, жоспарлы тінту бұйрықтарын орындау;

8) кезекші және оның орынбасарымен жүргізілген күзет бекеті қызметінің қызмет атқаруын тексеру;

9) тергеу изоляторының бастығымен немесе өзге де тексеретін адамдармен кезекші ауысымның қызметін атқаруын тексерулер;

10) бақылаушыларды күзет орындары бойынша орналастыруда немесе кезекшілік барысында, кезекшілікке келмеу, кешігу, ауырып қалу жағдайында болған өзгерістер;

11) қосымша уақытша қойылған, оның ішінде денсаулық сақтау ұйымдарының емдеу мекемелерінде қойылған күзеттер;

12) тергеу изоляторынан бақылаушылардың құрамы көрсетіліп, тағайындалған айдауыл туралы, оның келу және кету уақыты,

айдауылданатындардың саны, айдауылға нұсқау беретін адамдар және айдауылдың оралу уақыты;

13) тергеу изоляторына жаңадан келген және одан шыққан күдіктілер мен айыпталушылардың саны туралы жазбалар жазылады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу
изоляторындағы адамдарды күзету мен
қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
7-қосымша

нысаны

## Корпустық бөлімше бойынша кезекшіліктің кітабы

20___ жылдың "___" ____________ басталды:
20___ жылдың "___" ____________ аяқталды:
Ішкі жағы

Корпустық бөлімше бойынша кезекшілік кітабында еркін түрде мына жазбалар:

1) корпустық бөлімше бойынша кезекшіліктің қабылдау-тапсыру;

2) кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезінде күзетудің техникалық дабыл беру құралдарының, байланыс, құлыптар, есіктер, "көзше" және т.б. анықталған кемшіліктер мен ақаулар және оларды жою бойынша қабылданған шаралар;

3) корпустық бөлімше бойынша күдіктілер мен айыпталушыларды сандық тексерудің қорытындысы (жазба тексеріс анықтамасының нысаны бойынша жүргізіледі);

4) кезекшілік уақытында орын алған оқиғалар;

5) бақылаушылардың күдіктілер мен айыпталушылардың тәртібін бақылау мәліметі;

6) корпус бойынша жетекшінің және басқа да тексерушілермен корпустық бөлімшенің күзет орындарын тексеру қорытындылары;

7) өз өзіне қол жұмсауға әрекет жасаған, жағдайлары мен тәртіптері бақылауды талап ететін аурулардың болуы. Камералардың, дәліздердің және дәретханалардың санитарлық жағдайы (жазбаны медициналық-санитарлық бөлім қызметкерлері жасайды);

8) күдіктілерді және айыпталушыларды серуенге және санитарлық тазалануға шығаруда кестенің орындалуы. Мұндай кезде қандай камералардан және кім серуенге және санитарлық тазалануға шығарылмағаны, себептері көрсетіледі;

9) камералардың және жоспарлы тінтудің техникалық тексерістерінің режимдік бөлімінің бақылаушылардың жүргізуі (қандай камераларда техникалық тексеріс және тінту жүргізілгені көрсетіледі) жазылады.

Қылмыстық-атқару жүйесінің тергеу
изоляторындағы адамдарды күзету мен

қадағалауды жүзеге асыру қағидасына
8-қосымша

нысаны

# Кезекші ауысымдардың жұмыс кестесі

(құруға арналған үлгі)

8 сағаттан

| № р/с | Атағы, тегі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | майор Ахметов | 8 | 8 | 16 | 16 | 24 | 24 | х | х | 8 | 8 | 16 | 16 | 24 | 24 |
| 2 | капитан Иванов | 16 | 16 | 24 | 24 | х | х | 8 | 8 | 16 | 16 | 24 | 24 | х | х |
| 3 | лейт-т Петров | 24 | 24 | х | х | 8 | 8 | 16 | 16 | 24 | 24 | х | х | 8 | 8 |
| 4 | майор Хитров | х | х | 8 | 8 | 16 | 16 | 24 | 24 | х | х | 8 | 8 | 16 | 16 |

*кестенің жалғасы*

| № р/с | Атағы, тегі | 15 | 16 | 17 | 18 | және бұдан әрі |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | майор Ахметов | х | х | 8 | 8 | және бұдан әрі |
| 2 | капитан Иванов | 8 | 8 | 16 | 16 | және бұдан әрі |
| 3 | лейт-т Петров | 16 | 16 | 24 | 24 | және бұдан әрі |
| 4 | майор Хитров | 24 | 24 | х | х | және бұдан әрі |

12 сағаттан

| № р/с | Атағы, тегі | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | майор Ахметов | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 |
| 2 | капитан Иванов | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х |
| 3 | лейт-т Петров | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 | 20 | х | х | 8 |
11) күдіктілердің және айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастары мен азаматтық-құқықтық келісімдерге қатысу;

12) айыпталушылардың газет-журналдарға жазылу жұмыстарын жүргізу,

13) күдіктілерді және айыпталушыларды дәрігерлік-санитарлық қамтамасыз ету;

14) күдіктілерді және айыпталушыларды күнделікті серуенге шығару жұмыстарын жүргізу;

15) күдіктілердің және айыпталушылардың қорғаушыларымен, туыстарымен және басқа адамдармен кездесу;

16) күдіктілердің, айыпталушылардың және сотталғандардың тергеу шаралары мен сот отырысына қатысуын қамтамасыз ету;

17) күдіктілерге және айыпталушыларға марапаттау мен жазалау шараларын қолдану;

18) күдіктілерді және айыпталушыларды қамауда отырған орындардың уәкілетті адамдарының, әкімшілік басшыларының жеке мәселелрер бойынша қабылдау;

19) тергеу изоляторында қайтыс болған күдіктілерді және айыпталушыларды беру;

20) күдіктілерді және айыпталушыларды күзеттен босату;

21) өлім жазасына және өмір бойына бас бостандығынан айырылған сотталғандарды ұстау тәртібін белгілейді.

3. Тергеу изоляторында:

1) оларға қатысты қозғалған қылмыстық іс тергеу және анықтау органдарының өндірісіне қабылданған күдіктілер мен айыпталушылар;

2) оларға қатысты қозғалған қылмыстық іс соттың өндірісіне қабылданған күдіктілер мен айыпталушылар;

3) қылмыстық іс бойынша айыптау үкімі әлі заңды күшіне енбеген сотталғандар;

4) басқа да қылмыстық істер бойынша жауапқа тартылып, бұлтартпау шарасы ретінде күзетпен ұстау қолданылған сотталғандар;

5) қылмыстық іс бойынша қылмыстық жазаларын белгіленген тәртіппен бас бостандығынан айыру түрінде немесе еркінен тыс емдеу мекемелеріне жіберуге жатқызылған сотталғандар;

6) өзге адамдар жасаған қылмыстар бойынша тергеу жүргізілуіне немесе бұл істердің сотта қарау үшін тергеу изоляторында қалдырылған немесе оған жазаны орындаушы мекемелерден ауыстырылған сотталғандар ұсталады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Бас бостандығынан айыруға сотталған адамдар Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінде жазасын өтейді.

Қауіпсіздігі аралас мекемелерге бас бостандығынан айыруға сотталған не шаруашылық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды орындау үшін қалдырылған не Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің (бұдан әрі – ҚР ҚАК) 88-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес мекемелерден келген адамдарды ұстау үшін пайдаланылатын тергеу изоляторлары жатады.

Көрсетілген санаттағы сотталғандарды тергеу изоляторларында ұстау тәртібі ҚР ҚАК, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 17

қарашадағы № 819 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелерінің ішкі тәртіптеме қағидаларымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9984 болып тіркелген), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 20 тамыздағы № 536 бұйрығымен бекітілген Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелерінде ұсталатын адамдардың мінез-құлқына бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметті ұйымдастыру және жете тексеру мен тінту жүргізу қағидаларымен ( нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9757 болып тіркелген) реттеледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Режим күдіктілер мен айыпталушылардың құқықтарын сақтау, олардың өз міндеттерін атқару, оларды оқшаулау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексімен (бұдан әрі – ҚР ҚІЖК) көзделген міндеттерді шешу мақсатында белгіленеді.

6. Тергеу изоляторларында режимді қамтамасыз ету, олардағы ішкі тәртіпті сақтау тергеу изоляторларының әкімшілігіне жүктеледі.

7. Әрбір тергеу изоляторында тергеу изоляторының бастығы немесе оны ауыстыратын адам бекітіп, күдіктілермен, айыпталушылармен, сотталғандармен жұмыс істеу ерекшелігін, сонымен қатар, жыл мезгілін, жергілікті және басқа да жағдайларды ескере отырып, қатаң реттелген, орындалуға және сақталуға міндетті күн тәртібі ұйымдастырылады. Күн тәртібінде сегіз сағаттық үзіліссіз ұйқы, ұйқыдан тұру, дәрет алу, тамақтану, жұмыс, тәрбиелік іс-шаралар, ұйқыға жату көзделеді.

8. Айыпталушы немесе күдікті тергеу изоляторында жауап алуға тек жұмыс уақытында ғана шақырыла алады, сонымен қатар камераға 21 сағаттан кешіктірілмей қайтарылуы тиіс.

9. Осы Қағидаға 1-қосымшаға сәйкес тергеу изоляторларында ұсталатын адамдар Тергеу изоляторындағы күдіктілердің және айыпталушылардың жүріс-тұрыс қағидаларын сақтайды.

10. Осы Қағидаға 2-қосымшаға сәйкес тергеу изоляторында инспекциялаушы адамдар өз ескертулерін, ұсыныстарын және кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараларды орындау мерзімін енгізетін тергеу изоляторын инспекциялаушы адамдардың ескертулер мен ұсыныстар кітабы жүргізіледі.

## 2. Күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдау және камераларға орналастыру тәртібі

11. Тергеу изоляторына келіп түскен күдіктілер мен айыпталушыларды қабылдауды тергеу изоляторына жеткізілген адамды қабылдауға негіз болатын құжаттардың болуын тексеретін, аталған адамнан сұрастыру жүргізетін және оның берген жауаптарын жеке ісінде көрсетілген мәліметтермен салыстыратын, тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі (бұдан әрі – кезекші көмекші) немесе оның орынбасары тәулік бойы жүргізеді.

12. Судьяның ҚР ҚПК сәйкес шығарылған қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулысы күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны тергеу изоляторына қабылдау үшін негіз болып табылады.

Тергеудегілердің, тергеу-қамаудағылардың жеке басын куәландыратын құжаттары жеке ісінде сақталады, қажет кезінде арнайы бөлім қылмыстық істі жүргізуші ұйымның өкіліне, кейіннен қайтарып бере отырып, қолын қойғызып береді.

Ескерту. 12-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Көрсетілген құжаттардан басқа тергеу изоляторына 3 жасқа дейінгі баласы бар әйелді қабылдау үшін көрсетілген құжаттардан басқа, туу туралы куәлік немесе оның баласы екендігін растайтын медициналық ұйымның құжаттары, баланы асырап алу құжаты, ал мұндай құжаттар болмаған жағдайда - қылмыстық іс өндірісіне берілген анықтау жүргізетін адамның, тергеушінің, прокурордың немесе соттың жазбаша нұсқауы болуы керек.

14. Тергеу изоляторына қабылдау үшін негіз болатын құжаттар тиісті лауазымды адамдардың қолымен және елтаңбалы мөрмен куәландырылуы тиіс.

Тергеу изоляторына судьяның немесе соттың күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулысынан көшірме ұсынылған жағдайларда, онда осы бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты толық анықтама деректері көрсетілед. Көшірме лауазымды адамның қолымен куәландырылып, елтаңбалы мөрмен бекітіледі және үш жұмыс күннен кешіктірілмей қаулының көшірмесін ауыстырылуға жатады.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Транзитпен айдауылдалушы адамдар тергеу изоляторына қабылданады және жеке істеріндегі анықтамалар және ілеспе тізімдер негізінде белгіленген орындарға жөнелтіледі.

16. Бірге ұсталатындардың қамауда ұстау орындарында қылмыстық істері бойынша тергеу кезіндегі ұстау мерзімі аяқталған және заңнамада белгіленген тәртіппен ұзартылмаған күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторына

қабылданбайды. Күзетте ұстау мерзімдері аяқталған адамдар тергеу изоляторына қабылданғаннан кейін заңмен белгіленген тәртіпте тергеу изоляторы бастығының қаулысы бойынша жоспарлы айдауыл тобынан босатылады.

17. Тергеу изоляторына қабылданған адамдар келіп түскен күннен бастап бір тәуліктің ішінде алғашқы медициналық куәландырудан және санитарлық тазартудан өтеді. Медициналық куәландырудың қорытындысы медициналық амбулаториялық картаға енгізіледі.

Тергеу изоляторы дәрігерінің қорытындысы бойынша шұғыл стационарлық емдеуді қажет ететін адамдар мекемеге қабылданбайды. Қажеттілігіне қарай оларға медициналық көмек көрсетіледі.

18. Санитарлық тексерістен өткеннен және медициналық куәландыру қорытындысын алғаннан кейін күдіктілер, айыпталушылар төсек жабдықтарын алады, ал қажет болған кезде белгіленген үлгідегі киім-кешекті алады. Әскери қызметшінің немесе құқық қорғау органдары қызметкерінің нысанды киімімен келіп түскендердің киімдері міндетті түрде ауыстырылады. Қажетті жағдайда кәмелетке толмағандардың, қылмыстың аса қауіпті рецидиві бойынша сотталғандардың, өлім жазасына (бұдан әрі – ӨЖ), өмір бойы бас бостандығынан айыруға (бұдан әрі – ӨБББА) сотталғандардың және карцерге орналастырылғандардың киімдері ауыстырылады. Оларға тиісті киімдер алынады және сақтауға тапсырылады.

19. Тергеу изоляторына қабылданған күдіктілерге, айыпталушыларға құқықтары мен міндеттері, күзетте ұстау режимі, тәртіптік талаптары, ұсыныстарды, өтініштер мен шағымдарды беру тәртібі туралы хабардар етіледі. Көрсетілген ақпарат жазбаша түрде де, ауызша түрде де ұсынылады.

Кейіннен осындай ақпарат радио арқылы, камераларды аралау кезінде, күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторы бастығының және оларға өкілетті қызметкерлердің жеке қабылдауында беріледі.

20. Қарауылдан (айдауылдан) қабылданған адамдарды есепке алу құжаттарын ресімдеу кезеңінде оқшаулау талаптары сақтала отырып, құрама бөлімшенің камераларына бір тәуліктен аспайтын мерзімге не орындықтармен және жасанды жарықпен жабдықталған бір орындық бокс бөлмесіне екі сағаттан аспайтын мерзімге орналастырылады.

21. Осы Қағидаға 3-қосымшаға сәйкес күдіктілерді, айыпталушыларды және сотталғандарды камералар бойынша орналастыру Заңның 32-бабының талаптарына сәйкес тергеу изоляторы бастығы бекіткен камераларға орналастыру жоспары негізінде жүзеге асырылады. Бір қылмыстық іс бойынша немесе өзара байланысты бірнеше іс бойынша күдіктілер мен айыпталушылар бір-бірінен бөлек орналастырылады. Тергеу изоляторының әкімшілігі оларды бір-бірімен байланыс жасатпау үшін шара қолданады.

Күдіктілер мен айыпталушыларды камераларға жедел қызметтегі қызметкердің келісімі бойынша, ал кәмелетке толмағандарды тәрбие жұмысы жөніндегі нұсқаушысының келісімі бойынша кезекші немесе оның орынбасары орналастырады. Науқас адамдар медицина қызметкерлерінің нұсқауымен орналастырылады. Жұқпалы ауруы бар деген күдікті адамдар карантинге бөлінген камераларға орналастырылады. Карантин мерзімі медициналық көрсеткіштер бойынша белгіленеді.

22. Жұқпалы аурумен ауыратын немесе ерекше медициналық күтімді және байқауды қажет ететін аурулар басқа күдіктілер мен айыпталушылар бөлек орналастырылады.

23. Тергеу изоляторының ауруханалары мен стационарлық медициналық бөлімшелерінде күдіктілер мен айыпталушылар ауру түрлеріне қарай орналастырылады. Ерлер мен әйелдер, ересектер мен кәмелетке толмағандар бір-бірінен бөлек орналастырылады. Ауыр және аса ауыр қылмыс жасаған күдіктілер мен айыпталушылар, аса қауіпті қайта жасалған қылмыспен сотталғандар, сондай-ақ өлім жазасына және ӨБББА сотталған адамдар оқшау ұсталады.

24. Кәмелетке толмағандар жасына, денесінің жетілуі және мінез құлқын ескере отырып, жеке корпустарында, секцияларда немесе режимді корпустың қабаттарында орналасқан аз орындық камераларда кем дегенде 4-6 адамнан орналастырылады.

25. Ерекше жағдайларда Заңның 32-бабына сәйкес алғаш рет қылмыстық жауапкершілікке тартылғандар, жақсы мінездемесі бар ересек күдіктілер мен айыпталушылар арасынан іріктеп алынғандар кәмелетке толмағандармен бір камераға орналастырылады.

Аз орындық камераларға кәмелетке толмағандармен бірге мұндай ересектердің бір-екеуі, үш адамнан аспаса жалпы камераларға орналастырыла береді.

26. Шаруашылық жөнінде қызмет көрсету жұмыстары үшін қалдырылған сотталушылар режимді аймақтың аумағындағы жеке үй-жайға немесе корпустағы оқшауланған секцияның камерасына орналастырылады. Бұл камералар құлыппен жабылмауы да мүмкін.

27. Осы Қағидаға 4-қосымшаға сәйкес күдіктілер мен айыпталушылар құлыппен жабылатын жалпы камераларда ұсталады. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысы бойынша жеке адамға арналған камераларға орналастыруға төмендегідей жағдайда:

1) осы Заңның 32-бабында көзделген бөлек орналастыру талаптарын орындауды қамтамасыз етудің өзге мүмкіндігі болмағанда;

2) өмірі және денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мүддесінде;

3) күдікті, айыпталушы жеке ұстау туралы жазбаша өтініш берген жағдайда;

4) күдіктілермен, айыпталушыларды егер олар күндіз жалпы камерада ұсталатын болса, түнгі уақытта жеке камераларға орналастыру кезінде рұқсат етіледі.

Күдіктілерді және айыпталушыларды жеке камераларда жоғарыда көрсетілген жағдайлардан басқа бір тәуліктен артық ұстау үшін, осы Қағидаға 5-қосымшаға сәйкес прокурор санкция беріп, Заңның 31-бабындағы тәртіпте тергеу изоляторының бастығы күдіктіні, айыпталушыны жеке камераға ауыстыру туралы қаулы шығарады.

28. Осы Қағиданың 21-тармағында көрсетілген оқшаулау тәртібі барлық күдіктілер мен айыпталушылардың орын ауыстыруы (серуендеу, еңбек объектісінде санитарлық тазалау жүргізу кезінде тергеу изоляторының аумағында және дәлізде қозғалуы) кезінде қамтамасыз етілуі қажет.

29. Оқшаулауды қамтамасыз ету үшін карцерлердің терезесі камераларға табиғи жарық түсіруге кедергі келтірмейтін қалқан-жалюзбен жабдықталады. Қажет болған жағдайларда тергеу изоляторы бастығының өкімі бойынша оқшаулауды күшейту үшін қалқан-жалюздер басқа камералардың терезелеріне де орнатылуы мүмкін.

30. Жүкті әйелдер, асырауында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер жеке режимдік корпустардағы неғұрлым жарық және құрғақ камераларға немесе оқшауланған бөлмелерге орналастырылады. Камералар бір ярусты кереует орындарымен жабдықталады.

31. Жүкті әйелдер, асырауында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер орналастырылған камералардың терезесіне жалюзсіз темір тор орналастырылады.

## 3. Күдіктілер мен айыпталушыларды суретке түсіру, жеке тінту, дактилоскопия жүргізу және заттарын тексеру тәртібі

32. Тергеу изоляторына түскен күдіктілер, айыпталушылар толық жеке тінтуден өткізіледі, суретке түсіріледі, ал олардың жеке заттарын тексеру жүргізіледі.

33. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту және олардың заттарын тексеру сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және азық-түлікті немесе өзіне тиесілі емес заттарды тауып алу мақсатында жүргізіледі.

34. Осы Қағидаға 6-қосымшаға сәйкес күдіктілер мен айыпталушыларға сақтауға және пайдалануға тыйым салынатын заттарға адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін заттар мен тағамдар, қылмыс жасау құралы

ретінде пайдаланбақ болған немесе қамауда ұстауға қарсыласу мақсатында пайдаланылмақ болған, сондай-ақ күдіктілер мен айыпталушылардың ұстауына болатын, сәлемдеме, сәлем-сауқат арқылы және ақшасыз есеп айырысу арқылы сатып ала алатын күнделікті қажетті заттар: киім-кешек, аяқ киім, басқа да ( бұдан әрі - өндірістік тауарлар тізімі) кіргізілмеген немесе белгіленген мөлшерден асып кеткен азық-түлік, аяқ киімдер және басқа да өндіріс заттары кіреді.

35. Жеке тінту толық және жартылай болады. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторына келген кезде одан сырт жерге жөнелтілер алдында карцер камерасына немесе бір адамдық үй-жайға қамалар алдында, осы Қағиданың 27-тармағында көрсетілген жағдайлардан басқа, сондай-ақ басқа да жағдайларда тергеу изоляторы бастығының немесе орынбасарының нұсқауымен жеке тінтуден өтеді.

Толық тінту кезінде тінтілушінің денесі, оның киімдері, аяқ киімдері, сондай-ақ протезі мұқият тексеріледі. Күдіктілер мен айыпталушыларға толық шешініп, денесінің тиісті жерін көрсету ұсынылады. Пластырлы жапсырма, гипс және басқа да байлауыштар медицина қызметкерімен бірге тексеріледі. Киімге тігілген заттар табылған жағдайда, матасы сөгіледі. Аяқ киімнен жапсырмасы, темір тағалары суырылып алынады.

Күдіктілер мен айыпталушыларға азық-түлік өнімдері тізімінде белгіленген өзімен алып жүруге болатын және камерада сақтауға болатын заттар мен азық-түлік қана қалдырылады. Күдіктілер мен айыпталушылармен қалдырылған олардың жеке заттары мен құралдары камера карточкаларына жазылады. Басқа құралдары, заттары және азық-түлік сақталып қойылуға алынады немесе соттың шешімімен жойылады.

36. Жартылай тінту күдіктілер мен айыпталушылардың тергеу изоляторынан тыс жерге алып шыққанда (саусағының таңбасын алуға, дәрігерге, тергеушіге алып шыққанда, туыстарымен және басқа да адамдармен кездестіру алдында және Қағиданың 27-тармағында көзделген басқа камераға ауыстыру кезінде) жүргізіледі. Жартылай тінту тінтілушіні шешіндірмей-ақ киімін және аяқ киімін қарап, саусақпен басып көру арқылы жүргізіледі.

37. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінтуді онымен жынысы бір тергеу изоляторының қызметкері жүргізеді. Толық тінту кезінде қарсы жынысты адамның қатысуына тыйым салынады, тек қажет болған жағдайда медицина қызметкерінің қатысуына болады.

38. Тергеу изоляторына келген күдіктілер мен айыпталушылар олардың жеке істерінде танитын фотосурет пен дактилоскопиялық карта болмаған кезде фотодактилоскопия тобының қызметкерлерімен фотосуретке түседі және дактилоскопияға түседі. Олардың әрқайсысына бір дактилоскопиялық карта және

алты фотосурет дайындалады (үшеуі анфас және үшеуі профиль) көлемі 4,5х6, 6х9 сантиметр.

39. Күдіктілер мен айыпталушылардың заттарын тексеру олар тергеу изоляторына түскен кезде, одан тыс жерге жөнелтілерде, басқа камераға, медициналық стационарға ауыстырылғанда немесе карцерге қамарда өзінің қатысуымен жүргізіледі. Қажет жағдайларда тергеу изоляторы бастығының немесе оның орынбасарының нұсқауы бойынша күдіктілер мен айыпталушылардың заттарын тінту олардың иелері болмаған кезде жүргізіледі.

40. Күдіктілер мен айыпталушыларды толық жеке тінту мен олардың заттарын тексеру хаттамамен ресімделеді, оған тыйым салынған азық-түлік пен заттардың алынғаны туралы акт қоса беріледі. Толық тінту мен заттарды тексеру қатар жүргізілген жағдайда бір хаттама ресімделеді. Хаттамаға күдіктінің немесе айыпталушының және жеке тінту жүргізген немесе заттарын тексерген тергеу изоляторы қызметкерінің қолдары қойылады. Күдіктінің немесе айыпталушының хаттамаға қол қоюдан бас тартуы және оның тінту немесе заттарын тексеру кезіндегі талаптары хаттамада жазылады. Хаттама мен акт жеке іске тігіледі. Толық жеке тінту немесе заттарды тексеру туралы күдіктінің және айыпталушының камералық карточкасында тінту мен заттарын тексерушінің тегі мен тексерілген күні көрсетіліп белгіленеді.

41. Жартылай жеке тінту жүргізілгенде тыйым салынған заттар мен азық-түлікті алу туралы баянат жазылады.

42. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке тінту немесе заттарын тексеру жүргізген кезде тыйым салынған құралдарды, заттар мен азық-түліктерді іздеуге арналған техникалық құралдарын пайдалануға болады.

## 4. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдарды, заттарды және азық-түліктерді күдіктілер мен айыпталушылардан алу тәртібі

43. Күдіктіден немесе айыпталушыдан сақтауға қабылданған немесе одан алынған ақшасы жеке есепшотына салынады. Қымбат мүліктер (қымбат металдар және одан жасалған бұйымдар, қымбат тастар, інжу және одан жасалған бұйымдар, барлық түрдегі және маркадағы сағаттар, бағалы қағаздар, валюта және ұялы байланыс құралдары) тергеу изоляторының қаржы бөліміне сақтауға тапсырылады. Жеке құжаттар (жеке басын куәландырушы және т.б. құжаттар) тергеу изоляторының арнайы есепке алу бөліміне сақтауға беріледі. Сақтауға және пайдалануға тыйым салынған құралдар, заттар және азық-түліктер мекеменің қоймасына сақтауға тапсырылады немесе соттың шешімімен жойылады.

44. Осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес сақтауға келіп түскен немесе күдіктілер мен айыпталушылардан алынған қымбат мүліктерге белгіленген үлгіде үш данада акт толтырылады. Бірінші данасы күдіктіге немесе айыптыға беріледі, екінші данасы қаржы бөліміне беріледі, ал үшіншісі жеке істе сақталады . Ақшаны жеке есепшотына түсіргеннен кейін күдікті немесе айыпталушыға қаржы бөлімі алынған немесе сақталудағы есептегі сомасы көрсетілген түбіртек береді.

45. Күдіктілерден және айыпталушыдан алынған немесе сақталуға қабылданған ақша немесе қымбат мүліктер туралы тергеу изоляторы әкімшілігі өндірісінде қылмыстық іс тұрған органға оның сұратуы бойынша хабарлайды.

46. Осы Қағидаға 7-қосымшаға сәйкес күдіктіден немесе айыпталушыдан заттары және азық-түлік тергеу изоляторы бастығының режим және күзет бөлімінің, медицина бөлімінің қызметкерлері есебінен тағайындаған комиссиясының жасаған актісі бойынша сақтауға қабылданады.

47. Тыйым салынған құралдар, оның ішінде: заттар және тамақ өнімдері, спирттік ішімдіктер немесе спирттік негізде дайындалған тамақтар, оларды дайындауға арналған өнімдер, есірткілер (оларды тарату фактісі бойынша қылмыстық іс қозғаудан басқа жағдайда) және оларды пайдалануға арналған құралдар: тез тұтанғыш құралдар мен заттар, тергеу изоляторы медициналық қызметкерінің қорытындысы бойынша арналған мақсатқа қолдануға жарамсыз деп табылған дәрі-дәрмектер; ойын карталары, эротикалық, порнографиялық немесе зорлықты насихаттайтын графикалық, баспадан шыққан, фото және бейне өнімдері, пайдалануы адам өміріне және денсаулығына қауіп төндіретін немесе сақталуы тергеу изоляторында қамтамасыз ету мүмкін емес, сақтауға ерекше жағдайды қажет ететін, пайдалануы немесе құрамын анықтауға келмейтін немесе өзінің алғашқы тұтынушылық маңызын жоғалтқан және 2-қосымшаға кірмейтін азық-түлік пен басқа да заттар жойылуға жатқызылады.

48. Күдікті мен айыпталушыдан күзетте ұсталынуы кезінде одан ақша немесе қымбат мүлік табылған немесе алынған әрбір факті бойынша олардың қайдан пайда болғанын және нақты иесін анықтау үшін тексеру жүргізіледі.

49. Күдіктілер мен айыпталушыдан табылған және алынған бөтен құралдар, заттар мен азық-түлік өз иелеріне қайтарылады. Егер алынған құралдардың, заттардың және азық-түліктің иелері анықталмаса, ақша, бағалы қағаздар және қымбат мүліктер алынады, ол туралы хаттама ресімделеді және соттың шешімімен мемлекет пайдасына аударылуға жатқызылады.

50. Күдіктілер мен айыпталушылардың өтініші бойынша және қылмыстық іс өндірісінде болған адамның немесе органның келісімімен тергеу изоляторында сақталуда жатқан құралдар, заттар және азық-түлік күдіктілердің немесе айыпталушылардың туыстарына немесе басқа адамдарға беріледі.

51. Күдікті мен айыпталушы қайтыс болған жағдайда оның сақталуда жатқан ақшалары, қымбат мүліктері, басқа да құралдары, заттары және азық-түліктері заңмен Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде белгіленген тәртіпке сәйкес оның мұрагерлеріне беріледі.

## 5. Күдіктілер мен айыпталушыларды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз ету

52. Күдіктілер мен айыпталушылар жеке пайдалану үшін мына заттармен:

1) жатар орынмен;

2) төсек-орын жабдықтары: матрац, жастық, көрпемен;

3) төсек жабдығымен: екі жаймамен, жастық тысымен;

4) орамалмен;

5) асхана ыдыстарымен және асхана құралдарымен: тегешпен, саптаяқпен, қасықпен;

6) жыл мерзіміне сай киіммен (өзінікі болмаған жағдайда);

7) тергеу изоляторының кітапханасынан кітап-журналдармен қамтамасыз етіледі.

Аталған заттар қамауға алынғанда ұсталатын мерзімде уақытша беріледі.

Ұйықтайтын орындар санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай болуы тиіс (бөлме квадратурасы, көзге қауіпсіз жарықтандырылуы, табиғи жарықтандырылуда әдебиеттерді оқуға мүмкін болуы, бөлменің желдетілуі).

53. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 1255 қаулысымен бекітілген Күдіктілерді, айыпталушыларды, сотталғандарды материалдық-тұрмыстық қамтамасыз етудің заттай нормаларына (бұдан әрі - Үкіметтің № 1255 қаулысы) сәйкес және ондағы адамдардың санына қарай есеппен камераларға жалпы пайдалану үшін:

1) кір, иіс сабын;

2) дәретхана қағазы;

3) гигиеналық қажеттіліктер (әйелдерге арналған);

4) тіс пастасы, тіс щеткасы;

5) үй-жайларды жинауға арналған қаптық мата мен жуу құралдары;

6) газеттер, үстел ойындары: шашка, шахмат, домино, нардалар беріледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Тергеу изоляторының камералары:

1) стол және орындықтармен және камерадағы орындар бойынша отырғызу орындарымен;

2) санитарлық тораппен;
3) суы бар құбыр кранымен;
4) электр құралдарын қосатын розеткалармен;
5) азық-түлік шкафымен;
6) сыртқы киім ілгіштерімен;
7) қажетті заттарға арналған сөремен;
8) қабырғаға бекітілетін айнамен;
9) ауыз суға арналған ыдыспен;
10) жалпымемлекеттік бағдарлама таратуға арналған радиодинамикамен;
11) әкімшілік өкілін шақыртатын кнопкамен;
12) қоқысқа арналған ыдыспен;
13) күндізгі және түнгі жарық беретін шамдармен;
14) тізбесі осы Қағидаға 8-қосымшада көрсетілген қосымша ақылы қызмет көрсетілген жағдайда желдеткіш жабдығымен, сондай-ақ тұрмыстық құралдармен;
15) балалы әйелдер жататын камераларда балалардың кереуеттерімен;
16) кір жуатын және гигиеналық қажеттілікке керек ыдыспен жабдықталады.

55. Камерада су ысытатын құралдар немесе су құбырында ыстық су болмағанда кір жууға және гигиеналық мұқтаждылыққа қажет ыстық су және қайнаған су белгіленген уақытта қажет мөлшерде беріледі.

56. Камераларда және карцерлерде ұсталатын күдіктілер мен айыпталушылар санитарлық тораптары болмаса, дәретханаға күніне екі рет (таңертең - тұрғаннан кейін және кешке ұйқыға жатар алдында) шығарылады. Санитарлық торабы жоқ камераларда және карцерлерде қақпағы оған жапсырылған арнайы бактар қойылады.

57. Күдіктілер мен айыпталушыларға аптасына бір рет 15 минуттан кем емес ұзақтықта душта жуынатын мүмкіндік беріледі. Апта сайын душта шомылғаннан кейін төсек жабдықтары ауыстырылады.

58. Күзетке алынған адамдарға өздерінде болмаған жағдайларда олардың өтінішімен тергеу изоляторы әкімшілігімен белгіленген уақытта аптасына кемінде екі мәрте қырынатын құралдар беріледі.

59. Стол ойындары он адамға бір жиынтықтан немесе ішінде он адамнан кем болатын бір камераға бір жиынтықтан беріледі.

60. Күдіктілер мен айыпталушылардың өз өтініші бойынша ұсыныс, өтініш, шағым жазуға жазу құралдары беріледі (қағаз, шарикті қаламсап).

61. Тергеу изоляторының кітапханасынан газеттер келіп түсу мөлшері бойынша он адамға бір газет немесе егер ішінде он адамнан кем болса, бір камераға бір газеттен беріледі.

62. Тергеу изоляторының кітапханасынан кітап және журнал айырбастау аптасына бір мәрте жүргізіледі. Кітапхана абонементін пайдалану ережесін тергеу изоляторының бастығы бекітеді.

63. Күдіктілер және айыпталушылар күзетте ұсталу кезінде мемлекетке келтірген материалдық залалы үшін Заңның 40-бабына сәйкес жауап береді:

64. Материалдық зиян келтірген кінәлілерді анықтау үшін тергеу изоляторының әкімшілігі қызметтік тексеру жүргізеді, оны тергеу изоляторының бастығы тағайындайды және ол зиян келтірілген фактіні анықтаған күннен бастап бір айдан кешіктірмей аяқталуы тиіс.

65. Қызметтік тексеріс барысында материалдық жауапкершілік басталатын кездің жағдайлары, келтірілген зиянның нақты мазмұны және мөлшері немесе материалдық жауапкершілікке негіздің жоқтығы анықталады.

Тексеру жүргізу кезінде міндетті түрде шығын келтірген адамнан жазбаша түсініктеме алынуы керек. Ол адам жазбаша түсініктеме беруден бас тартқан жағдайда бұл жай тексеру материалдарында көрсетіледі.

66. Шығынның мөлшерін тергеу изоляторы бастығының қызметтік тексеру нәтижесіне орай шығарған, мекеменің мөрімен куәландырылған қаулысының негізінде анықталады. Қаулы шығын келтірілген күдіктіге немесе айыптыға оқылып, одан қолхат алынады. Шығын күдікті мен айыпталушының жеке есепшотындағы ақшадан өндіріледі.

Күдіктінің және айыпталушының өтініші бойынша ол келтірген шығынның орнын оның туыстары немесе басқа адамдар өз келісімдерімен толтыруларына болады.

67. Күдіктілер мен айыпталушының жеке есепшотында ақша болмаған жағдайда, сондай-ақ тергеу изоляторында шығынның орны толық толтырылмаған болса, ол адамды қылмыстық жазасын бас бостандығынан айыру түрінде өтейтін мекемеге жіберер кезде одан шығынның өтемін ұстап қалу туралы қаулы оның тұрып жатқан жеріне жіберіледі, ол жерде өндірілмеген шығынды сотталған адамның жазаны өтеу кезінде немесе өзге негіздерден ерікті түрде тапқан қаржысынан аталған мекеменің әкімшілігі өндіріп алады.

68. Тергеу изоляторы бастығының келтірілген шығынды өндіріп алу жөніндегі қаулысына лауазымды қызметкерге, прокурорға немесе сотқа шағым жазуға болады. Берілген шағым шығынның орнын толтыруын тоқтатпайды. Шағым қанағаттандырылған жағдайда бұрынғы ұсталынған сомалары күдікті немесе айыпталушының жеке есепшотына аударылады.

69. Күдікті, айыпталушы күзеттен босатылған жағдайда орны толтырылмаған материалдық шығынды соттың шешімімен өндіруге болады.

## 6. Күдіктілер мен айыпталушылардың азық-түлік, сондай-ақ күнделікті қажет құралдарды және басқа да өндірістік тауарларды сатып алу тәртібі

70. Күдіктілер мен айыпталушылар азық-түлік, күнделікті қажет құралдарды және басқа да сақтауға, пайдалануға тыйым салынбаған өнеркәсіп тауарларын ақшасыз есеп айырысу арқылы тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) сатып алады.

71. Тергеу изоляторының дүкенінде (ларегінде) сатылуға рұқсат етілген азық-түліктің, күнделікті қажет құралдардың және өндіріс тауарларының ассортименті Азық-түлік тізбесімен белгіленеді. Күдікті мен айыпталушының тауар алуға жұмсайтын ақшасының мөлшері шектелмейді.

72. Бір адамға берілетін азық-түлік және басқа да тауарлардың ассортименті, мөлшері бойынша нормалары белгіленбейді. Күдікті мен айыпталушы өзімен сақтауға болатын азық-түліктің жалпы салмағы 35 килограммнан аспауы керек. Сатып алынған тауардың босатылуы айына екі реттен кем болмауы керек.

73. Күдіктілер мен айыпталушыларды дүкенге (ларекке) шығаруға тыйым салынады. Дүкендегі (ларектегі) бар тауарлардың ассортименті және олардың құны күзет қамауына алынған адамдардың назарына жеткізіліп отырылады.

74. Азық-түлік, күнделікті қажетті заттарды және өндіріс тауарларын сатып алғысы келетін адамдар тергеу изоляторы бастығының атына осы Қағидаға 9-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгіде өтініш жазып, жеке есепшотында ақшасы бар екендігі көрсетілген ақша түбіртегімен бірге әкімшілік өкіліне тапсырады.

Дүкеннің (ларектің) қызметкері тауар сатып алғысы келген күдікті мен айыпталушының жеке есепшотында ақшасының бар-жоғын қаржы бөлімінен тексереді. Сатып алынған тауарлар камераларға таратылып, қолхат арқылы беріледі.

75. Егер тауар сатып алынып берілген күдікті мен айыпталушының жеке есепшотында ақша қалса, оған тиісті белгі қойылған түбіртегі қайтарылады, ал егер қалдық ақша болмаса, түбіртегі өтінішке тіркеледі. Жұмыс күнінің соңында дүкен (ларек) қызметкері аванс есебін жасап, оны өтінішпен бірге жеке есепшоттағы ақшаны шығынға жазу үшін қаржы бөліміне тапсырады.

76. Тергеу изоляторында дүкен (ларек) болмаған жағдайда күдіктілер мен айыпталушылар қажетті тауарларды тергеу изоляторынан тыс жерде орналасқан сауда нүктесінен сатып алады.

Күдіктілер мен айыпталушылар ондағы қызметкерлерге талап етілген ақша сомасын өз есебінен алуға мекеменің қаржы бөлімінің кассасындағы өзінің жеке есепшотынан алуына, белгіленген тәртіппен куәландырылған сенімхат береді.

Берілген ақша өз есебіне алынған адамның есебінен авансты есеп және өтініш берушіге сатып алынған азық-түлік және күнделікті қажет заттар берілгенін дәлелдейтін құжат негізінде шығарылады. Азық-түлік және күнделікті қажет заттарды алуда өтініштің және қолхаттың негізінде олардың бағасы күдіктілер мен айыпталушылардың жеке есепшотынан алынып тасталынады.

Тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушылардың азық-түлік және күнделікті қажет заттарын сатып алуға жұмсаған ақша сомасы ( күні көрсетіле отырып) туралы оның жеке ісінде белгілейді.

## 7. Күдіктілер мен айыпталушыларға сәлемдемелерді, сәлем-сауқатты беру және қабылдау тәртібі

77. Күдіктілер мен айыпталушыларға арналған сәлемдемелерді, сәлем-сауқатты қабылдау тергеу изоляторының осы мақсатқа жабдықталған арнайы бөлмесі жиһаз тізімі және сәлемдемелерді қабылдау осы Қағидаға 10-қосымшаға сәйкес жүргізіледі. Күдіктілер мен айыпталушыларға сәлемдеме мен сәлем-сауқаттың салмағы пошта ережесінде көзделген мөлшерден аспаса, алуға шек келтірілмейді. Сәлемдемелер жеткізушілердің кезектесуі тәртібімен беріледі. Азық-түліктің тізбесі мемлекеттік және ресми қолданылатын орыс тілінде сәлемдеме қабылдайтын бөлмеде ілінеді.

78. Сәлемдемені жеткізген адам осы Қағидаға 11-қосымшаға сәйкес белгіленген үлгіде екі данада өтініш толтырады және оған қол қояды. Өтініштің екі данасы, сәлемдеме, сәлем-сауқатты жеткізген адамды куәландыратын құжат тергеу изоляторының қызметкеріне беріледі.

79. Сәлемдеменің түгендігін және салмағын азық-түлік және киім-кешек осы Қағидаға 12-қосымшаға сәйкес өлшеп тексеру оны жеткізген адамдардың қатысуымен жүзеге асырылады. Салынғанның тізбесі және сәлемдемелер мен сәлем-сауқаттың салмағы өтініште тексеріледі және белгіленеді. Жеке басын куәландыратын құжат сәлемдемені салыстырып тексергеннен кейін қайтарылып беріледі.

80. Тергеу изоляторының қызметкері сәлемдемені алғаннан кейін жеткізушіге жеке құжаттарын және өтініштің бірінші данасын қабылдағаны жайлы қолын қойып қайтарады, ал екінші данасы күдікті мен айыпталушының алғаны туралы қолы қойылғаннан кейін оның жеке ісіне тіркейді. Бұл адамға анықтама карточкасында сәлемдемені қабылдағаны туралы белгі қойылады. Күдікті немесе айыпталушы өтінішке қол қоюдан бас тартқан жағдайда бұл жайлы өтініште тиісті белгі қойылады.

81. Сәлемдемелер мынадай жағдайда:

1) алушы күзеттен босатылғанда немесе ол тергеу изоляторынан үш тәуліктен артық уақытқа шығарылғанда;

2) күдікті немесе айыпталушы қайтыс болғанда;

3) күдіктінің немесе айыпталушының өзіне арналған сәлемдемені өз қолымен алуына немесе ішіндегі затты керегіне жаратуға мүмкіндігі болмағанда;

4) пошта ережелерінде көзделген сәлемдеме салмағына сай келмегенде;

5) сәлемдемені жеткізген адам жеке басын куәландыратын құжатын көрсетпегенде;

6) сәлемдемені қабылдауға арналған өтініш дұрыс жазылмағанда;

7) күдікті немесе айыпталушы өзіне арналған сәлемдемені қабылдаудан жазбаша түрде бас тартқанда;

8) транзитпен жөнелтілетін адамдарға қабылданбайды және келушіге кері қайтарылады.

82. Тергеу изоляторында немесе ауруханада емделу курсынан өтіп жатқан адамдарға келген сәлемдемелерді қабылдарда емдеуші дәрігердің ұсынымдары ескеріледі.

83. Сәлем-сауқаттың құрамын ашқан және салыстырғаннан кейін екі данада тізім құрастырылады, онда: заттар мен тамақтың атауы және тізбесі, олардың ішкі сапасы, нақты не алынды және сақталғаны көрсетіледі. Сақтауға рұқсат етілген заттар, тамақтар және азық-түліктер күдіктіге, айыпталушыға жазбаға қолхат арқылы беріледі, оның бірінші данасы жеке іске, ал екінші данасы номенклатуралық іске тіркеледі.

84. Күдіктілер мен айыпталушылардың сәлемдемелерінен табылған сақталуына және пайдаланылуына тыйым салынған құралдар, заттар және азық-түліктер сәлемдемені жеткізген адамға қайтару себебі көрсетіліп, қайтарылып беріледі. Сәлемдемелер мен сәлем-сауқатта табылған ақшалар күдіктілер мен айыпталушылардың жеке есепшотына аударылады.

85. Осы Қағиданың 81-тармағының 1), 2), 3), 7) тармақшаларында көрсетілген жағдайда сәлем-сауқат жөнелтушілерге қайтарылады. Сәлем-сауқат пошта арқылы үстеме төлеммен "кері қайтарылады" деген таңбамен қайтарылады.

86. Карцерде отырған адамдардың атына келіп түскен сәлемдеме мен сәлем-саухат қоймаға сақтауға тапсырылады және күдіктілер мен айыпталушыларға олардың карцерде отыру мерзімі аяқталғаннан кейін табыс етіледі.

87. Күдіктілер мен айыпталушылардың туыстарына не басқа адамдарға тергеу изоляторының қаржы бөлімі арқылы тергеу изоляторының дүкендерінде ( ларектерінде) сатуда бар азық-түліктің, күнделікті заттардың және басқа да өнеркәсіп тауарларының құнын кейін оны күдіктілер мен айыпталушыларға табыс ету үшін төлеуге мүмкіндік беріледі.

Бұл жағдайда туысы немесе өзге адам тергеу изоляторының қаржы бөліміне екі данада өтініш береді, онда өзі құнын төлегісі келетін азық-түліктің және басқа да тауарлардың саны мен салмағы көрсетіледі және қажетті соманы төлейді. Сатып алынған тауарды күзетке алынған адам алғаннан кейін оның қолы қойылған өтініштің бірінші данасы тауар құнын төлеген адамға қайтарылады, ал екінші данасы жеке ісіне тігіледі. Тиісті белгісі анықтама картотекасына қойылады.

88. Тергеу изоляторының әкімшілігі сәлемдеме мен сәлем-сауқат ішіне салынған заттардың сақталуын қамтамасыз етеді, алайда ұзақ уақыт сақталу салдарынан табиғи бұзылуы, сондай-ақ тексеру нәтижесінде тауарлық бейнесінің жойылуы кезінде жауап бермейді.

89. Сәлемдеме немесе сәлем-сауқатты қабылдаған күннен бастап күдіктіге немесе айыпталушыға бір тәуліктен кешіктірілмей, ал күдіктінің немесе айыпталушының уақытша болмауы не карцерге немесе бір адамдық камерада отырған жағдайында, осы Қағиданың 27-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, - оның қайтып оралғанынан кейін не жазалау шарасы аяқталғаннан кейін табыс етілуі тиіс.

## 8. Күдіктілер мен айыпталушылардың жеделхаттарды, хаттарды, ақша аударымдарын алуы мен жөнелту тәртібі

90. Күдіктілер мен айыпталушыларға туыстарына және басқа адамдарға хаттар мен жеделхаттар жіберуге және алуға рұқсат етіледі.

91. Күдіктілер мен айыпталушылардың хат жазысуы тергеу изоляторы әкімшілігі арқылы ғана олардың өз есебінен, қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен жүзеге асырылады және прокурор мен сотқа арналған хаттан басқалары цензураға жатқызылады.

92. Күдіктілер, айыпталушылар пошта қажеттерін (конверттер, маркілер, жеделхат бланкілерін) тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) сатып алады.

93. Күдіктілер мен айыпталушылардың хаттарын және толтырылған жеделхат бланкілерін күн сайын әкімшілік өкілі қабылдайды. Хаттар тек қана желімделмеген конвертте қабылданады, онда жөнелтушінің тегі, аты-жөні және тергеу изоляторының пошта мекен-жайы көрсетіледі. Толтырылған жеделхат бланкісіне күзетке алынған адамның тергеу изоляторы бастығының атына жеделхаттың төлемін өтеуге жеке есепшотынан ақша алынуын сұрап жазған өтініші тіркеледі. Өтініш ақша түбіртегімен бірге әкімшілік өкіліне тапсырылады .

94. Қаржы бөлімінің қызметкері жеделхат жібермекші болған қамауға алынған адамның жеке есепшотында ақша бар екенін тексеріп және поштамен жөнелтілертін заттың құнын есептей келіп, одан қажетінше ақша бөлінеді.

95. Жеделхат жөнелтілгеннен кейін қамауға алынған адамға пошта түбіртегі, ал жеке есепшотында ақшасы болса, оған тиісті белгі қойылған ақша түбіртегі тапсырылады. Егер есепшотта ақша қалмаса, ақша түбіртегі өтінішке тіркеледі. Жеделхат жөнелтуші адамның өтініші пошта түбіртегін алғаны туралы қолхатпен бірге оның жеке ісіне тіркеледі.

96. Күдіктілер мен айыпталушылардың тапсырыс бойынша және бағалы хаттарын, сондай-ақ ақша аударымдарын жөнелту осы Қағиданың 95-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.

97. Аталған мекеме әкімшілігі күдіктілер мен айыпталушылардан жеделхат немесе хат қабылдаған сәттен бастап оларды жөнелткенге дейін, сондай-ақ тергеу изоляторына жеделхат немесе хат келіп түскен сәттен оларды қабылдаушыға тапсырғанға дейін жеделхат пен хаттардың сақталуына жауап береді, хат алмасудағы құпиялылықты қамтамасыз етеді.

98. Күдіктілер мен айыпталушылардың атына келіп түскен хаттарды, жеделхаттарды тапсыру, сондай-ақ оның хаттарын қабылдаушыға жөнелтуді тергеу изоляторының әкімшілігі мереке күндерінен басқа күндері, хаттың келіп түскен немесе оны күдікті мен айыпталушының тапсырған күнінен бастап үш күндік мерзім ішінде іске асырады. Хатты мемлекеттік немесе ресми қолданылатын орыс тіліне аудару қажет болғанда хатты тапсыру мерзімі аударма жасауға қажет болған уақытқа ұзартылады.

99. Күдікті мен айыпталушыға жақын туысының өлімі немесе ауыр сырқаттануы туралы хабар алынысымен кешіктірілмей хабарланады.

100. Куәлерге, жәбірленушіге арналған, сондай-ақ ішінде қылмыстық іс бойынша қорлау, қорқыту, кек алу, қылмыс жасауға немесе басқа тәртіп бұзушылыққа шақыру, тергеу изоляторының күзеті, оның қызметкерлері жайлы ақпараттар, тыйым салынған заттарды беріп жіберу тәсілдері және қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кесірін тигізетін, қылмыс жасауға ықпал ететін басқа да мәліметтер бар құпия жазбамен, мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалған құпиялар шифрленіп жазылған хаттар мен жеделхаттар адресатқа тапсырылмайды және қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға тапсырылады.

101. Күдіктілер мен айыпталушыларға арналған ақша пошта арқылы тергеу изоляторының мекен-жайына аударылады және олардың жеке есепшотына салынады. Күдікті немесе айыпталушының жеке есепшотынан ақша алып аудару

үшін, олар тергеу изоляторы бастығының атына дәлелді өтініш жазады. Ақша күдікті немесе айыпталушының жеке есепшотындағы қаржыдан пошта арқылы аударылады.

## 9. Күдіктілер мен айыпталушылардың ұсыныс, өтініш және шағым жолдау тәртібі

102. Әкімшілік өкілдері күн сайын камераларды аралап, күдіктілер мен айыпталушылардан жазбаша және ауызша ұсыныстарын, өтініштерін және шағымдарын қабылдайды. Ұсыныстарға, өтініштерге және шағымдарға берілген жауаптар күдіктілер мен айыпталушыларға қолхат алынып хабарланады және жеке ісіне тіркеледі.

103. Ауызша түрде қабылданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар рұқсат беруге жауапты адамға баяндалады.

104. Тергеу изоляторы әкімшілігіне арналған жазбаша ұсыныстар, өтініштер және шағымдар тіркеледі және рұқсат беру жөнінде шешім қабылдайтын тергеу изоляторының бастығына баяндалады. Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда сезіктіге немесе айыпталушыға тиісті түсініктеме беріледі.

105. Прокурорға немесе сотқа жолданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар желімделген конвертте қабылданады және цензураға жатқызылмайды. Оларды ашуға қатаң тыйым салынады. Келіп түсулеріне орай олар кешіктірілмей адресатқа жолданады.

106. Мемлекеттік органдарға жолданған ұсыныстар, өтініштер және шағымдар тергеу әкімшілігінің талқылауынан өтуге және ол қабылданған уақытынан бастап бір тәуліктен кешіктірілмей арналған жеріне жөнелтілуі тиіс.

107. Егерде өтініш пен шағымда қылмыстық іспен байланысы жоқ, тергеу изоляторы әкімшілігінде шешілетіндей заңды талаптар мен ұсыныстар болса, онда күдіктілер мен айыпталушылардың келісімімен мекен-жай иесіне жіберілмейді. Мұндай жағдайда әкімшілік шағымда және өтініште талап етілген мәселелерді шешу үшін шара қолданады және оның қорытындысы туралы сезіктіге немесе айыпталушыға тиісті түсініктемелер беріледі.

108. Егер әкімшілік шағымда, өтініште талап етілген мәселелерді шешуге құзыретті болмаса немесе автор оларды адресатқа жіберуді табанды талап етсе, олар арналған жеріне жіберіледі.

Мұндай жағдайда тергеу изоляторының әкімшілігі өтініш пен шағымда талап етілген мәселелерге тікелей байланысты берген түсініктемелері мен атқарған шаралары туралы баяндалған хат (анықтама) тіркейді.

109. Ұсыныстардың, шағымдардың және өтініштердің ішінде қылмыстық іс бойынша ақиқатты ашуға кедергі болатын немесе қылмыстың жасалуына

септігін тигізетін, ішінде мемлекеттік немесе басқа да заңмен қорғалған құпиялар , құпия жазумен, шифрмен жазылған мәліметі бар болса, онда ол адрес иесіне жіберілмейді және қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға жіберіледі.

110. Егер ұсыныста, өтiнiште және шағымда аталған мәселелердi адресатқа иесінің шешуіне құқығы немесе құзыреті болмаса, онда күдiктiлер мен айыпталушыларға тиiстi түсiнiктеме берiледi. Егер автор оларды адрес иесіне жіберуді табанды талап етсе, олар арналған адреске жiберiледi.

111. Апелляциялық және кассациялық шағымдардан басқа ұсыныстарды, шағымдарды және өтiнiштердi жiберу бойынша шығындарды төлеу жөнелтушiнiң есебiнен жіберіледі. Күдiктiнiң немесе айыпталушының жеке есепшотында ақшасы болмаған кезде шығын (жеделхаттан басқа) тергеу изоляторының есебiнен өтеледi.

## 10. Күдiктiлер мен айыпталушылардың дiни салттарды атқаруы тәртiбi

112. Күдiктiлер мен айыпталушылар дiни салттарды камерада, ал мүмкiндiк болса тергеу изоляторындағы осы мақсатқа арнайы жабдықталған, дiни конфессиясының дәстүрлеріне сай бөлмелерде атқарады.

113. Осы Қағиданы және күдiктiлер мен айыпталушылардың құқығын бұзатын дiни салттарды атқаруға жол берiлмейдi.

114. Күдiктiлер мен айыпталушыларға өзiнде ұстауға және пайдалануға дiни кiтаптарға, жеке пайдаланылатын, денеге тағылатын немесе қалтаға салып жүретiн дiни табыну заттарына, өткiр-үшкiр құралдардан, қымбат тастардан, металл бұйымдарынан немесе табиғи және мәдени құндылығы бар заттардан басқа заттарға рұқсат етiледi.

115. Қылмыстық iстi жүргiзушi органның немесе адамның рұқсатымен және өтiнiшiмен күдiктiлер мен айыпталушыларға рухани көмек көрсету үшiн тергеу изоляторына дiн қызметшiсiн шақыртуға болады.

Дiн қызметшiсiнiң қызметiне ақы күдiктi мен айыпталушының жеке есепшотындағы қаржы есебiнен төленедi.

## 11. Айыпталушыларды еңбекке тарту тәртiбi

116. Айыпталушылардың жұмысы тек тергеу изоляторы аумағында, камераларда, өндiрiс алаңдарында, шеберханаларда және жөндеу-құрылыс жұмыстарына ұйымдастырылады. Жұмысты өндiру кезiнде Заңмен белгiленген айыпталушыларды жеке орналастыру ережесiнiң талаптарын, бекітілген Заңның 31, 32 тармақтарына, сондай-ақ азаматтық және еңбек заңдарының, техникалық қауiпсiздiк ережелерiнiң орындалуы қамтамасыз етiледi.

117. Айыпталушылар тергеу изоляторының арнаулы бөлімдеріндегі, фотозертханалардағы, радиотрансляциялық жүйедегі жұмыстарға, сондай-ақ инженерлік-техникалық күзет құралдарын, дабыл және байланыс, көлік құралдарының барлық түрлерін және көбейткіш аппаратураларды жөндеумен және пайдаланумен байланысты жұмыстарға жіберілмейді.

118. Жұмыс істеуге ықылас білдірген айыпталушылар тергеу изоляторы бастығының атына өтініш жазады, ол оны үш күн ішінде қарап және тиісті шешім қабылдауға міндетті. Айыпталушыны мекемеде жұмысқа орналастыру мүмкіншілігі болмағанда, оған тиісті түсініктеме беріледі. Айыпталушылардың еңбекақысы заңмен көрсетілген ұсталымдардан кейін олардың жеке шотына ауыстырылады.

119. Тергеу изоляторының әкімшілігі барлық ниет білдірген айыпталушыларды жұмысқа тарту мүмкіндіктерін қарастыруы тиіс.

## 12. Күдіктілер мен айыпталушылардың отбасылық-құқықтық қатынастарға және азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысу тәртібі

120. Күдіктілер мен айыпталушылардың некеге тіркелуін осы тергеу изоляторы орналасқан аумақтағы азаматтық хал актілерін жазу органы (бұдан әрі – АХАЖ) тергеу изоляторында жүргізеді.

121. Күдіктімен және айыпталушымен некеге тұрғысы келетін адам тергеу изоляторына өзі тұратын жердің немесе тергеу изоляторы орналасқан жердің АХАЖ мекемесі куәландырылған өтінішін, сондай-ақ қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның күдіктінің және айыпталушының аталған адаммен кездесуіне берген рұқсатын әкеліп береді. Некеге тіркеу туралы өтініш келіп түскен тергеу изоляторы әкімшілігі оны күдікті мен айыпталушыға өзіне қатысты бөлігін толтыру үшін береді.

122. Өтінішке жетіспейтін мәліметтер енгізілгеннен кейін тергеу изоляторының әкімшілігі өтініште көрсетілген мәліметтер мен күдікті мен айыпталушының жеке ісіндегі құжаттарын салыстырады. Күдіктінің және айыпталушының қолының түпнұсқасы және көрсетілген мәліметтердің дұрыстығы тергеу изоляторы бастығының қолымен куәландырылады және мекеменің мөрі басылып, содан кейін әкімшілік бірлескен некеге тіркелу өтініштерін тергеу изоляторы орналасқан жердегі АХАЖ мекемесіне жібереді.

123. Күдікті мен айыпталушының жеке ісінде оның отбасы жайлы мәліметтердің дұрыстығын дәлелдейтін құжаттар болмаса, онда оларды туыстары берулері керек, ал олар болмаған болса бұрынғы тұрған жерінің АХАЖ органына сұрау салу жіберіледі.

124. Егер күдікті мен айыпталушы некеге тұрғысы келсе, тергеу изоляторының әкімшілігі күдікті мен айыпталушы кіммен некеге тұрғысы келеді, сол адамға өтініш жолдайды. Бір уақытта көрсетілген адамға тергеу изоляторының тұрғылықты жері бойынша неке қию тіркеуі өткізілуі мүмкін АХАЖ органының атауы және мекен-жайы хабарланады.

125. Мұндай өтініш алған адам некеге келіскен кезде оған қатысты бөлігін толтырады, және өтініште көрсетілген қолдарды және мәліметтерді куәландыру үшін өзінің тұрғын жері бойынша АХАЖ органына жібереді, бұдан кейін өтінішті АХАЖ органына тапсырады ол оған тергеу изоляторымен хабарланған болатын.

126. Некеге тіркеу некеге отырушылардың қатысуымен тергеу изоляторында жүргізіледі. Аталған адамдардың тарапынан куәлардың жалпы саны екі адамнан аспауы керек.

127. Некеге тіркеу төлемі және көлік шығыны некеге отырушылардың есебінен өткеріледі.

128. Тәртіптік жазасын карцерде өтеп жатқан күдіктілер мен айыпталушылардың некеге тіркелуі оның бұл жазасын өтегеннен кейін ғана жүзеге асырылуы тиіс.

129. Тергеу изоляторының әкімшілігі қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсаты болса некеге тіркелгеннен кейін сезікті мен айыпталушыны белгіленген тәртіп бойынша жұбайымен (ерімен) кездестіру Заңның 17-тармағына сай ұсынылады.

130. Некені бұзу үшін күдікті немесе айыпталушы сотқа немесе кәмелетке толмаған балалары жоқ жұбайлардың бірдей келісімі болса АХАЖ мекемесіне өтініш береді.

131. Күдіктілер мен айыпталушылар егерде заңға немесе осы Қағидаға қайшы келмеген жағдайда басқа да отбасылық-құқықтық қатынастарға қатысуға құқылы .

132. Азаматтық-құқықтық мәмілені жүзеге асыру үшін күдікті және айыпталушы белгіленген үлгіде сенімхат жазады, оны Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес тергеу изоляторының бастығы куәландырады.

Сенімхат арналып жазылған адамға қылмыстық істі жүргізуші адам немесе орган арқылы беріледі.

133. Күдіктіден немесе айыпталушыдан сенімхат алғысы келетін азаматтар, тергеу изоляторы әкімшілігінің жеке қабылдауына өтініш әкеледі немесе оны пошта арқылы жолдайды.

## 13. Айыпталушылардың газеттерге және журналдарға жазылуын жүргізу тәртібі

134. Айыпталушыларға Қазақстан Республикасының байланыс бөлімшелері арқылы таратылатын газеттер мен журналдарға жазылуға құқық беріледі.

135. Жазылу үшін айыпталушы тергеу изоляторы бастығының атына өтініш жазады. Жазылуға ниет білдірген адамға оның өз есебінен абонемент және тасымалдау карточкасының бланкілері беріледі.

136. Жазылуды тергеу изоляторының қызметкері оның жеке есепшотындағы қаржыдан оның өз есебінен байланыс бөлімшесінде жүргізеді.

137. Жазылуды басқа мекен-жайға ауыстыру жазылушының жазбаша өтініші бойынша тергеу изоляторы әкімшілігінің рұқсатымен оның өз есебінен жүзеге асырылады.

138. Айыпталушының басылымдарға жазылуын оның туыстары немесе басқа адамдар да жүзеге асыруына болады.

139. Жазылуға болатын басылымдардың саны шектелмейді.

## 14. Күдіктілер мен айыпталушыларды медициналық-санитарлық қамтамасыз ету

140. Күдіктілер мен айыпталушыларды дәрігерлер: хирург, терапевт, фтизиатор, психиатр, дермато-венеролог тергеу изоляторына келіп түскен кезде үш күндік мерзімде міндетті және медициналық қараудан өткізеді, сондай-ақ олар флюорографиялық және зертханалық тексеруден өтеді. Медициналық тексеруден өтпеген адамдар басқа күдіктілер мен айыпталушылардан бөлек ұсталады. Медициналық тексерудің нәтижесі күдікті мен айыпталушының медициналық амбулаториялық картасында белгіленеді.

141. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторының медицина қызметкері күнделікті камераларды аралаған кезде одан медициналық көмек сұрап өтініш жасайды, ал кенеттен қысылып ауырған жағдайда тергеу изоляторы қызметкерінің қайсысына болса да өтініш жасайды. Сезікті мен айыпталушы өтініш жасаған қызметкер оған медициналық көмек көрсету үшін шара қолдануға міндетті.

142. Күдіктілер мен айыпталушыларға амбулаториялық көмек камераларда, басқа бөлмелерде, сондай-ақ тергеу изоляторының медициналық бөлімінің мамандандырылған кабинеттерінде көрсетіледі. Дәрі-дәрмектер дәрігердің белгілеген мөлшерінде әркімге қолхат арқылы бөлінеді.

143. Қамауға алынған адамдардың туысқандарынан алған медициналық препараттары медициналық көрсеткіштері бойынша және тек қана тергеу

изоляторының медицина қызметшісінің бақылауымен қатаң түрде жүзеге асырылады. Туысқандарынан алынған медициналық препараттар, дәрігерлік бөлімде сақталады.

144. Тергеу изоляторының медициналық бөлімдерінің жанында стационарлық бөлімшелер ұйымдастырылады. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 314 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11206 болып тіркелген) бекітілген, Бас бостандығы шектеулі азаматтарға, сондай-ақ сот үкімі бойынша жазасын бас бостандығынан айыру орындарында өтеп жүрген, арнайы мекемелерге орналастырылған адамдарға медициналық көмек көрсету қағидаларына сәйкес тергеу изоляторында ұсталатын науқастар арнайы медициналық көмек көрсету қажет ететін жағдайларда, денсаулық сақтаудың мемлекеттік жергілікті басқару органының медициналық ұйымдарына жіберіледі , ол үшін жинамалы күзет құралдарымен жабдықталған оқшауланған палаталар бөлінеді.

Ескерту. 144-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

145. Медицина қызметкері қамауда ұсталынатын адамдардың, соның ішінде тергеу әрекеті немесе сот отырыстарынан тергеу изоляторына келген адамдардың, оларда дене зақымдары мен тері және жұқпалы аурулардың белгілерін анықтау мақсатында сыртқы карауды өткізеді. Жұқпалы аурулардың табылуы барысында, олар дереу оқшауланады, эпидемияға қарсы кешенді шаралар өткізіледі. Дене зақымдарына қарау нәтижелері бойынша акті жасалады.

Дене зақымдары табылу барысында медицина қызметкері медициналық көмек көрсетеді, бір тәулік мерзімде медициналық куәландыру жасайды, оның нәтижелері қамауға алынған адамның емханалық картасына жазылады. ҚАЖ мекемесінің әкімшілігі қамауда ұсталатын адамдарда дене зақымдары табылуының әрбір фактісі жөнінде бір тәуліктік мерзімде жазбаша түрде жаза өтеу заңдылығын қадағалау және азаматтардың құқығын қалпына келтіру жөніндегі прокуратураға хабарлайды.

146. Күзетке алынған адамның дене жарақатын Заңның 23-бабына сәйкес медициналық куәландыруды Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық сақтау аясында басшылық ететін денсаулық ұйымдарының қызметкерлері мынадай жағдайларда:

1) тергеу изоляторы бастығының шешімі бойынша;

2) қадағалаушы прокурордың нұсқауы бойынша;

3) өндірісінде қылмыстық іс бар адамның немесе органның шешімі бойынша;

4) дене жарақатын алған сезіктіден немесе айыпталушының мәлімдемесі бойынша;

5) дене жарақатын алған сезіктінің және айыпталушының қорғаушысының мәлімдемесі бойынша жүргізуі мүмкін.

147. Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулығын сақтау шеңберінде басшылығын жүзеге асыратын, медицина мекемесі қызметкерлері медициналық куәландыру жүргізулері үшін дене жарақатын алған адам немесе оның қорғаушысы тергеу изоляторы бастығының атына өтініш береді. Өтініш бір тәулік ішінде қаралуы тиіс.

## 15. Күдіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеулерін ұйымдастыру тәртібі

148. Күдіктілер мен айыпталушылардың күнделікті серуендеуді пайдалану уақыты бір сағаттан, ал кәмелетке толмағандарда екі сағаттан кем болмауы керек . Серуеннің уақытын тергеу изоляторының бастығы ішкі тәртіп, ауа райын, мекеменің адамдармен толығуын және басқа жағдайларды ескере отырып тағайындайды. Жүкті әйелдердің және қолында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдердің серуені үш сағатқа дейін ұзартылады.

149. Күдіктілер мен айыпталушыларға серуендеу уақыты тәуліктің жарығы басымырақ кезінде беріледі. Әр камераларда ұсталушыларды серуенге шығару уақыты жылжымалы кестемен белгіленеді.

150. Осы Қағидаға 13-қосымшаға сәйкес серуенге апару арнайы серуендеу ауласында жүргізіледі. Серуендеу ауласы орындықтармен және жаңбырдан қорғайтын шатырмен жабдықталады. Серуендеу кезінде кәмелетке толмағандарға дене шынықтыру жаттығуларына және спорттық ойындарға мүмкіншілік беріледі. Балалы әйелдерге арналған аулалар көгалдандырылады және құмсалғышпен жабдықталады.

151. Күдікті мен айыпталушылар серуенді мезгілінен бұрын тоқтату үшін серуенге жауапты адамға өтініш жасауына болады, ол тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына баяндалады. Аталған лауазымды адам өтініштің мәні бойынша шешім қабылдайды.

## 16. Күдіктілер мен айыпталушылардың қорғаушылармен, туыстарымен және басқа адамдармен кездесуін өткізу тәртібі

152. Күдіктіге немесе айыпталушыға туыстарымен және басқа адамдармен кездесу қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты

негізінде беріледі. Туыстарымен және басқа да адамдармен кездесуге осы Қағидаға 14-қосымшаға сәйкес рұқсат беріледі, рұқсат бір реттік кездесуге жарамды.

Кездесуге берілген жазбаша рұқсатта ол кімге және қандай адамдармен кездесуге берілгені көрсетілуі тиіс. Күдіктімен және айыпталушымен кездесуге бір мезгілде екі ересек адамға ғана рұқсат беріледі.

153. Қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның жазбаша рұқсаты негізінде, сондай-ақ жеке басты куәландыратын құжаттар негізінде тергеу изоляторының бастығы немесе оның орынбасары кездесуге рұқсат етіп, жазбаша нұсқау береді және кездесу уақытын жалпы кезекке байланысты белгілейді, содан кейін кездесу өткізуді ұйымдастыру үшін кезекші көмекшіге әмір береді.

154. Кездесу жалпы кезек тәртібімен беріледі. Кездесуді бастар алдында оған келген адамдарға кездесу кезіндегі тәртіп сақтау ережелері хабарланады және белгіленген тәртіп бұзылған жағдайда кездесудің тоқтатылатыны жайлы ескерту жасалады.

155. Кездесуге оның жеке басын анықтайтын құжатсыз немесе мас күйде келген, сондай-ақ рұқсат қағазында көрсетілмеген адамдарға рұқсат берілмейді. Кездесуге рұқсат берілмеу себебі кездесуге келген адамға жарияланады. Транзитпен жөнелтілетін адамдарға кездесуге рұқсат берілмейді.

156. Күдіктілер мен айыпталушылардың туыстарымен және басқа адамдармен кездесуі осы Қағидаға 15-қосымшаға сәйкес жабдықталған бөлмеде, тергеу изоляторы қызметкерінің бақылауымен қандай да бір құрал бергізбейтін, екі адам арасын бөліп тұратын, бірақ көзбе көз жүздесуге тосқауыл болмайтын қабырға арқылы жүргізіледі.

Күдіктілер мен айыпталушылардың кездесуге келгендермен тіл қатысуы бетпе бет немесе сөйлесу құралдары арқылы іске асырылады және оны тергеу изоляторы қызметкерінің тыңдап отыруы мүмкін.

157. Күдіктінің немесе айыпталушының қорғаушысымен кездесуі жұмыс уақытында, оңаша өткізіледі және олардың арасында бөлгіш қабырға болмайды, кездесудің саны мен ұзақтығына шек қойылмайды. Кездесу тергеу изоляторы қызметкерінің күзетке алынған адамның және қорғаушының бет жүзін көре алатындай, бірақ сөздері естілмейтіндей жағдайда жүргізіледі.

158. Қорғаушының жеке басын куәландыратын құжаты, адвокатураға қатысын растайтын құжаты, қылмыстық іс жүргізу заңнамасының нормаларына сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші адам немесе орган берген қылмыстық іске қатысуға растау болған жағдайда, қорғаушыға сезіктімен немесе айыпталушымен кездесуге рұқсат беріледі.

159. Күдіктілерімен және айыпталушылармен кездесуге рұқсат алған адамдарға тергеу изоляторы бастығының немесе оны ауыстыратын адамның

рұқсатынсыз тергеу изоляторына техникалық байланыс құралдарын, киноға, суретке түсіретін, дыбыс және бейнелеу және көбейткіш аппаратураларын алып кіруге және оларды кездесу кезінде пайдалануға тыйым салынады.

160 мынандай негізде кездесу тез арада тоқтатылады:

1) кездесуге келген адамдар кездесуді өткізуге жауапты тергеу изоляторы қызметкерінің заңды талаптарын орындамаса;

2) күзетке алынған адамға қандай да бір құралдар, заттар, азық-түлікті бермекші болса немесе одан алмақшы болса;

3) қылмыстық іс бойынша шындықты анықтауға кедергі болатын, қылмыс жасауға немесе басқа да құқық бұзушылыққа септігін тигізетін мәліметтер бермекші болса;

4) кездесуге келген адамдар өзара байланыс үшін шартты дабылдарды, шифр немесе мәлімет берудің басқа айлакер тәсілдерді пайдаланса кездесуді мезгілінен бұрын тоқтату үшін негіздемелер болып табылады.

161. Кездесу дереу тоқтатылған жағдайда оны өткізуге жауапты тергеу изоляторының қызметкері тергеу изоляторы бастығына кездесуді тоқтатудың себептерін атап көрсетіп, жазбаша түрде баяндайды.

162. Күдіктілер мен айыпталушылардың кездесуі қысқа мерзімге тоқтатылғанда (карантинге байланысты, ерекше жағдай кестесін енгізгенде және басқа жағдайда) тергеу изоляторының бастығы бұл туралы тергеу изоляторында заңның сақталуын қадағалайтын прокурорға, тиісті сот және тергеу органдарына хабарлайды, келген адамдар үшін қабылдау бөлмесіне хабарлама ілінеді.

## 17. Күдіктілердің, айыпталушылардың тергеу амалдарына және сот отырыстарына қатысуларын қамтамасыз ету тәртібі

163. Тергеу изоляторы әкімшілігі қылмыстық іс жүргізу соттардың, прокурорлардың, тергеушілердің, анықтаушылардың жұмыс уақытында тергеу изоляторына кедергісіз кірулерін және тергеу істерін жүргізу үшін күдіктілер мен айыпталушыларды шақырту бойынша жеткізіп отыруды қамтамасыз етеді.

164. Кезекші ауысымның кезекшілікті қабылдап-тапсыру кезеңінде (бір сағаттан аспау керек), ішкі тәртіп кестесіне сәйкес тамақ ішетін уақытқа ( таңертеңгі, түскі, кешкі ас), сондай-ақ түнгі мезгілде (кешкі сағат 22-ден келесі күнгі таңғы сағат 6-ға дейін) Қазақстан Республикасы ҚІК қаралған басқа да жағдайда күдіктілерді және айыпталушыларды кездесу үшін және шақырту бойынша камерадан шығаруға тыйым салынады. Аталған мерзімдерде шақырту бойынша шыққан күдіктілер мен айыпталушылар камераларға қайтуы тиіс.

165. Тергеушінің, анықтама жүргізушінің, прокурордың немесе соттың ( судьяның) нұсқауы бойынша тергеу изоляторы аумағында тергеу жүргізу,

амбулаторлық соттық - психиатрлық және басқа да сараптама жасау үшін оның әкімшілігі мынадай жағдайларда:

1) жабдықталған бөлме беруге;

2) күдіктіні және айыпталушыны алып келуге және оның күзетін қамтамасыз етуге;

3) тергеу ісіне қатысу үшін тартылған басқа адамдардың тергеу изоляторына кірулеріне рұқсат беруді қамтамасыз етуге;

4) күзетке алынған адамның мекеменің қоймасында сақталуда жатқан немесе оның пайдаланып жүрген мүлкін тінтуге, оған тыйым салуға міндетті.

166. Күдіктілер мен айыпталушылар тергеу изоляторы әкімшілігінен қолда сақтау үшін мына құжаттарды қолхат арқылы алады:

айыптау қорытындысының көшірмесі;

тергеушіні, қорғаушыны, сотты ауыстыру туралы хабарлама;

Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің басқа бабы бойынша қылмыстық іс қозғау туралы қаулы;

үкімнің немесе сот ұйғарымның көшірмесі.

167. Істі аппеляциялық және кассациялық инстанциялардың қарайтыны туралы хабар; күзетке алынғанда ұстаудың мерзімін ұзарту туралы мәлімет; бір органнан екінші органға ауыстыру туралы мәлімет күдіктілерге және айыпталушыларға қол қою арқылы олардың жеке істеріне тігіледі.

168. Тергеу изоляторынан тыс жерде немесе соттың отырыстарында тергеу іс-әрекеттеріне қатысу үшін күдіктілер мен айыпталушылар ыстық тамақ ішуге міндетті. Олар мезгіліне сай киініп, сыртқы бейнесі ұқыпты болу керек. Қажет болған жағдайда аталған адамдар құрғақ тамақпен қамтамасыз етіледі.

## 18. Күдіктенушілер мен айыпталушыларға көтермелеу және жазалау шараларын қолдану тәртібі

169. Көтермелеу және жазалау шаралары қамауға алынған, тергеу изоляторында ұсталатын барлық күдіктілерге және айыпталушыларға Заңның 37-39 бабында көздеген тәртіппен қолданылады. Көтермелеу шаралары ретінде:

1) бұрын қолданылған шараны мерзімінен бұрын алып тастауға;

2) кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушыларға спорттық сабақтарға арналған үй-жайларға қосымша баруға, сондай-ақ уақытын пайдаланудың басқа да нысандарына рұқсат беру қолданылуы мүмкін.

170.Сөгіс тергеу изоляторы бастығының бұйрығымен беріледі. Карцерге қамау түріндегі жаза тергеу изоляторы бастығының дәлелді қаулысы Осы Қағидаға 16-қосымшаға сәйкес қабылданады. Жазалауды қолдану туралы бұйрықтар, қаулылар жазаланушыға қолхатын алу арқылы жарияланады.

Бұйрықтың көшірмесі немесе одан үзінді, қаулы тексеру материалдарын бірге сол адамның жеке ісіне қосылады.

Ауызша жарияланғандардан басқа барлық көтермелеулер мен жазалауларды корпус бойынша аға қызметкер камералық карточкаларға енгізеді және тәрбие бөлімі жүргізетін күдіктілер мен айыпталушыларды жазалаулар мен көтермелеулерді есепке алу кітабында Осы Қағидаға 17-қосымшаға сәйкест есепке алады.

171. Карцерге қамау медицина қызметкерінің сезіктіні немесе айыпталушыны карцерде ұстау мүмкіндігі туралы қорытындысы болған кезде жүзеге асырылады.

Карцерге қамауға жазаланғандарға мұқият тінту жүргізіледі және олар қажеттілік бойынша карцерлерге бекітілген киімдерді киеді (18-қосымша). Карцерге қамалған адамды санитарлық емдеу, ол жазалауды өтегеннен кейін, ал дәрігердің нұсқауы бойынша оны карцерде ұстау кезеңінде де жүргізіледі. Дәрігердің сырқаттанғанды карцерден мерзімінен бұрын босату қажеттілігі туралы нұсқауы дереу орындауға жатады.

172. Карцерге қамалған адамның тергеушіге немесе сотқа шақырылуы, сондай-ақ тергеу изоляторынан уақытша кетуі оны қолданылған жазаны әрі қарай өтеуден босатпайды. Бұл жағдайда тергеу изоляторында ұзақтығы бір тәуліктен астам болмаған уақыты карцерде ұсталу мерзіміне есептелмейді.

## 19. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторы бастығының немесе оның өкілінің жеке қабылдау тәртібі

173. Күдіктілер мен айыпталушыларды тергеу изоляторының бастығы немесе оның уәкілі демалыс және мереке күндерінен басқа уақытта күн сайын жұмыс уақытында жеке қабылдайды.

174. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдау кесте бойынша жүзеге асырылады, ол күдіктілер мен айыптыларға хабарланады. Қажет болған жағдайларда күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдау кестеге жүгінбей қосымша өткізіле береді.

175. Күдіктілер мен айыпталушыларды жеке қабылдауға жазуды тергеу изоляторы қызметкерлері күн сайын камераларды аралаған кезде жүзеге асырады . Қабылдау туралы тергеу изоляторы бастығының атына жазбаша өтініш беріледі немесе ауызша айтылады және берген уақытына қарай кезек тәртібімен жеке қабылдау журналына тіркеледі.

176. Қабылдау өтініштің берілуіне қарай кезектілік тәртібімен өткізіледі. Қабылдау аяқталған соң журналда және жеке қабылдау туралы өтініште оның нәтижесі бекітіледі. Өтініш күдіктінің, айыпталушының жеке ісіне тігіледі.

177. Тергеу изоляторының бастығы, оның орынбасарлары немесе бөлім бастықтары күдіктілердің және айыпталушылардың туыстарын немесе басқа адамдарды жеке қабылдауды келушілер бөлмесінде ілініп тұратын кесте бойынша тергеу изоляторының қабылдау бөлмесінде жүзеге асырады. Осы бөлмеде азаматтарды жеке қабылдауға жазба жүргізіледі.

178. Күдіктілер мен айыпталушылардың туыстарын және басқа адамдарды жеке қабылдаудың нәтижелері арнайы журналда белгіленеді.

## 20. Тергеу изоляторында қайтыс болған күдіктілер мен айыпталушылардың денелерінің берілу тәртібі

179. Тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктінің және айыпталушының қайтыс болуы туралы оның жеке ісінде көрсетілген туыстарына, осы факт бойынша тексеру жүргізетін прокурорға, сондай-ақ қылмыстық істі жүргізуші адамға немесе органға дереу хабарлайды.

Егер қайтыс болған адамның туыстары тергеу изоляторы орналасқан қалада тұрмаса хабар телеграф арқылы жолданады.

Шетел азаматтарының өлімі туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына, Сыртқы істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің басшылығына дереу хабарланады. Сонымен қатар бас бостандығынан айыру орындарындағы заңның қолданылуын қадағалайтын прокурорға, сондай-ақ қайтыс болған адам азаматы болып саналатын мемлекеттің елшілігіне немесе өкілдігіне жазбаша түрде хабарланады.

180. Күдіктілер мен айыпталушының денесі алуды талап еткенге дейін бірақ жеті тәуліктен асырылмай немесе өкілетті органның қайтыс болу фактісі бойынша тексеруді аяқтағанына дейін денсаулық сақтау органының жақын жердегі емдеу мекемесіндегі мәйітханаға тапсырылады. Қайтыс болган адамның денесін алуға оның туыстарының айрықша құқығы бар. Олар болмағанда немесе денені алудан бас тартса, ол дене беруді талап еткен адамға береді.

181. Қайтыс болған адамның денесін беруді талап еткен адамның жазбаша өтініші бойынша қылмыстық істі жүргізуші адамның немесе органның рұқсатымен беріледі. Өлген адамның денесін алу үшін жеке басын куәландыратын төлқұжатын көрсетуі керек.

182. Қайтыс болған адамның туыстарына немесе басқа адамдарға өлгені туралы куәлік алу үшін қайда бару керектігі түсіндіріледі. Жерлеу жабдықтарымен өлген адамның денесін беруді талап еткен адамның өзі қамтамасыз етеді.

183. Қайтыс болған адамның туыстарына немесе басқа адамдар денені алуға уақытында келе алмаса, олар бұл туралы хабарлауға тиіс және денені белгіленген уақыттан артық сақтау төлемақысын төлеуге тиіс.

184. Қайтыс болған күдікті мен айыпталушының денесі белгіленген мерзімде талап етілмесе мемлекет есебінен жерлеуге беріледі.

## 21. Күдіктілер мен айыпталушыларды қамаудан босату тәртібі

185. Соттың тиісті шешімі тергеушінің, анықтау органының, прокурордың қаулысы бойынша күдіктілер немесе айыпталушыларды қамаудан босатуды тергеу изоляторының бастығы жүзеге асырады.

186. Тергеу изоляторының бастығы күдіктіні немесе айыпталушыны күзетпен ұстау мерзімі өткенге дейін 24 сағаттан кешіктірмей бұл туралы қылмыстық істі жүргізуші органды немесе адамды, сондай-ақ прокурорды жазбаша хабардар етеді.

Ескерту. 186-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

187. Бұлтартпау шаралары ретінде күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеу судьяның қаулысын факсимильдік байланыспен қабылдауға болады, қаулының түпнұсқасы поштамен қабылданады. Егер бұлтартпау шаралары ретінде күзетпен ұстау мерзімінің өтуі бойынша күдіктіні немесе айыпталушыны босату туралы не бұлтартпау шаралары ретінде күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тиісті шешім келіп түспесе, тергеу изоляторының бастығы оны өзінің қаулысымен босатады, оның көшірмесін 24 сағат ішінде қылмыстық істі жүргізуші органға немесе адамға және қадағалау жөніндегі прокурорға жібереді.

Ескерту. 187-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

188. Күдіктімен айыпталушыны нақты босатуға дейін күзетпен ұстау мерзімін ұзарту туралы тергеу судьяның қаулысы келіп түскен жағдайда, тергеу изоляторының бастығы өзінің қаулысының күшін жояды, ол туралы прокурорға хабарлайды.

Ескерту. 188-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

189. Қамаудан босатылған күдіктіге немесе айыпталушыға жеке құжаттары, заттары, жеке есепшотында сақтаулы ақшалары, сондай-ақ оның күзетпен ұстау мерзімі және босату негіздері көрсетілген анықтама беріледі.

Ескерту. 189-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

190. Қамаудан босатылған күдіктінің немесе айыпталушының жеке есепшотында тұрғылықты жеріне теміржол, автомобиль немесе су көлігімен жетуіне, жол үстіндегі азығына, жыл мерзіміне сай киім мен аяқ киіміне қажетті ақша сомасы болмаса, ол тергеу изоляторы бастығының атына өзін қажетті заттармен қамтамасыз етуін сұрап, өтініш жазады. Мекеме бастығы Үкіметтің № 1255 қаулысына сәйкес қамаудан босатылған адамға көмек көрсету туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 190-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

## 22. Өлім жазасына сотталғандарды немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстау

191. Өлім жазасына сотталғандарды немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды айдауылдан қабылдауды кезекші көмекші өзі жүргізеді. Қабылдағаннан кейін ол тергеу изоляторының бастығына немесе оның орынбасарына өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанның келуін хабарлайды, оны күзетуді және қамауда ұсталып жатқан адамдардан оқшаулауды қамтамасыз етеді. Сотталғанды камераға айдауылдауға кемінде екі қызметкерден тұратын айдауыл тағайындалады, сотталғанға "қолы артында" қалпында қолына кісен салынады. Келген сотталғанның жеке ісін кезекші тергеу изоляторының бастығына тапсырады.

192. Адамды ӨЖ немесе ӨБББА соттау туралы сот үкім шығарғаннан кейін, ол адам Осы Қағидаға 19-қосымшаға сәйкес тергеу изоляторының арнайы жабдықталған камерасында ұсталуға жатады және Осы Қағидаға 20-қосымшаға сәйкес киім киеді. Сақтауға тыйым салынған басқа киім мен бұйымдар алынып, қоймаға тапсырылады. ӨБББА сотталған жазасын өтеу үшін төтенше қауіпсіз мекемеге кеткен соң, аталған заттар тізілімдеме бойынша сол мекемеге беріледі, ӨЖ сотталғандардың заттары олардың туыстарына беріледі, олар болмаған жағдайда "Жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған ( түскен) мүлікті есепке алудың, сақтаудың, бағалаудың және одан әрі пайдаланудың кейбір мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 шілдедегі № 833 қаулысына сәйкес мемлекет кірісіне тапсырылады.

Ескерту. 192-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

193. Камераның жанындағы посты екі жақты дабыл-дыбыс бергіш хабарлағышпен, тергеу изоляторының кезекші бөлімінің пультімен, тікелей телефонмен жабдықталады. Мекемеде өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған камералар бесеуден асса, олардың күзетуге және қадағалауға арнайы посты қойылады. Камералардың саны одан аз болғанда күзету және қадағалау осы коридорда қызмет жүргізетін бақылаушыға жүктеледі.

194. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды күзету және қадағалау постына белгіленген бақылаушыларға кезекші әрбір кезекке түсу кезінде жеке нұсқау береді және олар міндетті түрде арнайы құралдармен, соның ішінде резеңке таяқпен, кісенмен және аэрозольдық бұйыммен жабдықталады. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстайтын постында қызмет өткеру тәжірибелі, күшті, қол ұрысын жақсы меңгерген күзетшілерге жүктеледі.

195. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды күзету және қадағалау жөніндегі ішкі пост бақылаушыларына:

1) камералардың есіктерін ашық қалдыруға немесе ішінде сотталғандар болғанда есіктен шектегішті алуға;

2) бірнеше сотталғандарды және бөлек камерада ұсталып жатқан сотталғандарды бір мезгілде шығаруға;

3) тамақ тарату кезінде ішкі тор есікті ашуға;

4) кезекші, корпус бойынша аға бақылаушылардың рұқсатынсыз өз бетімен камераны ашуға;

5) сотталғандармен қызметтен тыс байланыс жасауға және қызметке қатысы жоқ бөтен әңгіме жүргізуге тыйым салынады.

196. Сотталғандарды жуындыру камера бойынша бір-бірінен оқшауланған бокстарда, 7 күннен асырмай жүргізіледі. Бұл ретте, кісендер жуыну боксына кірген кезде және тор есік жабылған соң шешіледі. Қажет болған жағдайда, өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды бақылай отырып, жуынар алдында шашын алады, оларға қысқа шаш өсіруге рұқсат етіледі, шаш алу кезінде сотталғаннан кісен шешілмейді. Жуынатын күні ішкі киім және төсек-орны ауыстырылады, сондай-ақ жууды қажет ететін киімдері ауыстырылады. Сотталғандарға өз бетімен жуынуға тыйым салынған.

197. Осы Қағидаға 21-қосымшаға сәйкес ӨЖ немесе ӨБББА сотталғандар өздерінің жеке шоттарынан бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайын азық-түлік пен бірінші қажеттілік бұйымдарын сатып алуға арналған қаражат

жұмсауға, ӨЖ немесе ӨБББА сотталғандарға өздерімен бірге және камераларда ұстауға рұқсат етілген бұйымдардың, заттардың және азық-түліктің тізбесінде ( бұдан әрі - Тізбе) көзделген азық-түлік пен бірінші қажеттілік бұйымдарын өздерімен бірге және камераларда сақтауға, Осы Қағидаға 22-қосымшаға сәйкес Тізбеде көзделген азық-түлік пен бірінші қажеттілік бұйымдарын мекеменің дүкенінен сатып алуға, Қазақстан Республикасы Қылмыстық-атқару кодексінің 141-бабына сәйкес сауқаттар алуға құқылы.

Ескерту. 197-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

198. ҚР ҚАК 141-бабына сәйкес ӨЖ және ӨБББА сотталғандарға жақын туыстарымен немесе өзге де адамдармен кездесу ұсынылады. Үкім заңды күшіне енгізілгенге дейін тергеу изоляторының бастығы осы іс бойынша төрағалық ететін немесе үкімді шығарушы сот төрағасының тек жазбаша рұқсаты бойынша кездесу ұсынады.

Кездесуге соттың мөрімен расталған жазбаша рұқсатта: кімге және кім ұсынатыны көрсетіледі. Сотталғанмен кездесуге бір мезгілде ең көбі екі үлкен адам мен екі бала жіберіледі. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанның қалауы бойынша діни қызметшімен кездесу ұсынылады.

Ескерту. 198-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 09.04.2016 № 376 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

199. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанның туған-туыстарымен немесе өзге адамдармен қысқа мерзімді кездесуі. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанның қорғаушысы ретінде іске қатысатын адвокатпен кездесу жеке, ұзақтығы мен саны шектелмей ұсынылады. Адвокатпен кездесуде сотталған өзімен бірге қылмыстық іске қатысты құжаттар мен жазбалар алуға құқылы.

200. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанды қорғау ретінде іске қатысушы адвокатпен кездесу ұзақтығы және саы шектеусіз оңаша ұсынылады. Адвокатпен кездесуде ӨЖ немесе ӨБББА сотталған қылмыстық іске қатысты жәе жазбаларды пайдаланады.

201. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғаның:

1) белгіленген киім түрін бұзуына;

2) күзетпен бірге жүрмей және қолға арттан кигізілген қол кісендерінсіз, көзге байлайтын көрінбейтін материалдан орамасыз (демалу аулаларында, жуыну бокстарында, камералардан басқа) мекеме аумағы бойынша жүруіне;

3) әкімшіліктің рұқсатынсыз терезе әйнектерін ашып-жабуына;

4) камераларда киім жууына;

5) қарау көздерін жабуына;

6) басқа камерадағы сотталғандармен байланыс жасауына жол берілмейді.

202. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталған режим талаптарын бұзатын адамдарға мекеме әкімшілігі мынадай жаза шараларын:

1) сөгіс;

2) 15 тәулікке дейін карцерде ұстауды қолдана алады.

203. Сөгіс түріндегі жаза мекеме бастығының бұйрығымен қазақша үлгіде ресімделеді.

204. Карцерде ұстау түріндегі жаза мекеме бастығының қаулысымен және сотталғанды карцерде ұстау мүмкіндігі туралы медициналық қызметкердің қорытындысымен ресімделеді.

Сотталған жаза қолданылғанға дейін ұсталған сол камерада жазасын өтейді. Егер камерада жазасын өтеу үшін жазаға тартылған екі сотталған ұсталса, басқа камераға ауыстырылады.

Жазаны өтеу кезеңінде (карцерге енгізу) төсек жабдықтары алынады және белгіленген уақытта ұйықтау кезінде беріледі. Сотталған кітап, журнал, газет алу , хат, сәлем-саухат, сәлемдеме, азық-түлік тағамдарын алу және бірінші қажетті заттар алу, үстел үсті ойындарын пайдалану құқығынан айрылады. Карцерге қамалған сотталғандарға жақын туыстармен, діни қызметшілермен (адвокатпен кездесуден басқа) кездесу мүмкіндігі берілмейді.

205. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар еңбекке (камерада өзіне қызмет көрсетуден тыс) тартылмайды.

206. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар жалпы нормалар бойынша үш рет ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Тамақты тарату кезекшінің қатысуымен бақылаушылардың қадағалауымен жүргізіледі.

Тамақты Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандардың камерасына кемінде 3 бақылаушының қатысуымен ас блогының қызметкері күн тәртібімен белгіленген уақытта, камера бойынша, есіктегі терезе арқылы береді.

207. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанға пайдалануға рұқсат берілген мүліктер және құралдарды (хаттар, медициналық заттар, кітаптар және т.б.) беру кезінде арнайы құралдар пайдаланылады, сонымен бірге есік көзәйнектері ашылады, камералардың есігі ашылмайды.

208. Кезекшілікті қабылдау-тапсыру кезінде сотталғандарды санап тексеру есік әйнегі арқылы, камераға кірмей жүргізіледі.

209. Сыртқы есіктегі терезені ашқаннан кейін Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар команда бойынша беті қабырғаға қарай, аяқтарын иық енімен бірдей етіп түзеледі, қолдарын қабырғаға тірейді, саусақтары ашып, алақандарын жаяды. Камера бойынша кезекші белгіленген нысанда баянат жасайды.

Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға арналған камералардағы көзәйнектер ұзындығы кемінде 130 см болатын басында ілмегі бар арнайы шыбықпен ашылады, оны бақылаушы сотталғанға есіктегі терезе арқылы береді, бұл ретте шыбықтың доғал ұшы сыртқа қаратылып беріледі және сотталған оны кейін қарай сол тәртіп бойынша береді.

210. Камера тікелей қажеттілік жағдайында ғана кезекшінің немесе оның орынбасарының қатысуымен (егер осы кезде тергеу изоляторының Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғанға кезекші бақылаушыны есептемегенде, екі қызметкерден кем болмауы тиіс. Кезекші бақылаушы есікті ашқан соң сотталғандарға сапқа тұру жөнінде команда береді, оның берген командасы орындалғанына көзі жеткен соң, камера кезекшісінің баяндауынан соң, алып барушының бұйрығымен ғана сыртқы есікті ашады, содан соң, ішкі темір торды қарап есіктегі көзәйнек арқылы кезекпен сотталғандардың қолдарына кісен салады. Ол үшін сотталған артына салынған қолдарын көтеріп есікке жақындайды, және есікке, артқа қарап есіктегі көзәйнекке қолын созады. Бақылаушы қолына кісен салады, содан кейін сотталған қабырғаға келіп оған беті қарап тұрады.

211. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды серуенге шығарарда резервтегі топтың бақылаушысы оларға ауысым бойынша ішкі темір тор есігінің көзәйнегі арқылы аяқ киім, киім береді. Содан кейін осы Қағидаға сәйкес сотталғандарға кісен салынады, серуендейтін аулаға айдауылда бақылаушы сотталғандардың қолын арттарында ұстауды талап етеді. Серуендейтін аулада сотталғандар есікке қарама-қарсы қабырғаға бетімен қарап сапқа тұрады. Серуендейтін ауланың есігі құлыптанады. Бақылаушының тапсырмасы бойынша сотталғандар біртіндеп серуендейтін ауланың есік терезесіне келеді және серуен уақытында қолдарынан кісен алынады. Серуен біткен соң сотталғандардың айдауылдауы кейін қарай тәртіппен өтеді.

212. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды серуендету күн сайын тәуліктің күндізгі уақытында, камера бойынша, бір-бірінен оқшауланған серуендеу аулаларында жүргізіледі. Сотталғандар осы Қағидада белгіленген талаптарды бұзған жағдайда серуендетуді кезекші мерзімінен бұрын аяқтауы мүмкін.

213. Терезелердің, торкөздердің, едендердің, төбенің және камера мүкаммалының сақталуын тексеру және сақтауға тыйым салынған бұйымдарды табу үшін камераларды ішкі техникалық тексеріп қарау мен тінтуді корпус бойынша аға бақылаушы мен резерв тобының бақылаушысы кезекші немесе оның орынбасарының басшылығымен күн сайын серуендеу уақытында немесе тергеу изоляторының бастығы белгілеген уақытта жүргізеді.

Егер тексеріп қарау мен тінту сотталғандарды серуендету кезеңінде жүргізілмесе, камераны тексеріп қарау мен тінту уақытында сотталған одан басқа бос камераға немесе режим корпусының үй-жайына не болмаса күшейтілген күзетпен дәлізге шығарылады.

214. Төтенше жағдай туындағанын байқаған постыдағы бақылаушы немесе әкімшілік өкілі дабыл бергішті қосу арқылы белгі береді не болмаса радио-телефон байланысы арқылы дабыл көтереді. Инженерлік-техникалық күзет құралдарының бақылаушы-операторы дабыл қабылдаған соң, дауыс күшейткіш радиобайланыспен мекеме бойынша дабыл қағады және кезекшіге баяндайды.

215. Кезекші немесе оның орынбасары өзінің түнгі уақыттағы кезекшілік уақытында өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар ұсталатын камералар күзетін кемінде үш реттен тексеруге, тексеру нәтижелері туралы посты ведомосына белгі қоюға міндетті.

216. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға медициналық көмек көрсету ұстау камераларында тікелей жүргізіледі. Сотталғанды медициналық бөлімге ауыстыру тек тергеу изоляторы бастығының немесе оны алмастыратын адамның жазбаша берген нұсқауы бойынша және медициналық шұғыл араласу немесе басқа медициналық көрсеткіштер бойынша кезек күттірмейтін жағдайларда ғана жүргізіледі. Тергеу изоляторының медициналық бөлімінде хирургиялық үстел, стоматологиялық кабинетте кресло, сотталғанның қолын кісендеуге арналған кронштейндермен жабдықталған рентген аппараты болатын арнайы кабинеттер жабдықталады.

Инфекциялық аурумен науқастанған жағдайда, сотталғанға тиісті санитарлық-індетке қарсы шаралар жүргізіліп, камерада жалғыз ұсталады.

217. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды бір камерадан басқа камераға ауыстыру тергеу изоляторы бастығының жазбаша нұсқауымен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
1-қосымша

## Күдіктілер мен айыпталушылардың тергеу изоляторларындағы мінез-құлық ережесі

1. Тергеу изоляторларында ұсталушы күдіктілер мен айыпталушылар:

1) Қазақстан Республикасының Заңында және Ішкі істер министрлігі тергеу изоляторларындағы мінез-құлық ережесінде белгіленген күзетте ұстау тәртібін сақтауға;

2) тергеу изоляторы әкімшілігінің заңды талаптарын орындауға;

3) гигиена және санитария талаптарын орындауға;

4) күнделікті серуенге шығуға (серуеннен босатуды медициналық қызметкердің қорытындысы бойынша тергеу изоляторының бастығы жүзеге асырады);

5) өрт қауіпсіздігі ережесін сақтауға;

6) тергеу изоляторының мүлкіне ұқыпты қарауға;

7) кезекшілік тәртіппен камераларды және басқа да үй-жайларды тазалауға;

8) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, күдіктілер мен айыпталушылардың, сондай-ақ өзге де адамдардың ар-намысын кемсітетін әрекеттер жасамауға;

9) тергеу изоляторының қызметкерлеріне, сондай-ақ қамауда ұстау тәртібін қамтамасыз етуші басқа адамдарға қызметтік міндеттерін атқаруда кедергі келтірмеуге;

10) күн тәртіп ережесін сақтауға;

11) тергеу изоляторының қызметкерлеріне "Сіз" деп тіл қатуға және оларды " азамат" немесе "азаматша" деп және бұдан әрі шеніне немесе лауазымына қарай не "азамат бастық" деп атауға;

12) камераға тергеу изоляторының қызметкерлері кіргенде олардың командамен орнынан тұруға және көрсетілген орында сапқа тұруға;

13) сыртқы келбетін ұқыпты ұстауға;

14) айдауылмен немесе тергеу изоляторының қызметкерлері ілесіп жүргенде қолдарын артына ұстауға;

15) тергеу изоляторы қызметкерлерінің, өзге де лауазымды адамдардың талабы бойынша өзінің аты-жөнін айтуға;

16) тыныштық сақтауға;

17) кезекшілік тәртіппен камера бойынша кезекшілік атқаруы тиіс.

2. Камера бойынша кезекші:

1) камераға тергеу изоляторының қызметкерлері кірген кезде камерада отырған күдіктілер мен айыпталушылардың саны туралы баяндауға;

2) камера мүкәммалының, жабдықтарының және басқа мүлкінің сақталуын бақылауға;

3) камерада ұсталушы адамдар үшін ыдыс алуға және оны тапсыруға;

4) камераның тазалығын бақылауға;

5) камераның еденін сыпыруға және жууы, камераның сантехникалық торабын, серуендеу аяқталысымен серуендеу ауласын тазалауға;

6) ауыз суға арналған ыдысты жууы тиіс.

3. Күдіктілер мен айыпталушылардың:

1) тергеу изоляторының басқа камераларында немесе өзге үй-жайларында ұсталатын адамдармен сөйлесуі, оларға қандай да бір заттарды беруді жүзеге асыруы, тықылмен белгі беруі немесе олармен хат алысуы;

2) сөйлесудің белгіленген тәртібін бұзуы, еркіндікте жүрген немесе бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жүрген адамдарға қандай да бір заттар беруі және олармен хат алысуы;

3) әкімшіліктің рұқсатынсыз камерадан және режимді корпустарының басқа да үй-жайларынан шығуы;

4) тергеу изоляторлары объектілерінің күзет желісін бұзуы;

5) алкогольдік ішімдіктер дайындауы және ішуі, есірткі және психотроптық заттарды пайдалануы;

6) материалдық немесе өзге де табыс табу мақсатында үстелдегі ойындарды ойнауы;

7) өзіне немесе басқа адамдардың денелеріне белгі қондыруы;

8) әкімшіліктің рұқсатынсыз жатын орнын бүркелемеуі және ауыстыруы;

9) қолдан жасалған электр құралдарын пайдалануы;

10) әкімшіліктің рұқсатынсыз электр құралдарын пайдалануы;

11) камерада ашық от жағуы;

12) жануарлар ұстауы;

13) әкімшіліктің рұқсатынсыз сантехника, жарық бергіш және басқа да құралдарды жөндеуі немесе камера жарығын өзгертуі;

14) камерадағы сантехникалық тораптарды ластауы;

15) камераның қабырғасынан тергеу изоляторында отырған күдіктілер мен айыпталушылардың негізгі құқықтары және міндеттері туралы ақпаратты алып тастауы;

16) қабырғаларды, камера мүкаммалын қағазбен, фотосуреттермен, суреттермен, газет және журнал қиындыларымен желімдеуі оларға жазу жазуы немесе суреттер салуы;

17) айқайлауы немесе басқа тәсілмен тыныштықты бұзуы;

18) тергеу изоляторының аумағында қозғалу кезінде саптан шығуы, темекі шегуі, сөйлесуі, камера тесігінен сығалауы, қандай да бір құралды жоғары көтеруі, дабыл қағу тетігін басуы;

19) терезеден бірдеңе тастауы, терезе алдына шығып тұруы, желдеткіштен ұмтылуы, есіктің "қарау тесігіне" жабыса тақалуы, "қарау тесігін" жабуы;

20) жеке пайдалану заттарын сатуы, сыйлауы немесе басқа тәсілмен иеліктен шығаруы мінез-құлық қағидаларының бұзушылығы болып табылады.

Ескертпе:

Әрбір камераның қабырғасында тергеу изоляторында қамауда ұсталатындардың міндеттері мен құқықтары туралы мемлекеттік және ресми қолданылатын тілдерде ақпарат ілініп тұрады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
2-қосымша

нысаны

## Тергеу изоляторын инспекциялайтын адамдардың ескертулері мен ұсыныстары кітабы

___________________________________________

(тергеу изоляторының атауы)

"___" __________ басталды

"___" __________ аяқталды

| № р/с | Күні | Инспекциялайтын адамның лауазымы, атағы, аты-жөні | Ескертулердің мазмұны | Ұсыныстар | Орындау мерзімі | Қабылданған шаралар |
|---|---|---|---|---|---|---|

Ескертпе:

1. Кітап нөмірленген, тігілген, тиісті қолмен бекітілген және сүргішті мөр басылған болуы керек. Кітап тергеу изоляторының бастығында сақталады.
2. Кітап қарау үшін және тергеу изоляторын инспекциялауға құқығы бар адамдарға онда тиісті жазба жазу үшін ұсынылады.
3. Инспекциялаушы кітапқа өзінің құзыретіндегі мәселелер бойынша негізгі ескертулері мен ұсыныстарын енгізеді. Бұл ретте анықталған кемшіліктерді жою мерзімдері көрсетіледі.
4. Тергеу изоляторының бастығы инспекциялаушы адам белгілеген мерзімде кемшіліктердің жойылғаны туралы жоғары тұрған бастыққа баяндауға міндетті.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
3-қосымша

нысаны

Бекітемін

Тергеу изоляторының бастығы

___________________________

(атағы, қолы, тегі)

____ жылғы "___" __________

## Камера бойынша орналастыру жоспары

| Бөлек ұсталады | Камералар № | Камерадағы орын саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |

1. Мыналар:

а) ауыр емес қылмыстарда және бас бостандығынан айыру орындарында бұрын жазаларын өтемеген

б) ауыр қылмыста бұрын жаза өтеу орындарында отырмаған

в) бұрын бас бостандығынан айыру орындарында отырған (қылмыс құрамына байланысты емес) күдікті және айыпталушы ер адамдар

2. Мыналар:

а) бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтемеген (қылмыс құрамына байланысты емес)

б) бұрын бас бостандығынан айыру орындарының жалпы режимдегі түзеу колонияларында жазасын өтеген

в) бұрын қатаң режимдегі ТК жазасын өтегендер (қылмыстың ерекше қауіпті рецидиві кезінде)

г) балалары бар және де жүкті (жүктілігі бес айдан жоғары мерзіммен) күдікті және айыпталушы әйелдер

3. Мыналар:

а) ауыр емес қылмыстарда және бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жаза өтемеген

б) ауыр қылмыстар жасаған

в) бұрын ТК-да жазасын өтеген (қылмыстың құрамына байланысты емес) ер жынысты кәмелетке толмаған күдіктілер мен айыпталушылар

4. Мыналар:

а) жалпы режимдегі ТК

б) қатаң режимдегі ТК

в) шартты сотталғандар

г) тәртіптік батальонға жіберуге жататын сотталған ер адамдар

5. Мыналар:

а) бірінші рет, бұрын бас бостандығынан айыру орындарында ұсталмаған ( жалпы режимдегі ТК)

б) бұрын сотталғандар, бас бостандығынан айыру орындарында ұсталғандар ( жалпы режимдегі ТК)

в) қылмыстың ерекше қауіпті кезінде сотталған

г) баласы бар және жүкті (жүктілігі бес айдан жоғары) сотталған әйелдер

6 Мыналар:

а) жалпы режимдегі

б) бұрын сотталғандар үшін жалпы режимдегі оқшау учаскеде кәмелетке толмаған сотталғандар (жазаны тәрбие колониясында өткізу)

7. бұрын ІІМ, Ұлттық қауіпсіздік комитетінде, прокуратурада, сотта қызмет еткен, сондай-ақ Заңның 32-бабының 2-тармағы 2) тармақшасының алтыншы абзацында көзделген адамдар

8. Сотталған шетелдіктер, күдіктілер мен айыпталушылар және азаматтығы жоқ адамдар

9. Транзитпен айдауылданатын адамдар, күдікті және айыпталушы:

а) ер адамдар

б) әйелдер

в) кәмелетке толмағандар

Бұл адамдар осы Қағиданың 21-тармағын сақтай отырып, бөлек орналастырылады

10. Өлім жазасына және өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар

11. Тергеу изоляторында шаруашылық қызмет көрсету бойынша жұмысқа қалдырылған сотталған

а) ер адамдар

б) әйелдер

12. Карцерде ұсталатындар

13. Аурухана палаталарындағы аурулар

14. Жиынтық бөлімшелерде ұсталатын адамдар.

Жиынтық бөлімше камераларындағы адамдар осы Қағиданың 22-тармағында көзделген тәртіппен орналастырылады.

---

Ескертпе:

1. Ауыр емес (1-тармақтың "а" тармақшасы) қылмыстың жасалуына күдікті не айыпталуы бойынша бірінші рет тартылған адамдар, олар тартылған Қазақстан Республикасы ҚК-нің бабына қарамастан бірге ұсталуы мүмкін. Бұл адамдар қылмыстың құрамы (сипаты) жөнінен камера бойынша орналастырылуы да мүмкін.

2. Бұрын бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтемеген қатаң қылмыс бойынша айыпталушылар (1-тармақтың "б" тармақшасы) және ерекше

қауіпті қылмыстарға айыпталушылар ережеге сәйкес бір бірінен бөлек және күзетке алынғандардың санаты бойынша орналастырылады.

3. Камера бойынша орналастыру жоспары кезекші, жедел, режим бөлімдерінде, арнайы бөлімдерде және тергеу изоляторының басшылығында болуы тиіс.

Тергеу изоляторы бастығының орынбасары ________________________

**(атағы, қолы, тегі)**
**Қазақстан Республикасының**
**Ішкі істер министрлігі**
**Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті**
**тергеу изоляторларының**
**ішкі тәртіп қағидасына**
**4-қосымшаfi0Жалпы камералардың сипаттамасы**

Күдіктілер мен айыпталушылар ұсталатын камералардың құрылысы сыртқы қоршаған ортадан және біріккен бөлмелерден сенімді оқшаулануы қамтамасыз етілуі тиіс. Камералардың жоспарлану нысаны есіктің "көзшесі" арқылы неғұрлым жақсы көрілуін қамтамасыз етуі тиіс.

Камералардың есігі көлемі 90х200 сантиметр (бұдан әрі - см.) екі жақты болады. Еден деңгейінен 95 см. биіктікте 18х22 см тамақ үлестіруге арналған терезе орналасуы тиіс. Жалпы камераларды көлемі 1,88х0,65 метр жоспарында қос қатарлы кереуеттермен, бір адамға 0,4 метр үстел периметрінің есебіндегі үстелдермен және ағаш отырғыштармен 1 ұзына бойы метрге 5 орын есебіндегі киім ілуге арналған шкафпен жабдықталуы керек. Камералардың барлық жабдықтарын еденге қағу керек.

Әр камерада қолжуғыштан және унитаздан тұратын санитариялық торап жабдықталады. Санитариялық торап бөлгішпен бөлініп тұрады. Терезенің ішкі жағынан терезе тесігіне қол жеткізуді болдырмайтын қабырғадан 25х30 см. бері шығып тұратын тор қойылуы тиіс. Барлық камераларға боялған еден салу керек.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
5-қосымша

нысаны
Санкциялаймын ________________
Прокурор _____________________
(тегі, қолы)

"__"_________________________

**Қылмыс жасағаны үшін күдіктілер мен айыпталушылар қамауға алынғанда ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы тәртібінде күдіктілерді, айыпталушыларды бір адамдық камераға ауыстыру туралы қаулы**

Күдікті, айыпталушы ___________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты)

____________________________________________________________________

(бір адамдық камерада ұстауға негіз болған

____________________________________________________________________

анықтамалар мазмұндалады)

____________________________________________________________________

Қаулы етті:
Күдікті, айыпталушы ___________________________________________
(тегі, аты, әкесінің аты)
одан әрі бір адамдық камераға ауыстырылсын.
Тергеу изоляторының бастығы ___________________________________
(атағы, қолы, тегі)
"____" _______________________

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
6-қосымша

**Күдіктілер мен айыпталушылар өзімен бірге ұстауға, сақтауға болатын, сәлемдememен сәлем-сауқатпен және қолма-қол ақшасыз есептесу арқылы сатып алатын азық-түліктің, бірінші кезектегі қажет заттардың, аяқ киімдердің және басқа да өнеркәсіп тауарларының тізбесі**

Күдіктілер мен айыпталушылар өзімен бірге ұстауға, сақтауға болатын, сәлемдемемен, сәлем-сауқатпен және қолма-қол ақшасыз төлем арқылы ала алатын заттар:

1) жылытуды қажет ететін, тез бұзылатын азық-түліктен, сондай-ақ ашытқыдан, алкоголь ішімдіктерінен және сырадан басқа азық-түлік. Азық-түліктің тізімі санитарлық-эпидемиологиялық қызметтің ұйғарымы бойынша шектелуі мүмкін. Күдікті мен айыпталушының өзімен бірге сақтай алатын азық-түліктің, бірінші қажетті бұйымдардың, аяқ-киімінің, киімінің және басқа да өнеркәсіптік тауарлардың жалпы салмағы 35 килограмнан аспауы тиіс, сонымен қатар кофе мен шәй 2 кг аспауы тиіс;

2) темекі бұйымдары, шырпылар (темеекі бұйымдары 2 кг ал, темекі 20 қораптан аспауы тиіс);

3) белдіксіз, галстуксіз, тартпасыз киімдердің бір жиынтығы (оның ішінде белгіленген үлгідегі) сондай-ақ бас киім, жыл мезгіліне сай аяқ киім (темір табансыз, темір жапсырмасыз);

4) бір жиынтық спорт костюмі немесе әйелдердің үйге киетін халаты ( белгіленген үлгідегі киім алған күдіктілер мен айыпталушылардан басқа);

5) ішкі киім;

6) носкилер;

7) шұлықтар немесе колготкалар (әйелдер үшін);

8) перчаткалар немесе қолғаптар;

9) бет орамалы;

10) бөлме аяқ киімдері немесе спорттық аяқ киімдер (бір жұп);

11) жуыну құралдары (шаруашылық сабыны, бет сабыны, сұйық сабын немесе шампунь (тергеу изоляторы дәрігерінің тағайындауымен) тіс пастасы, тіс щеткасы, сабынға және тіс щеткасына арналған пластмасса қораптар, крем, тарақ , тарауыш);

12) қалта айнасы (камерада айна болмаған жағдайда), электрлік немесе механикалық ұстара, біржолғы пайдаланылатын қауіпсіз ұстара;

13) заттарға арналған қап немесе сөмке;

14) көзәйнек және көзәйнекке арналған қорап;

15) бас орамалдар, рейтуздар, белдіктер, бюстгальтерлер, шаш түйгіштер, мақта, гигиеналық және косметикалық заттар, пластмасса бигудилер (әйелдер үшін);

16) балдақтар, ағаш таяқтар, протездер (дәрігердің рұқсатымен);

17) зауытта жасалған тұрмыстық электр қайнатқыш;

18) жөке немесе ысқыш;

19) шарикті қалам, оның стержені (қара сия, көк түсті) жәй қарындаш;

20) хат жазатын қағаз, оқушы дәптерлері, пошта конверттері, открыткалар, пошта маркалары;

21) тергеу изоляторының дүкенінен (ларегінен) сатып алынған дәретхана қағаздары;

22) мойынға асынатын немесе қалтаға салып жүретін дінге табыну заттары;

23) төсек жабдықтарының бір жиынтығы (екі жайма және жастық тысы);

24) тергеу изоляторының кітапханасынан немесе әкімшілік арқылы сауда нүктелерінен сатып алынған көркем және басқа да әдебиеттер, сондай-ақ мерзімді басылымдар;

25) фотосуреттер екіден аспауы керек;

26) стол ойындары (дойбылар, шахматтар, домино, нардтар);

27) бала күтуге арналған заттар (дәрігердің рұқсатымен қолында үш жасқа дейінгі баласы бар әйелдер);

28) тергеу изоляторының дәрігері тағайындаған дәрі-дәрмектер.

Күдіктілерге және айыпталушыларға жоғарыда аталғандардан басқа қылмыстық іске немесе олардың құқықтары мен заңды талаптарына байланысты мәселелерге қатысы бар құжаттарды және қолжазбаларды, сондай-ақ пошталық тасымалдау бланкілерін, сақтауға тапсырылған ақшаның түбіртегін, бағалы заттарды, құжаттарды және басқа заттарды өзімен бірге ұстауға және сақтауға рұқсат етіледі.

Осы тізбеде көзделген заттар және құралдар тыйым салынған заттар болып табылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
7-қосымша

нысаны

## Акт

Біз төменде қол қойған комиссия құрамында ______________________
(лауазымы, атағы, тегі, аты-жөні, әкесінің аты)
күдіктілерден, айыпталушылардан ______________________________________
_
(сақтауға алдық) жүргіздік (тегі, аты-жөні, әкесінің аты)
Қазақстан Республикасының "Қылмыс жасағаны үшін күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау шарты және тәртібі туралы" Заңының 33-бабына сәйкес (______) __________________________ сома ақша, бағалы ________________________________________________ азық-түліктер алдық.
Барлығы берілгені: _______ бағалы заттардың атауы, ______ ақша,
Азық-түліктің, заттардың атауы ________________________________________
(саны)
бердім: ___________________ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы)

қабылдадым: ____________________ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы)
қатысқандар: ___________________ (тегі, аты-жөні, әкесінің аты, қолы)
20___ жылғы "___" ________

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
8-қосымша

## Қосымша ақылы қызмет көрсету тәртібінің тізімі

1. Заңның 25-бабына сәйкес, тергеу изоляторының әкімшілігі күдіктенушілер мен айыпталушыларға келесідей ақылы қосымша тұрмыстық, медициналық сауықтыру және өзгеде көмек көрсету түрлері:

1) бөлек емдеу түрлері;

2) арнайы денсаулық органдары дәрігерлерінің кеңесі;

3) кір жуу және киим кешекке жөндеу жасау;

4) аяқ киім жөндеу;

5) шашты сәндеп қысқарту, шашты сәндеу;

6) тергеу изоляторы жеке құрамына асханасына ас алдыру;

7) тоңазтқыш, теледидар, радиотыңдағыш, электроқайнатқыштар, электроқысқартқыш құралдарын уақытша пайдалануға беру;

8) заңгер кеңесі;

9) мекемеде ұсталынатын тұлғаның жеке ісіндегі құжаттардың көшірмелерін түсіруге;

10) азаматтарға берілетін азық-түлік және өндірістік заттарды рәсімдеу үшін бланкілерді сату;

11) тұрмыстық жағдай жасалған камераларды ұсыну.

2. күдіктенушілер мен айыпталушыларға тергеу изоляторы қызметкерлері мен қоса осы мақсатта жәрдем беруге тартылған мамандар, арнайы дайындыққа сәйкес және лицензия барлар қосымша ақылы қызметтік көмек көрсете алады.

3. Күдіктенушілер мен айыпталушылар қосымша ақылы қызметтік көмек алу үшін тергеу изоляторының бастығының атына өзінің есеп шотынан ақылы ақша шешу үшін өтініш жазады, Тергеу изоляторының жауапты маманы айыпталушы мен күдіктенушінің есеп-шотында тиісті қаражат бар екенін тексереді және өтінішіне белгі қояды, содан соң тергеу изоляторының бастығы осы өтініш бойынша шешім қабылдайды.

4. Көрсетілген қызметке төлемақы жергілікті бағаларға сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
9-қосымша

нысаны

Жеке есепшотында _____ теңге № ____ камера түбір. ____________
________ тиын бар. _________________________________
(күзетке алынғанның тегі, аты,
әкесінің аты)
Бухгалтер __________________
"__" ___________________ жыл

## Өтініш

Төмендегі азық-түлікті және бірінші кезекте қажет заттарды алуларыңызды сұраймын:

| № р/с | Азық-түліктің немесе заттардың атауы | Қанша алуға болады | Жіберілген саны (салмағы ) | Бағасы (теңге) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Барлығы:
Ескертпе: Күзетке алынған тек қана 2 және 3 бағандар толтыру керек.
Күдіктінің немесе айыпталушының қолы __________________________
_______________ теңгеге азық-түлікті және бірінші қажет
(жазба жазумен)
заттарды алғандығы туралы қол қою.
Бұл бағаны менің жеке шотымнан алуларыңызды сұраймын
_____________________________________________________
(күдіктінің немесе айыпталушының қолы)
______ жылғы "___" __________

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
10-қосымша

## Сәлем-сауқатты қабылдау бөлмесіндегі жиһаздың және құрал-саймандардың тізбесі

1. Сәлем-сауқатты тексеруге арналған үстел;
2. Сәлем-сауқатты қоюға арналған сөрелер;

3. Тара, камераларға сәлем-сауқатты жеткізуге арналған себеттер, сөмкелер;

4. Тоңазытқыш;

5. Қажетті көлемдегі пышақтар, қасықтар, ыдыс-аяқтар және осыған тиістілер
;

6. Қолжуғыш, айна, сабын, орамал;

7. Кір тасы бар таразы;

8. Бақылаушыларға арналған ақ халаттар және бас киімдер.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
11-қосымша

нысаны

## Өтініш

Азамат _______________________________________________________
(тегі, аты-жөні, әкесінің аты)
__________________________________ мекенжай бойынша тұратын
(тұратын жерінің мекен-жайы)
Сотталған _____________________________________________________
(тегі, аты-жөні, әкесінің аты)

_________________________________
(туған жылы)
Азық-түлік сәлем-сауқаттың (заттардың) тізімі:

| № р/с | Азық-түліктердің немесе заттардың атауы | Салмағы (кг.,г.) | Саны | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

Өтініш берушінің қолы _____________________
______ жылғы "___"
Сәлем-сауқатты қабылдадым _________________________________________
__
(сәлем-сауқатты қабылдаған қызметкердің қолы)
Сәлем-сауқатты алдым ______________________________________________
__
сәлем-сауқатты алған күдіктінің немесе айыпталушының қолы)
______ жылғы "___" __________

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
12-қосымша

## Азық-түлік және заттық сәлемдеме мен сәлем-сауқатты тексеру тәртібі

1. Нан тағамдары (бөлкелер, батондар, және т.б.) екі, үш бөлікке бөлінеді.
2. Сұйық тамақтар тергеу изоляторының ыдысына құйылады.
3. Консервілер ашылады да және басқа ыдысқа салынады.
4. Балық екі, үш бөлікке бөлінеді.
5. Шұжық тағамдары бірнеше бөліктерге бөлінеді.
6. Шашылғыш заттар (махорка, қант) қайта салынады.
7. Кәмпиттер орамсыз қабылданады.
8. Хат алмасуды және тыйым салынған заттарды пайдалануға мүмкіншілігі бар барлық басқа да тамақтар осы тәртіппен тексерілуі керек. Бұл азық-түліктер өзінің сапасын жоғалтпайтындай етіліп орындалуы керек.
9. Заттар және бұйымдар да осы тәртіппен тексерілуі керек.

Қажет болған жағдайда іздестіру құралдары пайдаланылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
13-қосымша

## Серуендеу аулаларының сипаттамасы

Серуендеу аулаларын әдеттегідей режимдік корпустың жоғарғы қабаттарында орналастыру қажет. Мүмкіндік болмаған жағдайда олар режимдік аулада орналасуы керек және басқа да жерасты және жерүсті жолдар корпустарымен бірлесіп немесе оларға толықтай жабысып тұру керек.

Серуенге шығатын әр сотталғанға 2,5-3 шаршы метр (бұдан әрі - м. серуендеу ауласы. Серуендеу ауласының ең аз көлемі - 12 м) келуі керек.

Серуендеу ауласының үстіңгі жағында металды жиек жапсырылады, ұяшығы 17x17 сантиметр металды торлар құйылады ұяшығы 5x5 сантиметрден аспайтын "Рабица" типтес металл тор бекітіледі.

Серуендеу ауласының ішкі қабырғалары бар қоспамен қаланады. Серуендеу ауласының есігі камера типтес жабдықталады, бірақ желдеткізне терезесінсіз. Серуендеу ауласының әрбір орталарында еденге жақсы жапсырылған

орындықтар қойылады. Серуендеу аулаларының үстіңгі жағында бақылаушыларға қарама-қарсы жерде жалпақтығы 1, 2 метрдей жеңіл шымылдықтар ілінеді.

Серуендеу аулаларынан міндетті түрде су өткелі қамтамасыз етілуі керек.

Ауруларға, балалары бар әйелдерге және жүкті әйелдерге арналған серуендеу аулаларын салуға немесе шөп, гүл егуге рұқсат етіледі. Балалар үшін құмдағыштар орнатылады.

Серуендеу аулаларының үстіңгі жағында серуенде жүрген сотталғандарды әр уақытта бақылаушы қадағалау үшін бұғаз орнатылады. Бақылаушының постында күзет-дабыл құралдарымен немесе кезекшімен байланыс үшін телефон розеткалары орнатылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
14-қосымша

нысаны
№ _____
тергеу изоляторының бастығына

**Туыстарымен және өзге де адамдармен**
**КЕЗДЕСУГЕ РҰҚСАТ ҚАҒАЗЫ**

Азамат ___________________________ Қазақстан Республикасы ҚК-нің
(тегі, аты, әкесінің аты)
___ бабында көзделген қылмысты жасағаны үшін жазаға тартылған, 19__ жылғы "__" ______ туған, ______________________________________________

_______________________________________________________________
тіркелген
(қылмыстық процесс жүргізуші орган атауы)
_________________________ -мен кездесуге рұқсат етілгенін хабарлаймыз.
(қамауда ұсталушы адамның
тегі, аты, әкесінің аты)
____________________________________________________ қолы ____________
__
(қылмыстық іс жүргізуінде болатын адамның
лауазымы, аты-жөні)
"___"_____________
КЕЛІСЕМІН

_____________________________________________________ қолы ____________
__
(қылмыстық іс жүргізетін орган
басшысының лауазымы, аты-жөні)
"___" ______________
М.О.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
15-қосымша

## Кездесу өткізуге арналған бөлмелерді жабдықтау

Кездесу өткізу бөлмесінде сөйлесу құралдары бар кабиналар орналастырылады.

Әрбір кабина жалпақтығы 80 сантиметр (бұдан әрі - см) және ұзындығы 1 метр металды каркастан, щиттік элементтерден және орындықтардан құрылуы мүмкін. Кездесуге екі туысқан балаларымен келген жағдай үшін 2-3 кабиналар 140 см. орналастырылады. Барлық кабиналар бір-бірінің арасында еденнен төбеге дейін бөлгішпен бөлінуі тиіс. Кабинаның каркасы және орындықтар бұрыштық және жапырақтық құрыштан құйылады. Кабиналар арасындағы бөлгіштердің ұзындығы 80 см. орналастырылады, ал одан жоғары олар органикалық шыныдан жасалады. Туыстар мен сотталғандар арасындағы бөлгіштерде екі жағы шыныдан жасалған декоративті металды тормен бекітіледі. Келушілерге арналған кабиналар жеңіл жабылғышы жоқ есіктермен жабдықталады.

Кабиналардың шығу блогында естуге, ескерту және сөйлесуді бұзу үшін бақылаушыларға арналған орынмен жабдықталады. Кабиналардың саны 10-нан асқан болса бақылаушылардың орыны кабина блогының ортасында металл тормен жабдықталады. Бақылаушының жұмыс орынының көлемі міндетті түрде 4 кв. метр болуы керек.

Қысқа мерзімді кездесу бөлмелері терезенің саны бойынша шымылдықтармен, суы бар графинмен және стақанмен (келушілерге арналған), қабырға сағаттарымен және бақылаушы үстеліндегі күзет-дабыл белгі бергіштермен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті

тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
16-қосымша

нысаны

## Күдіктілер мен айыпталушыларды карцерге орналастыру туралы қаулы

Күдікті мен айыпталушы ___________________________________________
(тегі, аты-жөні, әкесінің аты,
туған жылы)

_____________________________________________________________________
___

_____________________________________________ режимді бұзуға жол берді
(уақыты, бұзушылықтың түрі және мінезі)
"Қылмыс жасағаны үшін күдіктілер мен айыпталушыларды қамауда ұстау шарты және тәртібі туралы" Заңның 39-бабын басшылыққа алып
Қаулы етті:
Режимді қатаң бұзғаны үшін сезікті мен айыпталушы

_____________________________________________________________________
___

(тегі, аты-жөні, әкесінің аты)
_____________________________________________ күнге карцерге жабылсын
.

№ _________ Тергеу изоляторының бастығы _____________________
(атағы, тегі, қолы)
Қаулы маған жарияланды ___жылғы "___" ______ ___________________
(сотталғанның
қолы)
Қаулыны жариялады _______________________________________________
(тегі, атағы, қолы)
(келесі беті)
_______________________________________________ тінту жүргізілді
(тінту жүргізген адамның қолы)
Берілген жазаны орындағаны туралы белгілер.
Карцерге ___жылғы "___" сағ. "___" "___" минутта жіберілді.
Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі

_______________________________________________________________

(қолы)
Карцерден ___жылғы "___" сағ. "___" "___" минутта босатылды.

Тергеу изоляторы бастығының кезекші көмекшісі

_______________________________________________________

(қолы)

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
17-қосымша
нысаны

## Күдіктілер мен айыпталушылардың жазалары мен марапатталуын есепке алу кітабы

"___" _________________ басталды
"___" _________________ аяқталды

## 1 бөлім
## Жазалауға жататын адамдарды есепке алу

| № р/с | Т.А.Ә. | Жазаны не үшін салынған | Жазаның түрі | Жаза кіммен және қашан салынған | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|

## 2 бөлім
## Әкімшілік марапаттаған адамдарды есепке алу

| № п/п | Т.А.Ә. | Марапаттау не үшін берілді | Марапаттаудың түрі | Кіммен және қашан марапатталды | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
18-қосымша

## Карцердің сипаттамасы

Карцер, бір адамның отыруына арналған арнайы жабдықталған камералық бөлме. Едені ағаштан жасалған, мықты. Есік түрмелік құлыпты камерлік типтес түрмелік құлыппен.

Онда "көзше" қарағышпен, тамақ беруге арналған желдеткішпен жабдықталады, ол сыртқы жағынан вагон типтес құлыппен бекітіледі.

Карцердің 0,5-0,5 метрдей металды торы бар және сыртқы жағынан қалқан-жалюзі бар терезесі болуы керек. Ішкі жағынан терезе сеткамен шектеледі. Электрлі лампа есік үстінде нишада немесе төбеде бекітіледі және металды сеткамен шектеледі.

Карцерде:

1. Тұрғаннан жатқанға дейінгі мерзімде көтеріліп, бекітілетін қабырғаға жапсырылып тұратын, ағаштан жасалған жататын орны бар металл кереует.

2. Еденге немесе қабырғаға жапсырылған стол және орындық.

3. Санитариялық торап орнатылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
19-қосымша

## Тергеу изоляторының өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған камерасын жабдықтау сипаттамасы

1. Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарды ұстауға арналған камералар санитарлық тораппен және қол жуғышпен жабдықталады. Камерада берік темір керует, қабырғаға немесе еденге нық бекітілген металл немесе ағаш үстел мен орындық қойылады.

2. Камера терезесі берік металл тормен жабдықталады. Терезелерге ішкі жағынан терезе торына кіруден қорғайтын "рабица" түріндегі жиі металл тор ілінеді, ал терезенің сыртқы жағынан камераға табиғи жарық түсуіне кедергі келтірмейтін оқшаулаушы металл қақпал - жалюзи орнатылады.

3. Камера есіктері ішкі жағынан темірмен оратылады. Есіктер камераға тамақ пен өзге де заттарды енгізуге арналған "шағын терезе‌мен" және желдеткішпен жабдықталады.

4. Камера есіктеріне арнаулы үлгідегі екі құлып салынады. Олардың біреуі осы посттың камера есігіндегі құлыпқа ұқсас, екіншісі - басқаша жасалған, оған тергеу изоляторындағы камераның және басқа құлыптардың кілттері келмейді. Есікті кезекші әмірінен кейін ғана ашуға мүмкіндік беретін қосымша электрлі тосқауыл немесе камера есіктеріндегі белгі беру (сигнализация) тергеу изоляторының кезекші бөлімінің пультіне жалғанып орнатылады.

5. Камера желдеткіштерінің құлыптары басқа құлыптарға сәйкес келмейтін кілттермен жабдықталады.

6. Электр сымдары жасырын болуы тиіс. Электрлі шам есіктің үстіңгі қуысына орнатылады және сотталғанның оған жетуін болдырмайтын сақтандырғыш тор болуы тиіс.

7. Камераның едендері ағаштан жасалуы тиіс.

8. Егер тергеу изоляторы орналасқан елді мекендегі құбыр суын ішуге рұқсат етілмесе, камераға қайнаған су құйылған ыдыс беріледі.

9. Азық-түлік пен гигиеналық бұйымдарды сақтау үшін қабырғаға қуыс, не болмаса еденге немесе қабырғаға бекітілген шағын шкаф жасалынады.

10. Камераға радио желісі тартылады. Радиоқабылдағыш жабық қуысқа қойылады.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
20-қосымша

## Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға арналған белгіленген киім нысанының сипаттамасы

Белгіленген үлгідегі киім (қара немесе көк түсті) үш жолағы бар, әрбір ені 3 см ақ түсті матадан жасалған, шалбар балағы мен күрте жеңінің етегінен көлденеңі 2 см арқылы тігілген. Күртенің және сыртқы жылы киімнің жоғарғы артқы жағына трафаретпен "ӨБА" немесе "ӨЖ" деген жазу жазылады, әріптердің өлшемі 15х8 см. Іш киім мақта-мата матасынан жасалады. Камерада сотталғандар металлсыз жұмсақ бөлме аяккиімін киіп жүреді.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
21-қосымша

## Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға өздерімен бірге және камераларда ұстауға рұқсат етілген бұйымдардың, заттардың және азық-түліктің тізбесі

1. Төсек жабдықтары:

Матрац - 1 дана, көрпе - 1 дана, жайма - 2 дана, жастық - 1 дана, тыс - 1 дана, орамал - 2 дана (әрқайсысы 50 см-ден аспау керек)

2. Жеке гигиена бұйымдары:

Тіс пастасы (пластмасса ыдыста) - 1 дана, тіс щеткасы - 1 дана, электрлі ұстара - 1 дана; сабын, губкадан жасалған ысқыш (монша үй-жайында, камера

сыртынан бекітілген ұяшықта болады), бір реттік ұстара қырғыш (постыдағы кезекшінің бақылаумен моншаға түскен кезде беріледі).

3. Киім:

Тергеу изоляторы беретін киімнің, іш киімнің және аяқ киімнің бір жиынтығы, бет орамалдар. Тергеу изоляторының шағын дүкендерінен алынған бөлмелік немесе спорттық аяқ киімдер.

4. Көзілдірік, ал дәрігердің рұқсаты бойынша балдақтар (протездер).

5. Жазу құралдары:

жазу қағазы (металл скрепкасыз), хаттар, фотосуреттер, конверттер, маркалар , пластмасса корпустағы көк түсті пастасы бар автоқалам, қарындаш, қылмыстық іске қатысы бар құжаттар мен жазбалар; тапсырған ақшаға, құнды заттарға және киімдерге берілген түбіртектер.

6. Темекі заттары, сіріңке, темекі шегу қағазы.

7. Ыдыс-аяқ:

пласмасса тарелке (тамақ қабылдау уақытында беріледі); пластмасса немесе ағаш бокал мен қасық (камерада болады).

8. Тергеу изоляторының шағын дүкендерінде ӨЖ-ға немесе ӨБА-ға сотталғандарға сатуға рұқсат етілген азық-түлік.

9. Басқа да жабдықтар:

Ине-жіп (белгілі бір уақытқа корпус басшысына беріледі), үстел ойындары шахмат, шашки, домино (картоннан жасалған), қымбат емес металдан жасалған мінажат ету заттары.

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі
Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті
тергеу изоляторларының
ішкі тәртіп қағидасына
22-қосымша

## Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандарға өзімен бірге камерада рұқсат етілген азық-түлік пен бірінші қажеттегі бұйымдардың тізбесі

Азық-түлік:

1. нан өнімдері, печенье, галеттер;
2. майшабақ;
3. консервілер, балық консервісі, өсімдік майы, жеміс-жидектер, көкөніс;
4. майлар, сары май, маргарин, май;
5. ірімшік;
6. шұжық өнімдері (кептірілген және жартылай кептірілген);
7. қант, кәмпит, карамель, повидло, джем;

8. жеміс-жидек;

9. көкөніс;

10. темекі бұйымдары, сіріңке;

Бірінші қажеттегі бұйымдар:

1) мәйкі, трусы, бет орамал, шұлық бұйымдары, бөлмелік немесе спорттық аяқ киім;

2) кір сабын және иіс сабын, тіс пастасы (пластмасса ыдыста), тіс щеткасы, тарақ;

3) қағаз, пошта конверттері, маркалар, қарындаш, пластмасса корпустағы көк түсті пастасы бар автоқалам.

Ескерту: Өлім жазасына немесе өмір бойы бас бостандығынан айыруға сотталғандар алатын бандерольдар құрамына құрғақ азық-түлік, сондай-ақ осы тізбеде тізілген бірінші қажеттегі бұйымдар ғана кіре алады.

Алынған азық-түлікті камераға беру алдында оларды кездесу және табыстау бөлмелерінің бақылаушылары тексереді.

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2012 жылғы 29 наурыздағы
№ 182 бұйрығына
7-қосымша

## Қазақстан Республикасы Әділет министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі

1. "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1720 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылғы № 7-8, 542-құжат болып жарияланған).

2. "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2002 жылғы 20 карашадағы № 167 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2083 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2003 жылғы № 4, 784 құжат болып жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы № 154 бұйрығы "№ 2878 болып тіркелген түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп

ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығы №1720 тіркелген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылғы №25-28, 940 құжат болып жарияланған).

4. "№ 1720 болып тіркелген "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 8 маусымдағы № 173 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2904 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылғы № 25-28, 943-құжат болып жарияланған).

5. "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 2 қазандағы № 273 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4994 болып тіркелген, " Юридическая газета" газетінің 2007 жылғы 30 қарашадағы № 184 (1387) санында жарияланған).

6. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2009 жылғы 29 маусымдағы № 78 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5722 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2009 жылғы 31 шілдедегі, № 115 (1712), "Заң газеті" газетінің 2009 жылғы 31 шілдедегі, № 115 (1538), Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері бюллетенінде 2009 жылғы № 9 № 354, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағында 2009 жылғы № 8 сандарында жарияланған).

7. "Түзеу мекемелерінің ішкі тәртіп ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 148 бұйрығына толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 269 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6608 болып тіркелді, "Казахстанская правда" газетінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 331 (

26392), "Официальная газета" газетінің 2010 жылғы 17 желтоқсандағы № 15 (521 ), "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 30 қарашадағы № 506-512 (26355) сандарында жарияланған).

8. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 268 бұйрығының 1-тармақ 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6582 болып тіркелген).

9. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармақ 2) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6745 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 15 ақпандағы № 46-47 (26449), Қазақстан Республикасының орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағының 2011 жылғы № 7 сандарында жарияланған).

10. Қазақстан Республикасы әділет министрлігі түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 154 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1723 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылғы № 9-10, 544-құжат болып жарияланған).

11. "№ 1723 болып тіркелген "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелеріне ұсталатын адамдарды қадағалау мен күзетуді ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 154 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 27 мамырдағы № 155 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2879 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2004 жылғы № 25-28, 941-құжат болып жарияланған).

12. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі түзеу мекемелерінде ұсталатын адамдарды қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2001 жылғы 11 желтоқсандағы № 154 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 21 маусымдағы № 182 бұйрығы (

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4313 болып тіркелген, "Заң газеті" газетінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі № 174 (1154) санында жарияланған).

13. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 327 бұйрығының 1-тармағы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5064 болып тіркелген, Қазақстан Республикасының Орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының актілер жинағы № 1, 2008 жылғы 27 наурыздағы, " Заң газеті" газетінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы № 12 (1412) сандарында жарияланған).

14. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің м.а. 2010 жылы 27 қыркүйектегі № 268 бұйрығының 1-тармақ 4) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6582 болып тіркелген, 2010 жылғы 4 қарашадағы "Казахстанская правда" газетінің № 292 (26353), 2010 жылғы 12 қарашадағы "Официальная газета" газетінің №46 (516), "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 6 қарашадағы № 459-46а (26303).

15. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармақ 4) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6745 болып тіркелген, 2011 жылғы 01 наурыздағы "Казахстанская правда" газетінің № 74-75 (2695-26496), " Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 15 ақпандағы № 46-47 (26449) жарияланған. 2011 жылғы № 7 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер жиынтығында) .

16. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің түзеу мекемелерінде айрықша жағдайлар режимін қолданысқа енгізу туралы нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2003 жылғы 10 маусымдағы № 110 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2565 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2003 жылғы № 43-48 , 893-құжат болып жарияланған).

17. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармақ 5) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6745 болып тіркелген, 2011 жылғы 01 наурыздағы "Казахстанская правда" газетінің № 74-75 (2695-26496), " Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 15 ақпандағы № 46-47 (26449) жарияланған. 2011 жылғы № 7 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және

өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер жиынтығында)
.

18. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына қоныс-колонияларының қызметін ұйымдастыру мәселелері бойынша толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 24 тамыздағы № 240 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3061 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де орталық мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер бюллетенінде 2002 жылғы № 7-8, 542-құжат болып жарияланған).

19. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына қылмыстық-атқару жүйесі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 12 мамырдағы № 128 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3655 болып тіркелген).

20. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2005 жылғы 29 желтоқсандағы № 345 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4053 болып тіркелген, " Юридическая газета" газетінің 2006 жылғы 24 ақпандағы № 33-34 санында жарияланған).

21. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 25 ақпандағы № 66 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6114 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 41 (1837), "Заң газеті" газетінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 41 (1663) сандарында жарияланған).

22. "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2010 жылғы 26 қазандағы № 292 бұйрығы ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6601 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 10 қарашадағы № 469-477 ( 26320) санында жарияланған).

23. "Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің тергеу изоляторында ұсталатын адамдарды күзету мен қадағалауды ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы № 244 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3064 болып тіркелген).

24."Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына тергеу изоляторлары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2006 жылғы 9 маусымдағы № 175 бұйрығының 2-тармағы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4262 болып тіркелген).

25. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармақ 7) тармақшасы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6745 болып тіркелген, 2011 жылғы 01 наурыздағы "Казахстанская правда" газетінің № 74-75 (2695-26496), " Егемен Қазақстан" газетінің 2011 жылғы 15 ақпандағы № 46-47 (26449) жарияланған. 2011 жылғы № 7 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер жиынтығында) .

26. "Қазақстан Республикасы Әділет министрі Қылмыстық-атқару жүйесі комитеті тергеу изоляторының ішкі тәртіп ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің міндетін атқарушының 2004 жылғы 27 тамыздағы № 245 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3062 болып тіркелген).

27. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2006 жылғы 9 маусымдағы № 175 бұйрығының 3-тармағы "Қазақстан Республикасы тергеу изоляторының іс-әрекеті туралы кейбір бұйрықтарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4262 болып тіркелген).

28. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2007 жылғы 5 желтоқсандағы № 327 бұйрығының 2-тармағы "Қазақстан Республикасының кейбір бұйрықтарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5064 болып тіркелген. 2008 жылғы 25 қаңтардағы "Юридическая газета" газетінің № 12 (1412) санында жарияланған, 2008 жылдың 27 наурыздағы № 1 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер жиынтығында).

29. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010 жылғы 27 қыркүйектегі № 268 бұйрығының 1-тармақ 5) тармақшасы "Қазақстан Республикасының кейбір бұйрықтарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар " (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №6582 болып тіркелген. 2010 жылғы 4 қарашадағы "Казахстанская правда" газетінің № 292 ( 26353) санында 2010 жылғы 12 қарашадағы "Официальная газета" №46 (516) санында, 2010 жылғы 6 қарашадағы "Егемен Қазақстан" газетінің № 459-460 ( 26303) санында жарияланған.

30. "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 2010 жылғы 22 желтоқсандағы № 341 бұйрығының 1-тармақ 9) тармақшасы "Қазақстан Республикасы Әділет министрінің кейбір бұйрықтарына енгізілген өзгертулер мен толықтырулар" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6582 болып тіркелген. 2010 жылғы 04 қарашадағы "Казахстанская правда" газетінің № 74-75 (26495-26496) санында, 2011 жылғы 15 ақпандағы " Егемен Қазақстан" газетінінің № 46-47 (26449) санында жарияланған, 2011 жылы №7 Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілер жиынтығында).

31. "Жазаны орындау мекемелеріне, тергеу изоляторларына келіп-кету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 28 маусымдағы № 194 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6335 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2010 жылғы 24 тамыздағы № 342-343 (26186), "Казахстанская правда" газетінің 2010 жылғы 18 қыркүйектегі № 246-247 (26307-26308) сандарында жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК